

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

---

**5**


**МАЙ**

**1960**

**АЛМАТЫ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ







# Қазақстан КОММУНИСІ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 5

М А Й

1960

## М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Міндеттемені мінсіз орындайық . . . . .	3
Ш. ЧОКИН — Елді электрлендіру жөніндегі лениндік идеяның жүзеге асуы . . . . .	10
С. ИМАШЕВ — Партияның қолқанаты . . . . .	16
Қ. САҒЫНДЫҚОВ — Радио мен телевидение — бұқараны тәрбиелеу құралы . . . . .	22
С. АХМЕТОВ — Советтердің күші — бұқарамен тығыз байланыста . . . . .	28
Қ. СҰЛТАНОВ — Жұртшылық — жарасты тұрмыстың қожасы . . . . .	32
Т. ЫДЫРЫСОВ — Замандас тұлғасын жасау — биік мұрат . . . . .	37

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

А. ҮКІБАЕВ — Міндеттемені орындау ардақты борыш . . . . .	42
О. СҰЛТАНҒАЛИЕВ — Партия насихаты өмірге орайлас жүргізіледі . . . . .	46

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

Ғ. ШОЛАНОВ — Индустриялы Қазақстан . . . . .	51
--	----

## ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ

А. МАЛКОВ — Бүгінгі Чехословакия . . . . .	57
--	----

## ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Қ. ӘЛИАСҚАРОВ — Жетіжылдықтың алып құрылысында . . . . .	61
Қ. АХМЕТОВ — Физкультура мен спорт дүйім көпшілікті . . . . .	67
Ш. АХМЕТШЕНОВ — Бізде де тың мүмкіндіктер бар . . . . .	70

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

М. ЖАНҒАЛИН, Ә. ӘБДІРАХМАНОВ — Саяси сөздіктің аудармасы жайында . . . . .	74
Партия тұрмысының хабарлары . . . . .	79
«Қазақстан коммунисті» журналының дабылынан кейін . . . . .	80



## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — С честью выполним обязательства . . . . .	3
Ш. ЧОКИН — Осуществление ленинских идей электрификации страны	10
С. ИМАШЕВ — Подручные партии . . . . .	16
К. САГЫНДЫКОВ — Радио и телевидение — мощное средство воспитания масс . . . . .	22
С. АХМЕТОВ — Сила Советов — в тесной связи с трудящимися . . . . .	28
К. СУЛТАНОВ — Дело всей общественности . . . . .	32
Т. ИДРИСОВ — Образ современника — главная тема драматургии . . . . .	37

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

А. УКУБАЕВ — В борьбе за выполнение обязательств . . . . .	42
О. СУЛТАНГАЛИЕВ — За тесную связь с жизнью и массовость партийной пропаганды . . . . .	46

### К 40-ЛЕТИЮ КАЗАХСТАНА

Г. ЧУЛАНОВ — Индустриальный Казахстан . . . . .	51
---	----

### В СТРАНАХ НАРОДНОЙ ДЕМОКРАТИИ

А. МАЛКОВ — Выдающиеся успехи трудящихся Чехословакии . . . . .	57
---	----

### ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

К. АЛИАСКАРОВ — На всесоюзной стройке . . . . .	61
К. АХМЕТОВ — За массовость физкультуры и спорта . . . . .	67
Ш. АХМЕТЧЕНОВ — И у нас есть резервы . . . . .	70

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

М. ЖАНГАЛИН, А. АБДРАХМАНОВ — «Политический словарь» на казахском языке . . . . .	74
Хроника партийной жизни . . . . .	79
После выступлений «Казахстан коммуниси» . . . . .	80

★





# Міндеттемені мінсіз орындайық

Байлығы мол, мүмкіндігі ерен, адамы алға ұмтылған Қазақстан қуатты өнеркәсібі, машиналы ауыл шаруашылығы бар шалқыған республика. Совет Одағындағы қойдың төрттен бірі, ірі қараның 7,7 проценті Қазақстанда өсіріледі. Біздің республика жүн және қаракөл елтірісін дайындауда елімізде екінші орын, ет, жұмыртқа, тері дайындау жөнінде үшінші, ал сүт тапсыру жөнінде төртінші орын алады. Құнарлы егістікке бай Қазақстан тың және тыңайған жерді зор көлемде игеруге байланысты еліміздің астықты алқабының біріне айналды.

Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Павлодар өнеркәсіп торабы, Үлкен Жезқазған сияқты алыптары құлашын кең жаза бастаған Қазақстан ең байлықтың иесі ғана емес, толық ұқсатушысы да болады. Қарағанды металлургия заводында екі домна пеші, үш кокс батареясы биыл іске қосылуға тиіс. Бұл бүкіл республика партия ұйымының аса маңызды міндеті. Бұқтарма су электр станциясы да 1960 жылы пайдаланыла бастайды. Биылғы жоспар бойынша 2,5 миллион тонна темір рудасын, 3 миллион 450 мың тонна көмір шығаратын өндіріс қуаты іске қосылады. Жылына 20 миллиард сом күрделі қаржы игерілетін уақыт та алыс емес. Биыл ұзындығы 312 километр Ақтоғай—Қытай темір жолы іске қосылады.

Республиканың ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттері де орасан зор. 1960 жылдың өзінде Қазақстан кемінде 1,5 миллиард пұт астық өндіріп, оның кемінде 800 миллион пұтын мемлекетке сатуы парыз. Бұл аса маңызды міндет. Бүкіл халық пен партия Қазақстан еңбекшілерінің өрен қимылын осы міндеттің орындалуына қарап бағалайды. Қазақстанның мерейі үстем болып, даңқы арта түсуіне қосылар қомақты үлес бір бұл емес. Республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері 1960 жылы қоғамдық малдың санын көбейтіп, ет, сүт, жүн, мал шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіру және мемлекетке сату жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Қазақстан мемлекетке кемінде 700 мың тонна ет, 86 мың тонна жүн, 210 мың тонна макта, бір миллион тонна сүт сатуға тиіс. Биыл колхоз, совхоз отарына төрт миллион қой, табынға 350 мың ірі қара қосылуға тиіс.

Өзінің құрылғанына 40 жыл толуын мерекелеуге әзірлік үстіндегі Қазақстан осындай келелі міндет, асқар асу алдында тұр. Республиканың еңбекшілері бұл зор міндеттемелерді қабылдамас бұрын көп мәселеге ой жүгіртті, қолдары барды мейлінше екшеді, өлшеп-пішті. Қазақстан коммунистерінің асыл ойы түйіскен X съезде бұл міндеттемелер тағы пысықталды. «Міндеттеме алу — бір абырой, міндеттемені орындау — мың абырой» дегендей ендігі әңгіме алдағы мәреге жету болып отыр.

Жетіжылдықтың жоспарын, 1960 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін социалистік жарысты кең өрістетуге міндет. Социалистік жарыс — халқымыздың ежелгі жақсы дәстүрі. Бұл — қо-



ғамдық меншік, ортақ идеология, жалпы мүдде, бір мақсат негізінде туған қуатты құбылыс. Бұл — елімізде коммунизм орнатудың пәрменді әдісі. Социалистік жарыс өндірісте ысылған адамның саяси дәрежесін көтеруге өлшеусіз көмектеседі. Қоғам, коллектив мүддесінің кең арнасы, зор пайдасы, үлкен әсері жарыс үстінде мол көрініп, адамның жақсы қасиеттері ұштала түседі. Социалистік жарыс жеке меншікке негізделген қауымнан қалған тар түсінікті, шолақ ұғымды жеңуде әркімге үлкен сеп болады. Социалистік жарыс достық, жолдастық, өзара көмек сияқты қарым-қатынастың берік орнауына, үстем болуына жол ашады. Жарыс тұсында қыр-қиядағы табыстар, тәжірибелер ортаға салынып, жалпы жұмыстың алуан саласы таразыға тартылады. Қолда барды, мүмкіндікті, тәжірибені, міндетті бүкпей айту — социалистік жарысқа ұласқандардың үйреншікті дәстүрі. Мұның өзі жұмысшылардың, колхозшылардың өндірістік және саяси белсенділігін мықтап арттыратын күш. Өндірістің жағдайын, болашағын қанық біліп отыру жұмысшы мен колхозшының жауаптылығын күшейтеді, оның өз міндетін жақсы түсінуіне мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда еңбекші бәрін біліп отыруға өте ынталы болады, ол тынбастан ізденеді, өз білгенін ортаға салып, ортақ істің табысты болуына барынша ат салысады.

Социализм жауларының қоғамдық меншік жеке адамның талабына тұсау болады, сондықтан өндіріс өркендемейді, техника тоқырап қалады деп топшылағаны мәлім. Олар өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл халық болып иемдену адамның жаратылысына жат деп те бөсті. Өндіріс құрал-жабдықтарын жеке иемдену қанау мен езгінің негізгі шарты, бәсекенің нағыз ұйтқысы екенін олар айтпайды.

В. И. Ленин былай дейді: «Социализмнің жарысты күртпайтындығы былай тұрсын, қайта, оны нағыз кең түрде, нағыз бұқаралық көлемде қолдануға тұңғыш рет мүмкіншілік туғызады, еңбекшілердің нағыз көпшілігін өзін көрсете алатын, өзінің қабілеттілігін өркендете алатын, талантын көрсете алатын жұмыс майданына тартуға мүмкіншілік туғызады, ал таланттар халық ішінде ұшан-теңіз, капитализм оларды мыңдап және миллиондап таптап келді, жаншып, тұншықтырып келді» (Шығармалар, 26-том, 401-бет).

Совет мемлекетінің бүкіл өмірі, тәжірибесі социалистік жарыстың ұлы күшін айқын дәлелдеді. Езгіден, қанаудан толық құтылған еңбекшілер жаңа қоғам құруда зор тапқырлық, қажырлылық көрсетті. Тұңғыш коммунистік сенбіліктерде туған жанқиярлық ұлы еңбек, ортақ іс, жалпы табыс жөніндегі зор қамқорлық бүтін фабрика мен завод коллективінің, колхоз бен совхоздың, аудан қауымының қымбат ісіне айналды. Бүкіл қоғам үшін, өзі үшін еңбек ету жаппай өндірістік өрлеудің қайнар көзі болды. Мандайалды техникаға молыққан совет адамының еңбегі ескі норманы ысырып тастады. Қоғамдық еңбектің өнімділігі мейлінше артып, социалистік жарыстың қуатты күшін айқын көрінді.

Еліміз коммунистік қоғам құруды кең өрістеткен кәзіргі дәуірде социалистік жарыстың ұлы күші тіпті айқын сезіледі. Партияның тарихи ХХІ съезі қарсаңында Москва теміржолшыларының арасында туған тың бастама социалистік жарыстың биік дәрежесі болды. Коммунистік еңбек пен коммунистік тұрмысқа ұмтылған абзал адамдардың бастамасы бүкіл социалистік лагерь елдеріне игі әсер етті.

Совет Одағының астанасында туған бұл жаңалық біздің Қазақстанда да кең тарады. Кәзір өнеркәсіп орындарында, құрылыста, транспортта және ауыл шаруашылығында коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолында сегіз мыңнан астам бригада, смена, цех пен учаске жарысуда. Бұларда 107 мыңдай адам бар. Коммунистік еңбек



екпінділері атағын алу жарысына 54 мыңнан астам жұмысшы тікелей ат салысты.

Жарыстың жаңа, биік түріне ұласқандардың үздік шыққаны көп. Республикамызда 1 222 коллективке коммунистік еңбек коллективі атағы берілді. Қарағандының № 1 тік шахтасының және № 31 бис шахтасының Михаил Бондалетов және Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Бәшір Нұрмағамбетов басқарған кеншілер бригадалары, Алматыдағы № 10 құрылыс-монтаж басқармасының Социалистік Еңбек Ері Сәлім Жарылқасынов басқарған күрделі бригадасы коммунистік еңбек жүлдесін тұңғыш алғандар.

Кәзіргі кезеңдегі жарыс мазмұнды болумен бірге оның құлашы да кеңіді. Жетіжылдықтың екінші асуының — 1960 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы коммунистік жарыс москвалықтардың үлгісімен бүкіл елге тарады. Ленинград жұмысшыларымен жарысқа түскен москвалықтар 1960 жылғы бірінші тоқсанның жоспарын 29 мартта орындап шықты. Екі үлкен қаланың үлгісімен Свердлов пен Днепропетровск, Қарағанды мен Луганск экономикалық ауданының социалистік жарысы өрістей түсті. Жұмысшылар, инженер-техниктер міндеттемені мүлтіксіз орындап, жетіжылдықтың алғашқы жылындағы табыстарды молайта түсуге ұмтылуда. Осындай тілек-талаптың, қайрат-жігердің нәтижесінде еліміздің өнеркәсібі 1960 жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіп өнімін шығару жоспарын 104 процент орындады. Биылғы алғашқы үш айда Қазақстан өнеркәсібі де елеулі жетістікке жетті. Республикада бірінші тоқсанда өнеркәсіп өнімін шығару жоспары 104 процент орындалды. 1960 жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіп өндірісінің өнімі 1959 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 15 процент артық өндірілді. Республика өнеркәсібінде 4 айлық жоспар 28 апрельде орындалды.

Осындай жалпы жетістікпен қатар халық шаруашылығын өркендетуде үлкен-үлкен кемшіліктер де бар. Кейбір өнеркәсіп, құрылыс орындары социалистік міндеттеме былай тұрсын, жоспардың өзін мерзімінде орындамайды. Мысалы, 1959 жылы Қостанай Халық шаруашылығы советіне қарайтын кәсіпорындардың 30 проценті өндірістік жоспарын орындаған жоқ. Қостанайдағы аса маңызды құрылыс Соколов-Сарыбай комбинатында топырақ алу — руданың бетін аршу, бу электр станциясын, теміржол желісін салу жұмысының қарқыны да талаптан артта қалды. Жоспар, міндеттеме дәлме-дәл орындалмаған соң сылбырлық жеңіп, жұмыстың қарқыны күшеймей-ақ қойды.

Биылғы бірінші тоқсанның жоспарын Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындары орындамады. Бұл үлкен мін. Жетіжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында міндеттеме алғандар түгел дерлік абыройға бөленіп отырғанда Ақтөбе мен Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советтері кәсіпорындарының талап тұғырында бола алмауы облыстық партия комитеттеріне, шаруашылық ұйымдарға үлкен ой салуға тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ ССР кәсіподақтар Советі жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістету туралы жуырда қабылдаған қаулысында социалистік жарысқа басшылықты мейлінше жақсартуды талап етті. Шаруашылықтың тың мүмкіндіктерін іздеп-тауып, кең қолдану, өндірістік қуатты, жаңа техниканы мейлінше тиімді пайдалану, озат әдісті, жақсы тәжірибені өндіріске енгізу, еңбек өнімділігін арттыру, әрбір кәсіпорынның жоспарды әрдайым орындауын қамтамасыз ету міндет. Өнімнің түсер құнын кеміту жоспарын асыра орындау, өнімнің сапасын жақсарту шарт. Сонда ғана жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға болады.



Республика еңбекшілері ауыл шаруашылығының аса маңызды өнімін өндіру жөніндегі жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды ұйғарды. Социалистік міндеттемеде астықты мейлінше көбейту тапсырмасы мерзімінен көп бұрын, яғни 1960 жылы, жүзеге асады деп көрсетілді. Бұл үшін республика дәнді дақылдың егіс көлемін биылдың өзінде 23,5 миллион гектарға жеткізуге тиіс. Мал шаруашылық өнімдерін өндіру мен сату жөніндегі жетіжылдық жоспар 1963 жылы орындалуы керек.

Қазақстанның Отан алдындағы социалистік міндеттемелерін абыроймен орындауға лайықты үлес қосу мақсатымен аудандар, облыстар нақты, социалистік міндеттеме қабылдап іске кірісті. Көкшетау облысы Арықбалық ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының, Қостанай облысы Федоров ауданы еңбекшілерінің биылғы социалистік міндеттемелері бұлардың ішінде бөлек тұр. Бұл аудандар дәнді егістің әрбір гектарынан кемінде 100—120 пұттан өнім алады ұйғарды. 330 мың гектардан астам егісі бар Федоров ауданының еңбекшілері көздеген нысанасына жетсе, астық өндіруді арттыру ісіне елеулі үлес қосылатыны сөзсіз. Республикамыздағы ең астықты ауданның бірі — Октябрь ауданының (Қостанай облысы) дәнді егісінің көлемі 470 мың гектардай.

Тың өлкесіндегі аудандар — астық үшін күрестің шешуші шебі. Қазақстан КП Орталық Комитеті ауданда, совхоз бен колхозда астық үшін күресті ұйымдастыру ісіне зор мән беріп, жергілікті жерде бірнеше кеңес өткізді. Орталық Комитеттің 15 июньде болатын Пленумы да бүгінгі жұмысымыздың өзекті мәселелерін талқылайды. Пленумда Алматы, Жамбыл және Ақмола облыстық партия комитеттерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөніндегі 1960 жылға алынған социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы есебі және республикада күрделі құрылысты жақсарту шаралары талқыланады.

Былыр республикамыздың бірсыпыра аудандарында сортты тұқымды көбейту жөнінде дәйекті қамқорлық жасалмады. Кей жерлерде жарамсыз, шығымдылығы төмен тұқым себілді. 1959 жылы дәнді дақылдың сортты егісінің үлесі небәрі 56 процент, ал Қостанай, Көкшетау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында мұнан да кем болды.

Биыл республикамыздың колхоз, совхоздары КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларын орындай отырып, дәнді дақылдардың жаппай сортты егісіне көшу, қатты бидайдың егіс көлемін арттыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында дәнді дақылдар егіс көлемінің 90 проценттен астамына сортты тұқым егілді. Қостанай облысының Федоров ауданында себілген дақылдың 80 проценті аудандастырылған таза, сортты тұқым. Мұның өзі тұқым өсіру жұмысының жақсара бастағанын және социалистік міндеттемені орындаудың күрделі қадамының бірі жасалғанын көрсетеді. Оның үстіне мемлекет зор көмек көрсетіп отыр. Жарамсыз тұқымды сортты тұқымға айырбастап алуға әбден болады.

Тың және тыңайған жерді игере беру — астық өндіруді арттыра берудің зор мүмкіндігі. Биыл колхоздар мен совхоздар екі миллион гектарға жуық тың және тыңайған жер игеруге тиіс еді. Бірақ биыл игеру үшін қабылданған тың жердің көлемі бір миллион гектарға да жеткен жоқ. Мұның өзі қосымша қиындықтар туғызады. Республикада дәнді дақыл егіс көлемінің 23,5 миллион гектарға жетпей қалуы ықтимал. Ал мұндай жағдайда астықты көбейту ісіне де нұқсан келеді.

Қазақстанның Отанға берген сертін орындау үшін егіншілік мәдениетін арттырып, егіннен тұрақты мол өнім алуды күнттаумен қатар егіс көлемін ұлғайту міндетін де орайластыру дұрыс. Рас, биыл



көктемде жыртылатын егіс көлемі өте үлкен. Өйткені былтыр зябь жыртыу жоспары орындалмай қалды. Сырт қарағанда мұндай үлкен жұмысты тез және сапалы өткізуге қажетті техниканың жеткіліксіз көрінуі мүмкін. Іс жүзінде олай емес. Мысалы, Қостанай облысында қолда бар техника қуатына және мемлекет тарапынан берілетін көмекке қарағанда егісті қолайлы мерзімде өткізуге толық мүмкіндік бар. Облыстағы барлық трактор мен сеялка іске қосылып, жоғары өнімді пайдаланылса көктемде әрбір трактормен 122 гектар, әрбір сеялкамен 216 гектар көлемінде жер өңделеді. Жұмыс мінсіз ұйымдастырылса бұл әбден орындаларлық міндет еді. Амал не, Жітіқара, Қамышин, Октябрь аудандарында ондаған трактор көктемгі егіске дейін жөнделмей жатты.

Партия ұйымдары мұндай кемшіліктерді іс үстінде жою үшін күресумен бірге социалистік міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін шараның бірі — егіс көлемін ұлғайту үшін ат салысуы шарт. Бұл ретте Аманкелді аудандық партия ұйымының бастамасы үлгі боларлық. Бұл аудан тың және тынайған жер игерудің мүмкіндіктері республикамызда әлі де көп екенін нақты дәлелдеді. Бұл бастама бойынша Торғай даласында 26 совхоз ұйымдастырылмақ. Оның біразы астық совхозы болады. Жаңадан құрылатын шаруашылықтың бірі — Амантоғай совхозының жер көлемі 283 мың гектар, оның 80 мың гектарға жуығы егістік жер. Ақмола облысы Баранкөл аудандық партия комитеті қосымша тың жер игеріп егіс көлемін ұлғайту жөнінде дәйекті күрес жүргізіп келеді. Ауданның совхоздары екі жылда 102 мың гектардан астам тың көтерді. Биыл Баранкөл ауданында 127 мың гектар тың және тынайған жер игеріледі.

Жүгері егісінің көлемін ұлғайту, оның шығымдылығын арттыру — астықты молайтудың соны мүмкіндігінің бірі. Биыл республикамызда астықтық жүгері егісінің көлемі 500 мың гектардан асып түседі. Бір жарым миллион гектардай жүгері жемшөп ретінде егіледі. Жүгеріні қолайлы егістікке орналастыру, шаршы-ұялап себу, егісті мұқият күтіп-баптау социалистік міндеттемені үлгілі орындауға көп көмегін тигізеді.

Мал шаруашылығы саласындағы міндеттемелерімізді орындаудың шешуші кезеңі туды. Төл алу жаппай аяқталып келеді. Оңтүстік Қазақстан облысының малшылары міндеттемені орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде. «Сүткент», «Шымқорған», «Жуантөбе», «Қызыл құм», «Сырдария» совхоздарының жұмысшылары әрбір жүз саулықтан 125—154 қозы алды. «Шымқорған» совхозының озат шопаны Әзімхан Шақабаяев, Мамасалы Өтемұратов, Қозыбай Кенжебаев жолдастар әр жүз саулықтан 180—190 қозыдан алып, қаракөл елтірісін негізінен бірінші сортпен өткізуде. Бұл социалистік міндеттемені орындаудың тамаша үлгісі.

Гурьевтің атақты шопаны Сақан Дәулетқалиев жолдастың қажырлы еңбегі де қауым сүйсінерлік. Ол Социалистік Еңбек Ері Иван Малашенкомен жарысқа түсіп, қарауындағы 610 саулықтың әр жүзінен 235 қозы алып, барлығы 1433 қозы өсіруге бел байлады. Сақан басқарған бригаданың қарамағындағы саулықтар мартта түгел қоздады. Әрбір жүз саулықтан орта есеппен 152 қозыдан алынды. Гурьев облысының жағдайында СЖК-ны алғаш қолданған бригаданың бастамасы сәтті болды. Қазір қойды қолдан ұрықтандыру жүргізілуде. Бұл саулықтар октябрь айында екінші рет қоздайды.

Білімді, іскер, талапты, ізденгіш шопанның еңбегіне сүйсінген елі оны социалистік міндеттемені орындау барысын қадағалайтын облыстық қоғамдық комиссияның председателі етіп қойды. Социалистік жарыста алынған міндеттеменің орындалу барысын тексеретін аудандық комиссиялар да құрылды. Бұл Рязань партия ұйымының тәжіри-



бесін үйренудің нақты көрінісі. Қазақстан КП Орталық Комитеті рязаньдықтар тәжірибесін терең үйрену, кең насихаттау қажет деп көрсетті. Бұл бүкіл жұмысты күшейтуге көмектеседі.

Партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін тынбастан тарату, малшылардың социалистік жарысын кең өрістету, фермаларды жас кадрмен нығайту негізінде міндеттемені орындауға үлкен үлес қосуға тиіс. Биылғы төлді түгел аман өсіру, мал бордақылауды мейлінше жақсы ұйымдастыру міндеті 1959 — 1960 жылғы қыста республикамыздың бірқатар аудандарында, әсіресе, Алматы, Жамбыл облыстарының аудандарында мал шығынына жол берілді. Кейбір колхоз, совхоздардың ұқыпсыз басшылары қора салуды, шөпті қора қасына тасуды кезінде құнттамады. Шаруашылық басшыларына кезінде партиялық талап қойып, оларды шебер қолмен бағыттап отырса, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларының мезгілінде мұқият орындалуын бақыласа, ұйымдастырса мұндай кемшілікке жол берілмейтін еді. Бұл, ең алдымен, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің бірінші дәрежелі міндеті. Бірақ, кейбір аудандық басшы мекемелер жайбарақаттыққа, салақтыққа, жауапсыздыққа әлі төзіп келеді, ымырашылдыққа жол береді. Мал қыстатуға әзірлік ойдағыдай болмағандықтан Жамбыл ауданында (Алматы облысы) былтыр 36 мың қой, бір мың ірі қара, бір мыңдай шошқа шығын болды. Бұл сылбырлықтан, бұл кемшіліктен аудандық партия комитеті (секретары Ф. Зікіринов), аудандық атқару комитеті (председателі В. П. Назаров) қорытынды шығаруға тиіс еді. Іс жүзінде олай болмағанын тура айту керек. Аудан 1959 жылы керекті жемшөптің жартысын ғана әзірледі. Қора-қопсы салу жоспары орындалмады. Фермалар маман, іскер кадрмен барлық жерде бірдей толықтырылмады. Осының салдарынан 430 мыңнан астам қойы бар Жамбыл ауданында биыл да едәуір мал шығын болды. Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының басшылары Сандыбаев, Аманжолов жолдастар да ұйымдастыру жұмысының ширақ болуын қамтамасыз ете алмады. Жемшөп, қора-қопсы мерзімінде, ойдағыдай әзірленбегендіктен бұл ауданның шаруашылықтарында төрт айда ірі қараның 3,2 проценті, қойдың 3,5 проценті шығын болды. Осы ауданның «Трудовой пахарь» колхозында төрт айда мың жарым қой өлім-жітімге ұшырады. Жасыратыны жоқ, мұның өзі мал шаруашылығы жөніндегі социалистік міндеттемені орындауда ойда жоқта қиыншылық туғызды. Өрескел олқылықтың алдын ала алмаған Алматы, Жамбыл облысының басшы орындары ендігі жерде ширақтық көрсетіп, қолда барды ұқсатудың ұйтқысы болуы керек. Партия осыны талап етеді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қаулысына орай Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының малшылары көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Павлодарлықтар биыл ет дайындаудың екі жылдық жоспарын, ал шығысқазақстандықтар жыл жарымдық жоспарды орындауға уәде берді. Бұл мәреге жету үшін мал санын көбейтумен бірге малды азықтандыруды, күтуді мейлінше жақсарту шарт. Малды жайып және бордақылап семіртуді кең көлемде ұйымдастыру — малдың салмағын арттырудың ірі мүмкіндігі. Етке сатылатын тайыншаның тірідей салмағы 350—370 килограмға, құнажынның тірідей салмағы 420—450 килограмға жеткізілетін болуы керек.

Мал шаруашылығының шошқа және құс сияқты өсімтал саласын өркендетудегі мол мүмкіндіктерді мейлінше пайдалану қажет. Бұлай етпейінше біз ет өндіру және мал өсіру жөніндегі міндеттеменің толық орындалуын қамтамасыз ете алмаймыз.

Көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдағанда павлодарлықтар бұл жайларды толық ескерген болатын. Олар тың мүмкіндіктің бірі — құс өсіруді жеделдету жөнінде ширақтық көрсеткен болды. Бұл ретте



павлодарлықтар құр алақан емес-ті. 1959 жылы 100 мың үйрек өсірген Павлодар совхозының тәжірибесі Ертіс бойына кең тарай бастады. Осыған орай павлодарлықтар биыл бес миллион құс өсірейік деген ұран тастады. Бұл міндеттеме орындалса құба-құл. Бір өкінішті жері сол міндеттеме алу кезінде жанданған жұмыс кәзір саябырлап кетті. Мысалы, 125 мың құс өсіріп, оның 81 мыңын мемлекетке өткізбек болған Баянауыл ауданының Александровка, Шадыра, Алексеевка совхоздарында құс көбеюді қойып, азайып барады. Жосалы, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы және партияның XXI съезі атындағы совхоздарда әлі күнге дейін құс фермасы ұйымдастырылмаған.

Қазақстан еңбекшілерінің алуан салалы социалистік міндеттемесін орындаудың басы-қасында болатын партия ұйымдарына үлкен жауаптылық жүктеледі. Партия ұйымдары еңбекшілердің өндірістік және саяси белсенділігін үнемі дамытып отыруға міндетті. Озаттарды қолдау, олардың ұсынысына сергектікпен қарау, жаппай өрлеу туғызу, өндірістік тапсырманың, міндеттеменің мүлтіксіз орындалуын ұйымдастыру — партия ұйымдарының қасиетті борышы. Кәсіподақ және комсомол ұйымдарының белсенділігін арттыру көп салалы жұмыстың табысты болуының маңызды кепілі. Комсомол ұйымдары фермаларды, бригадаларды жас кадрмен толықтыру, нығайту ісін пысықтай түссе нұр үстіне нұр. Социалистік жарысты тыңғылықты ұйымдастыру, озат тәжірибені қалың бұқараның ортақ ісіне айналдыру жөнінде кәсіподақ ұйымдары алдында да зор міндеттер тұр. Жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайы жөнінде қамқорлық жасау — олардың бірінші дәрежелі міндеті.

Социалистік жарыстың пәрменді болуы қажет. Өзара жарысқа түскен колхоздардың, совхоздардың, аудандардың, облыстардың міндеттемелерді орындалу барысын оқтын-оқтын тексеріп отырғаны абзал. Мұндай өзара тексеру кемшіліктерді көруге, тың мүмкіндіктерді ашуға себеп болады. Міндеттеменің орындалу барысын өзара тексеру сиреп кеткенін айту керек. Әсіресе Халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындары өзара тексеру өткізуді мүлде салақсытып жіберді. Мұндай жағдайда жарыстың құр көрініске айналуы ықтимал.

Социалистік жарысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді тезірек жою керек. Жарыстың жоғары да жаңа түрі — коммунистік еңбек жарысына қосылғандар коммунистік еңбек екіпінділері қатарын көбейте беру үшін күресу міндет. Жарыстың барлық түрінің негізгі міндеті — қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру негізінде бүкіл халықтың байлығын еселеп көбейту болуға тиіс. Соида ғана біздің кәсіпорындар, құрылыс ұйымдары, колхоз бен совхоздар көздеген нысанына жетеді, міндеттемені мінсіз орындайды.

Республиканың 40 жылдығы қарсаңындағы жарыста озып шығып, социалистік міндеттемені абыроймен орындаған облысқа, Халық шаруашылығы советіне, қалаға, ауданға, құрылысқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің және Қазақ ССР кәсіподақтар Советінің Қызыл туы табыс етіледі. Мұндай 15 Қызыл ту белгіленді. Өндірістік жоспарын, міндеттемесін мүлтіксіз орындап, Қазақстанның 40 жылдығын табыспен қарсы алған кәсіпорындар, құрылыстар республикалық Құрмет кітабына жазылады. Қазақстанның 40 жылдығы қарсаңындағы жарыс туын Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты биік көтерді. Бұл өте жақсы үлгі.

1960 жылы Қазақстанның халық шаруашылығын жаңа сатыға көтеру жолындағы социалистік жарысты кең өрістетейік, міндеттемені мінсіз орындайық!



# Елді электрлендіру жөніндегі лениндік идеяның жүзеге асуы

Ш. ЧОКИН,

академик

Электр қуатын ашып, пайдалану тек техника саласында, өндіргіш күштерді арттыруда ғана емес, сонымен бірге барша адам баласының даму тарихында да керемет жасампаз роль атқарды.

Электрдің алғашқы қадам жасаған кезінде өмір сүрген Маркс пен Энгельс электрді ескі капиталистік қоғамды күйретуге, жаңа социалистік қоғам орнатуға даярлайтын революцияландырғыш орасан зор күш деп білді. Ұлы Ленин электр қуаты кең қолданыла бастаған кезде өмір сүрді. Владимир Ильич елді электрлендіру жөніндегі Маркс пен Энгельстің ой-пікірін ілгері дамыта отырып, коммунистік қоғам орнатудың техникалық өзегі — елді электрлендіру туралы тарихта тұңғыш ілім жасады. В. И. Лениннің көптеген еңбегінен электрлендіру саласындағы табыстарға оның әрқашан ерекше назар аударып отырғанын аңғарамыз.

Ленин ертеде жазған еңбектерінде индустрияландырудың негізі болып саналатын электрлендірудің революцияландырғыш орнын сан рет атап көрсетті. Сол сияқты электрлендірудің ауыл шаруашылығы тағдырын шешудегі маңызын да ерекше атап айтқан болатын. Лениннің көрегендікпен айтқандары социализм заманында, сол сияқты кәзіргі коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде ойдағыдай іс жүзіне асырылып келеді.

Қоғамдық өндіріс дамуының объективтік жайын маркстік тұрғыдан терең талдаған Владимир Ильич озық техника мен электрлендірудің өзара сабақтастығын, өндіргіш күшті дамытудағы оның ролін жоғары бағалады.

Марксизмнің-ленинизмнің негізін салушылар электрлендіруден техникалық прогрестің арқауын ғана көріп қойған жоқ. Электрлендіру капиталистік өндіріс тәсілі жағдайында пайда болып, дамуына қарамастан, олар электрлендіру ісінен болашақ социалистік қоғамның озық техникасын да айқын көрді. «Бу дәуірі — буржуазия дәуірі, электр дәуірі — социализм дәуірі» деп тұжырымдады Владимир Ильичтің ойын білдірген Глеб Максимилианович Кржижановский.

Өзінің бірқатар еңбектерінде В. И. Ленин электрлендіру мен капиталистік өндіріс тәсілі арасында қайшылық бар деп көрсетті. Капитализм жағдайында электрлендіру халық мүддесі үшін емес, капиталистердің қайткенде де көп пайда түсіріп, халықты одан әрі аяусыз қанауы үшін жүргізіледі деп білді ол.

Электрлендіру — социализм дәуірінің техникасы. Ол тек социализм тұсында ғана жанжақты дамып, көркееді, оған тек социализм ғана кең өріс ашады. В. И. Ленин «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшасының жоспарында былай деп жазды: «Егер электрлендіру болмаса, капитализмге қайта оралу бәрібір сөзсіз нәрсе» (Шығармалар, 32-том, 341-бет).

«Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген лениндік тұжырым тек электрлендіру жөніндегі ілімнің жинақталған тұжырымдамасы ғана емес, ол сонымен бірге коммунистік қоғам орнатудың программасы болып саналады. 1959 жылғы



28 ноябрьде энергетика құрылысы жөніндегі бүкілодақтық кеңесте сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас Лениннің осы тұжырымына ыспаттама бере келіп, былай деді: «Лениндік тұжырымның даналылығы — оның коммунизм орнатудың саяси жағы (Совет өкіметі) мен экономикалық жағын (бүкіл елді электрлендіру) тығыз біріктіріп, көрсеткендігінде».

Сөйтіп, В. И. Ленин іс жүзінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасы ретінде елді электрлендіру жөнінде ілім жасады.

Бұдан 40 жыл бұрын, 1920 жылдың мартында Владимир Ильичтің инициативасы бойынша Халық Комиссарлары Советі Россияны электрлендірудің мемлекеттік комиссиясын бекітті, оның председателі болып Лениннің серігі Г. М. Кржижановский тағайындалды.

ГОЭЛРО өзінің барлық жұмысын В. И. Лениннің нұсқауымен және тікелей басшылық етуімен істеді. Сол жылдың аяғында комиссияның жұмысы бітті де, Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезі (1920 жылғы 22—29 декабрь) ГОЭЛРО жоспарын бекітті, бұл адам баласы тарихында бүкіл елді электрлендірудің тұңғыш жоспары болды, ол халық шаруашылығының барлық тарауларын өркендету жоспарымен тығыз байланысты еді.

ГОЭЛРО жоспары бойынша елдің ірі өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 1,8—2 есе, 1920 жылғыдан 12,5—13,8 есе артуға тиіс еді. Жалпы қуаты 1,75 миллион киловатт аудандық 30 электр станциясын салу, электр қуатын өндіруді жыл сайын 8,8 миллиард киловатт-сағатқа (1913 жылғыдан 4,63 есе, ал 1920 жылғыдан 17,6 есе көп) жеткізу белгіленді.

Ағылшынның белгілі жазушысы Герберт Уэллс өзінің «Россия түнекте» деген кітабында Ленинді қиялшыл адам, шындықпен есептеспей ойлайтын адам деп атады. Бірақ көлемі жағынан орасан зор міндетті алға қойған ГОЭЛРО жоспары ғылымға негізделген, орындауға толық болатын жоспар еді. В. И. Ленин 1920 жылдың 22 декабрінде Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы съезде жасаған баяндамасында ГОЭЛРО жоспарын партияның екінші программасы ретінде ыспаттады.

Бұл таңғажайып жоспар бүкіл елді электрлендірудің лениндік идеясын іс жүзіне асырудың тұңғыш бастамасы болды. Оның негізіне (энергетика саласында) мына төмендегі принциптер алынды:

1. халық шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда энергетика базасын оздыра өркендету;

2. жергілікті арзан отын мен судың қуатын мейлінше мол пайдалану;

3. аудандық электр станцияларын энергетикалық жүйелерге біріктіру.

Жоспар В. И. Лениннің көзі тірісінің өзінде-ақ жүзеге асырыла бастады. Өзінің күнделікті қызметімен шұғылданып, қолы босамауына қарамастан, ұлы көсем Кашира, Шатура сияқты тұңғыш бу электр станцияларының және Волхов су электр станциясының құрылысына ерекше назар аударып отырды. 1920—1921 жылдары Совет республикасының бірқатар шағын электр станцияларында жалпы қуаты 12 мың киловатт жаңа агрегаттар іске қосылды. Бұл жөнінде Владимир Ильич былай деді: «12 мың киловатт — өте шағын бастама. Американың, Германияның немесе Швецияның электрленуімен таныс шетелдік адам бұған күлуі мүмкін. Бірақ соң күлген жақсы күлер болар деген бар. Ия, бұл шағын-ақ бастама бола берсін» (Шығармалар, 32-том, 526-бет). 1923 жылдың өзінде-ақ аудандық сегіз ірі электр станция салынды. Бұлар ГОЭЛРО жоспарында белгіленген станциялар еді.

В. И. Ленин қайтыс болғаннан кейін оның өсиетін лениндік партия бұлжытпай жүзеге асырып келеді. Біздің бесжылдықтар



ГОЭЛРО жоспарын онан әрі нақтылай түсудің, ілгері дамытудың кезеңдері болды. 15 жылға арналған бұл жоспар 1932 жылдың басында, яғни бірінші бесжылдықта мерзімінен бұрын орындалды. Ал өзінің аяқталуы қарсаңында немесе 1935 жылдың аяғында ГОЭЛРО жоспары 3 есеге жуық асыра орындалды. Екінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша Совет Одағы электр қуатын өндіру жөнінен дүние жүзінде үшінші орынға (АҚШ-тан және Германиядан кейін) шықты, ал энергетиканы дамыту қарқыны жағынан бірінші орынға ие болды.

Партияның XVIII съезі электр станцияларын салудың орасан зор программасын белгіледі. Үшінші бесжылдық жоспар бойынша басқалармен қатар Куйбышев, Өскемен су электр станцияларын салу белгіленген болатын. Бірақ фашистік Германияның елімізге опасыздықпен шабуыл жасауы бұл программаны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Соғыс кезінде гитлершіл фашистер ірі 61 электр станциясын (оның ішінде ең алып станциялар Днепр су электр станциясын, Зуев бу электр станциясын) толық және жартылай істен шығарды. Олар көптеген ұсақ электр станцияларын да қиратып кетті. Соған қарамастан, соғыс жылдары Совет Одағының шығысында, оның ішінде Қазақстанда жаңадан электр станцияларын салу, ескілерін кеңейту қызу қарқынмен жүргізілді. Жауды елден қуып шығу кезеңі басталысымен-ақ бүлінген электр станцияларды қалпына келтіру дереу қолға алынды. Соның нәтижесінде 1946 жылдың өзінде СССР электр станцияларының соғысқа дейінгі қуаты қалпына келтіріліп қана қоймай, одан біраз асып түсірілді.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың аяғында жау бүлдіріп кеткен электр станцияларының барлығы қалпына келтірілді, сонымен бірге ондаған жаңа электр станциялары іске қосылды. 1950 жылы электр қуатын өндіру соғысқа дейінгі дәрежеден 1,8 есе асып түсті. Сөйтіп Совет Одағы электр қуатын өндіру жөнінен дүние жүзінде екінші орынға (АҚШ-тан кейін) шықты. Елді электрлендіру жолында бесінші бесжылдықта және алтыншы бесжылдықтың үш жылында жаңа табыстарға қол жетті.

1954 жылы қуаты 5 мың киловатт өнеркәсіптік атом электр станциясы іске қосылды. Бұл дүние жүзіндегі ең тұңғыш атом электр станциясы болатын. 1957 жылы дүние жүзіндегі аса ірі В. И. Ленин атындағы Еділ (Куйбышев су электр станциясы) су электр станциясы қатарға қосылды, оның қуаты 2,3 миллион киловатт, ол ГОЭЛРО жоспары бойынша белгіленген барлық электр станцияларының қуатынан 1,33 есе артық. Өте қуатты Сталинград, Братскі, Красноярскі су электр станциялары ойдағыдай салынып келеді. Совет өкіметі орнағаннан бергі өткен 42 жылда елде электр қуатын өндіру 1913 жылғыдан 132 есе артып, 1959 жылы 264 миллиард киловатт-сағатқа жетті.

Сөйтіп кәзір елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде электр қуаты өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының негізгі салаларында жаппай қолданылады. Мұның өзі техниканы ілгері дамытуға берік негіз салып, адам еңбегін едәуір жеңілдетуде. Әрбір еңбекші үйінде «Ильич шамы» нұрлы сәулесін төгуде. Бізде мәдени-тұрмыс саласында электр қуатын пайдаланудың өрісі барған сайын кеңейіп келеді.

Совет Одағы энергетикасының техникалық дәрежесі де мықтап өсті. Соғыстан бұрын бу электр станцияларының турбина агрегаттарының ең көп деген қуаты 100 мың киловатт болатын, ал кәзіргі уақытта Оңтүстік Урал бу электр станциясында қуаты 200 мың киловатт бу турбинасы орнатылды. Осы кезде қуаты бұдан да күшті 300 мың киловаттық турбина агрегаттары игерілуде. Егер 1940 жылы СССР-де қысымы жоғары бу электр станцияларының үлесі 3 процент қана болса, ол 1956 жылы 57 процентке жетті.



Совет Одағының Коммунистік партиясы елді электрлендіру жөніндегі В. И. Лениннің өсиеттерін бұлжытпай жүзеге асыруда. Соның нәтижесінде барлық бесжылдықтар тұсында энергетиканың дамуы халық шаруашылығының басқа тарауларының дамуынан әрдайым асып түсіп отырды. 1959 жылы бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі 1928 жылмен салыстырғанда 31 есе өссе, электр қуатын өндіру 53 есе өсті.

Партияның XXI съезі халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған алып программасын бекітті. СССР-дің халық шаруашылығы, ең алдымен оның негізі ауыр индустрия үстіміздегі жетіжылдықта да бұрынғысындай капиталистік елдердің, оның ішінде Америка Құрама Штаттары экономикасының өркендеуі қарқынынан сан есе асып түсетін қарқынымен өркендейтін болады. Сөйтіп мұның өзі коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда және капиталистік елдермен бейбіт экономикалық жарыста СССР-дің жеңіп шығуы үшін елеулі қадам жасауға мүмкіндік береді.

Партияның XXI съезі 1959—1965 жылдары Совет Одағының энергетика базасын нығайта түсудегі негізгі бағытын былай белгіледі:

1. табиғи газ бен мазутты, арзан көмірді пайдалану негізінде көбінесе ірі бу электр станцияларын салу;

2. Совет Одағының бірыңғай энергетикалық жүйесін құру.

Жетіжылдық жоспар бойынша су электр станцияларынан гөрі бу электр станциялары көбірек салынады. Мұның себебі су электр станцияларын салу ұзаққа созылады, сонымен қабат ол қымбатқа түседі.

Мейлінше қуатты бу электр станцияларын салудың тиімді екенімізге мына төмендегі мәліметтен көруге болады:

1) қуаты 2,4 миллион киловатт бір электр станциясын (қуаты 600 мың киловатт блоктары бар) салу қуаты 600 мың киловатт төрт электр станциясын іске қосудан 33 процент (қуаты 200 мың киловатт блоктары бар) арзанға түседі;

2) қуаты 600 мың киловатт төрт электр станцияға қарағанда, қуаты 2,4 миллион киловатт бір электр станциясында жұмыс істеуге қызметкерлер саны 2,8 есе аз керек.

Сонымен бірге неғұрлым қуатты агрегаттары бар ірі бу электр станцияларына көшу станциялардың тиімділік дәрежесін жақсартады, демек, отынның аз жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Бірыңғай энергетикалық жүйе өте тиімді келеді. Ол еліміздің қалаларын, өнеркәсіп және селолық аудандарын орталықтандырылған электр қуатымен неғұрлым кеңінен және үздіксіз жабдықтап отыруға, қымбат және тиімсіз ұсақ электр станцияларын салуды қысқартуға жол ашады. Оның тағы бір пайдалы жері—электр станциялары мен өнеркәсіп орындарын неғұрлым қолайлы орналастыруға, ауыл шаруашылығы мен темір жолды көңілдегідей электрлендіруге толық мүмкіндік беретіндігінде. Ең ақырында ол электр станцияларының қуатын анағұрлым тиімді пайдалануға қолайлы жағдай жасайды.

Партияның XXI съезінің 1959—1965 жылдары елді электрлендіру жөнінде белгілеген шараларын жүзеге асыру электр қуатын өндіруде ілгері зор қадам жасауға нақты мүмкіндік береді, сөйтіп, жетіжылдықта электр қуатын өндіру 500—520 миллиард киловатт-сағатқа дейін жететін болады.

Партияның XXI съезі елдің өндіргіш күштерін, оның ішінде энергетика базасын тиімді орналастыру мәселесіне де айрықша маңыз берді. 1959—1965 жылдары өндіргіш күштерді орналастыру елдің шығыс аудандарын, ең алдымен Сибирь мен Қазақстанды жедел қарқынмен дамыту бағытында жүргізіледі.

Сибирь мен Қазақстанның көмір өнеркәсібі (бұларда бүкіл елдегі көмір қорының 75 проценті орналасқан) елдің басқа аудандарындағыдан озық өркендейді. Өйткені мұнда ашық әдіспен көмір өндірілетін



кендер көп. Сибирь мен Қазақстанда қуатты энергетика базасы құрылады, өйткені мұнда көмір қорынан басқа Совет Одағындағы судың энергетикалық қуатының 80 проценті бар. Сонымен қатар электр қуатын көп пайдаланатын өнеркәсіп түрлерінің көбеюіне мүмкіндік мол. Бүкіл елімізде жеті жыл ішінде электр қуатын өндіру 2,1—2,2 есе арттырылатын болса, Сибирь мен Қазақстанда 3,3—3,5 есе арттырылады.

Октябрь революциясынан бұрын Қазақстанда энергетика шаруашылығы атымен болмады, небары 8 ғана электр станция болды, олардың өндірген электр қуаты 1913 жылы 1,3 миллион киловатт-сағат болды. Бұл бүкіл патшалық Россияда өндірілген электр қуатының 0,06 процентіндей ғана еді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, әсіресе соғыс жылдары және соғыстан кейінгі дәуірде жағдай мүлде өзгерді. Республикамызда бұл уақыт ішінде электр қуатын өндіру мөлшерінің артуы мына төмендегі цифрлармен ыспатталады (жақша ішінде салыстыру үшін бүкіл ел бойынша берілген):

	1940 ж.	1945 ж.	1950 ж.	1955 ж.	1958 ж.
млрд киловатт-сағат	0,63	1,15	2,62	5,70	8,54
процент . . . . .	100	235	425	904	1350
	(100)	—	(187)	(348)	(480)

Жоғарыдағы цифрлардан Қазақстанда энергетиканың даму қарқыны бүкіл елдегі орташа даму қарқынынан жоғары екенін көреміз.

Елдің энергетикалық базасын келешекте ілгері дамытуда Қазақстан елеулі орын алады. Совет Одағы бойынша отын қоры жағынан республикамыз екінші (РСФСР-ден кейін) орында. Соңғы кезде шығарылған есепке қарағанда, Қазақстан көмірінің геологиялық жалпы қоры 140 миллиард тоннадан асады, барланған көмір қоры 55 миллиардтай тонна болып отыр.

Бұл мәліметтің негізінде республикадағы энергетикалық көмірді пайдалану арқылы қуатты бу электр станцияларын көптеп салуға болады деп қорытынды жасай аламыз. Мына төмендегі негіздерді (көмірдің белгілі қорын есепке алғанда) есепке алсақ:

1) көмір кені 50 жыл бойы пайдаланылса (бұл мерзім ішінде, бәлкім, термоядролық қуатты пайдалану мәселесі шешіліп қалар);

2) электр қуатын өндіруге көмірдің 25 проценті ғана пайдаланылса (республика ішінде);

3) шартты отынның жұмсалу үлесі 1 киловатт-сағатқа — 0,4 килограмм болса;

4) электр станциясының қуатын пайдалану мерзімі 5000 сағат болса, бу электр станцияларының қуаты шамамен 40 миллион киловатт, ал электр қуатын өндіруі 200 миллиард киловатт-сағат болады.

Көмірдің арзанға түсуі Қазақстанда бу электр станцияларын салуға зор мүмкіншілік ашады. Мысалы, Екібастұз тас көмірінің (әрбір тонна шартты отынның) түсер құны 15 сомдай, Майкөбе қоңыр көмірінің түсер құны 20 сомдай, Обаған қоңыр көмірінің түсер құны 40 сомдай.

Өзінің орасан зор энергетикалық қорымен қатар біздің Қазақстан территориялық жағынан СССР-дің европалық бөлігі мен Орталық Сибирь және Орта Азия аралығына қолайлы орналасқан. Қазақ ССР Ғылым академиясының Энергетика институты жүргізген арнаулы зерттеулер көрсетіп отырғанындай, Орталық Сибирь мен СССР-дің европалық бөлегін бірыңғай энергетикалық жүйеге біріктіру ісін Солтүстік Қазақстан арқылы (Павлодар — Қостанай) жүзеге асырған өте-мөте қолайлы. Солтүстік Қазақстан ауданында қуатты энергетикалық жүйе жа-



салады, бұған мүмкіндік зор, өйткені республикадағы энергетикалық көмір қорының 96 проценті осы араға орналасқан. Бұл энергетикалық жүйені Қазақ ССР-інің Солтүстік-Шығыс жүйесіне біріктіру қуатты тіректі пункттері бар (Павлодар Қостанай) Орталық Сибирь-Урал болашақ электр желісінің негізгі секциясын құрайды.

1959 жылы 28 ноябрьде энергетика құрылысы жөніндегі Бүкіл-одақтық кеңесте сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Электрлендіру, қуатты энергетика жүйелерін жасау мәселелері партиямыздың программасындағы басты мәселелер болуға тиіс...

Сондықтан елімізді электрлендірудің алдағы 15—20 жылға арналған жоспары, халық шаруашылығын өркендетудің сондай мерзімге арналған жоспары біздің коммунистік қоғам орнату программамыздың басты өзегі болуға тиіс».

Совет Одағын жаппай электрлендірудің кәзіргі уақытта 20 жылға арнап жасалып жатқан алып жоспары елде 1980 жылы электр қуатын өндіруді 2 300 миллиард киловатт-сағатқа жеткізуді немесе 1965 жылғыдан 5 еседей көбейтуді көздейді. Міне осыған байланысты біздің республика алдында бұрынғыдан да кең өріс ашылады. Алдын-ала жасалған есепке карағанда Қазақстанда 1980 жылы электр қуатын пайдалану мөлшері 200 миллиард киловатт-сағат болуға тиіс. Егер Қазақстанның телегей-теңіз энергетикалық байлықтарын және республикамыздың территория жағынан қолайлы орналасуын еске алатын болсақ, электр қуатын жоғарыда көрсетілген цифрдан анағұрлым көп өндіруге болады деп кәміл топшылай аламыз.

Шығыс Қазақстанда Ертіс өзені бойында су электр станциялары салынады. Бұқтарма су электр станциясы салынғаннан кейін Шульба электр станциясы, ал кейіннен Семей, Белокаменск, Известковскі станциялары салынбақ.

Республиканың бұл өңірінде электр қуатын көп жұмсайтын өндірістердің үздік даму мүмкіншілігі туып отыр. Міне осыған орай келешекте мұнда салынатын су электр станциялары осы ауданның электр қуаты жөніндегі мұқтажын толық өтей алмайды. Бұл су электр станцияларын Павлодар ауданындағы бу электр станцияларымен жалғастыру арқылы бұл мұқтаждықты толық өтеуге болады.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарының энергетикасы негізінен келешекте Іле, Қаратал, Көксу және өзге өзендерде салынатын су электр станцияларына негізделеді. Мұнымен бірге Қазақстанның оңтүстік аудандарында бу электр станциялары салынады. Ол станциялар негізінен мазутпен, Бұхара газымен жұмыс істейтін болады.

Қазақстанның орталық және солтүстік аудандары электр қуатын өндіру жағынан да, оны пайдалану жағынан да көрнекті үлес алады.

Бұл аудандарда энергетика бу электр станциялары негізінде дамытылады. Бұған мүмкіндік зор, көмірі ашық әдіспен өндірілетін Екібастұз, Майкөбе, Теңіз-Қоржынкөл, Обаған және басқа да ірі көмір бассейндері осы аудандарда.

Партия мен үкімет алға қойып отырған зор міндеттерді орындау энергетика құрылысы ісін, жобалау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды, энергетик кадрларды даярлауды түбірінен жақсартуды талап етеді.

Совет Одағын жаппай электрлендірудің ұлы программасын жүзеге асыру — елді жаппай электрлендіру жөніндегі лениндік идеяны жүзеге асыру деген сөз.



# Партияның қолқанаты

С. ИМАШЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі  
меңгерушісінің орынбасары*

Коммунистік партияның жауынгер көмекшілерінің бірі — советтік баспасөз. Шын мәнісінде миллиондардың трибунасы болған біздің газет-журналдарымыз совет халқына жан аямай қызмет етеді, социалистік мемлекетті нығайту, елімізде коммунистік қоғам орнату үшін белсене күреседі. Партияны халықпен рухани біте қайнастыра отырып, совет баспасөзі адамзат ақыл-ойының, озық мәдениеттің асқар шыны — марксизм-ленинизм идеяларын тынбай насихаттайды, оны бүкіл халықтың игілігіне айналдырады. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, баспасөз партияның ең өткір, ең күшті, алысқа мезгейтін идеялық қаруы. Журналистердің бірінші съезіне жолдаған КПСС Орталық Комитетінің құттықтауында біздің елімізде баспасөз халықтың рухани өмірінің бөлінбейтін бір бөлегі, ал советтік журналистика партия мен қоғам қызметінің аса маңызды саласы болып отыр деп көрсетілген.

Коммунистік партияның, оның баспасөзінің негізін салушы көсеміміз асқан журналист В. И. Ленин газет-журналдарды еңбекшілердің қалың бұқарасына ықпал жасаудың бірден-бір құралы деп білді. Владимир Ильич совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ баспасөзді саяси даурықпалықтан, сыңаржақ ұрандардан бастартуға, өздерінің бар күшін халық бұқарасының нақтылы іс тәжірибесінен туған жаңалықтар мен құнды бастамаларды көре білуге, оларды қолдап, кеңінен тарата білуге шақырды. «Бізде өмірдің барлық саласының жанды, нақтылы мысалдары мен үлгілері арқылы бұқараны тәрбиелеу кем, ал мұның өзі капитализмнен коммунизмге өту кезінде баспасөздің басты міндеті болып табылады» деп жазды В. И. Ленин (Шығармалар, 28-том, 87-бет).

Лениндік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия баспасөзді барынша дамыту, оның идеялық дәрежесін көтеру, халық арасында газет-журналдарды, кітаптарды мол тарату жөнінде нақтылы шараларды жүзеге асырды. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Коммунистік партия еліміздің барлық халықтарының тілдерінде, әсіресе Октябрь революциясына дейін ұлт тілдерінде әдебиеті жоқтың қасы болған Советтік Шығыс халықтарының арасында газет шығару, кітап баспаларын ашу мәселесін қолға алды. Қазақстанға полиграфиялық жабдықтар мен материалдар жағынан көмек көрсету ісімен Владимир Ильичтің өзі тікелей шұғылданды. Полиграфия өнеркәсібінің мешеулігі, халықтың түгел дерлік сауатсыздығы, журналист кадрлардың болмауы, тағы сол сияқты көп қиыншылықтарға қарамастан, тарихи қысқа мерзім ішінде басқа туысқан республикалар сияқты Қазақстанда да газеттер мен журналдардың кең де тұрақты жүйесі құрылды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнделікті қамқорлығы арқасында өскелең өмірге сай еліміздің баспасөзі жылдан-жылға өсіп нығаюда. Қазір Совет Одағында алпыс жеті тілде он мыңнан астам газет шығады. Қазақстанда ғана 2 миллион 662 мың тиражбен қазақ,



рыс, өзбек, ұйғыр, корей тілдерінде 325 республикалық, облыстық, қалалық және аудандық газет шығады, ал олардың тең жартысына жуығы қазақ тілінде. Республикада 250-ден аса баспахана жұмыс істейді. Егер Қазақстанда 1913 жылы не бәрі төрт мың тиражбен 13 кітап ғана шығарылса, кәзір жылына 16 миллион тиражбен 1.800 кітап шығарылады, еңбекшілер 145 миллион сомның кітабын сатып алады. Республикада 4 миллион 526 мың дана газет-журнал таратылады, яғни орта есеппен екі адамға бір газет немесе журнал жаздырылып алынады.

Советтік баспасөз—халықтың қалың бұқарасымен тығыз байланыс жасайтын, олардың талап, тілегіне сай жұмыс істеп, миллиондаған еңбекші бұқараны партияның саясатын жүзеге асыруға жұмылдырып отыратын жаршысы. Халқымыз өзінің баспасөзін еңбекшілердің мүддесін көздеуші, ақылшысы деп біледі, оны шексіз сүйеді, оның жұмысына белсене араласады. Халыққа шын берілгендік, шыншылдық, жоғары идеялық, принциптік дүние жүзіндегі ең озық, прогресшіл совет баспасөзінің айрықша белгілері болып табылады.

Бүкіл совет баспасөзі сияқты Қазақстанның газет-журналдары да партиямыздың жауынгер көмекшісі ретінде коммунистік құрылыстың алдыңғы қатарында келеді. Тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіп пен құрылысқа басшылық етуді қайта құру, халыққа білім беру ісін жақсарту тағы сол сияқты партиямыздың аса маңызды шараларын жүзеге асыруда Қазақстан журналистері, жұмысшы және ауыл-село мұштері өздерінің өсіп, жетілгенін, жауапты міндеттерді ойдағыдай орындай алатынын көрсетті. Республикалық «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің Еңбек Қызыл ту орденімен наградталуы да осыған дәлел. Баспасөздің ұйымдастырушылық ролі КПСС XXI съезі алдында СССР Халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары туралы тезистерді кеңінен талқылау кезінде тағы айқын көрінді.

Кәзіргі жағдайда, коммунизм миллиондаған адамдардың күнделікті практикалық ісі болған жағдайда, еңбекшілерді тәрбиелеу, идеологиялық жұмыс айрықша маңыз алады. Партияның XXI съезінде жасалған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас партия ұйымдарының бүкіл идеологиялық жұмысы совет адамдарының жаңа сапасын дамытуға, оларды коллективизм мен еңбек сүйгіштік, социалистік интернационализм мен патриотизм, жоғары принципті мораль рухында, марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеу үшін қызмет етуге тиіс деді. Бұл міндетті жүзеге асыруда баспасөз зор роль атқарады.

Партиямыздың XXI съезінен кейін республика баспасөзі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдени құрылыс мәселелерін жазуды едәуір жақсартты. Газеттерде съезд шешімдерін насихаттауға, онда қорытылған практикалық және теориялық мәселелерді түсіндіруге арналған көптеген құнды материал басылды. Олар өз Отанына шексіз берілген, еңбек сүйгіш, коммунистік құрылыстың барлық саласында жаңа табыстарға жете беру үшін күресіп жатқан совет адамдарының жарқын тұлғасын, ой-тілегін, еңбектегі ерлігін жанжақты көрсете бастады. Газеттердің авторлармен, оқушылармен байланысы бұрынғыдан да нығая түсті. Партия ұйымдарының басшылығы мен күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында газеттердің идеялық дәрежесі артып, тақырыбы кеңейді, редакцияға түсетін хаттар саны көбейді.

Партияның XXI съезінің тарихи шешімдерін басшылыққа ала отырып, республикамыздың баспасөзі өзінің бүкіл қызметін еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен инициативасын арттыруға жұмылдыруда. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Ленинская смена» газеттері республиканың халық шаруашылығы мен



мәдениетінің даму болашағын бейнелейтін, облыстар мен аудандардың жетіжылдығына арналған беттер мен көлемді материалдар ұйымдастырды. «Советтік Қарағанды», «Социалистическая Караганда», Шығыс Қазақстан облыстық «Знамя Коммунизма», «Лениногорская правда» «Балқаш жұмысшысы» және басқа газеттер өнеркәсіп пен құрылыс мәселелерін, әсіресе техникалық прогресс үшін күрес мәселесін жазуды жақсартты, өнеркәсіп орындары мен құрылыстар жөнінде корреспонденциялар мен очерктер, репортаждар мен суреттемелер басып, тематикалық беттер ұйымдастырды, өндіріс жаңашылдарына сөз беріп, озақ коллективтердің іс тәжірибесін күнбе-күн көрсете бастады.

Ауыл шаруашылығын өркендету, әсіресе тындағы мол астық үшін күресте Павлодар облыстық «Қызыл ту», «Павлодарская правда» газеттері көп үлес қосты. Преснов совхозының трактор-егіс бригадир Иван Поленышевтің берекелі гектар үшін күресу жөніндегі бағалы бастамасы осы газеттер арқылы облыс еңбеккерлері арасында кеңінен тарады. Берекелі гектар мәселесі облыстық газеттердің беттерінен соңғы екі-үш жыл бойы түспей келеді. Кәзір Поленышев жолдас әрбір гектар бойынша астықтың өнімін көбейтумен бірге, оның түсер құнын кеміту үшін де күресуде. «Қызыл ту», «Павлодарская правда» газеттер көктемгі егісті ұйымшылдықпен, сапалы өткізуге айрықша мән беріп келеді.

Өткен жылы Оңтүстік Қазақстан облысы мақтаны жақсы өсіріп ноябрь айының алғашқы күндерінде-ақ өздерінің социалистік міндеттемелерін орындап шықты. Осыған байланысты «Оңтүстік Қазақстан» «Правда Южного Казахстана» газеттері үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізді. «Отанымызға 200.000 тонна мақта берейік» деген ұранмен мақташылардың жоғары өнім үшін күресін, социалистік жарыс күнделігін үзбей жазып, міндеттемелерін бұрын орындаған аудандардың шаруашылықтардың, бригадалардың іс тәжірибесін кең насихаттады, үлгілі істің, жаңалықтың жаршысы болды.

Екінші тынды игеру — қой шаруашылығын өркендету, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін молайту жөнінде Қызылорда облыстық «Ленин жолы», Семей облыстық «Прииртышская правда» және басқа газеттерде көптеген материалдар жарияланды. «Ленин жолы» редакциясы тұрақты жемшөп қорын жасау, әсіресе жайылымдарды игеру көпжылдық шөптер егісін ұлғайту, қой шаруашылығын тәжірибелі шопандармен нығайту мәселесіне көп көңіл бөліп келеді. Газет жастардың фермаларға жұмысқа баруын қолдап, олардың еңбектері алғашқы табыстарын баяндайтын очерктер мен суреттемелер беріп отырады. Озат шопандар, ауыл шаруашылығының мамандары пікір алысып, өздерінің нақты ұсыныстарын, іс тәжірибелерін ортаға салады.

Біздің баспасөздің үлкен отрядының бірі — аудандық газеттер Партияның ХХІ съезінен кейін олардың ролі ерекше артты. Соңғы кезде республикадағы аудандық газеттердің қызметі біраз жақсарып, оқушылармен байланысы күшейе түсті. Оған дәлел — аудандық газеттердің тиражының жылма-жыл өсуі. Өткен жылы аудандық газеттердің тиражы екі есеге жақын артып, 745 мыңға жетті. Сонымен бірге республикадағы аудандық газеттердің бәрі төрт бет болып шығатын болды. Мұның өзі газеттердің мазмұны жақсаруына пайдасын тигізуде.

Көптеген аудандық газеттер жергілікті партия, совет ұйымдарының жұмысын жанжақты жаза отырып, озат тәжірибені іскерлікпен насихаттайды, социалистік жарыстың жалынды жаршысы болып, ауыл-село еңбеккерлерін совхоздардың, колхоздардың, бригадалардың, фермалардың алған міндеттемелерін аброймен орындап шығуға жұмылдыруда.

Мысалға Ақмола облысының Макин аудандық «Ленинский путь» газетін алайық. Жұмысшы-село тілшілеріне сүйене отырып, газет жергілікті тақырыптарға қарапайым адамдар, олардың өмірі мен еңбегі ту



ралы үзбей материалдар басып келеді. «Ленинский путь» газетінде рейд бригадаларының, село тілшілері қостарының хабарлары жиі-жиі жарияланып тұрады. «Ауданның өмірі», «Аудан бойынша» деген арнаулы рубрикалармен жергілікті жерде болып жатқан жаңалықтар жөнінде қызықты хабарлар басылады. «Үйрен, салыстыр, өзінде қолдан» деген рубрикамен шығып тұратын озат тәжірибе беттері газет оқушыларын сүйсіндіреді.

1960 жылғы 9 январьда қабылданған «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысы идеологиялық жұмыста жана дәуір ашты. Орталық Комитет халыққа коммунистік тәрбие беруде баспасөздің ролін айрықша атап көрсетті. Кәзіргі жағдайда, делінген бұл тарихи документте, газеттер мен журналдардың кең жүйесін құрып, кітаптарды жаппай басып шығару міндеті негізінен шешіліп отырғанда, олардың идеялық дәрежесін ұдайы арттырып, оларды коммунистік құрылыстың маңызды міндеттерін шешу үшін іскерлікпен пайдалана білу басты мәселе болып табылады. Бұл үшін маңызды саяси, шаруашылық, идеологиялық және моральдық-этикалық мәселелерді батыл қойып, баспасөздегі насихаттық материалдардың мазмұны мен сапасын жақсарту қажет.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде партия ұйымдарының барлық жұмысының идеялық негізі—маркстік-лениндік теория. Теорияны халық бұқарасының тарихи творчествосымен тығыз байланыстыра насихаттау, партия мен үкіметтің іске асырып жатқан шараларын, еліміздің ішкі және халықаралық тұрмысының аса маңызды мәселелерін жедел түсіндіріп, советтік қоғамға жат идеологияны батыл әшкерелеп отыру біздің баспасөзіміздің ең басты, абройлы борышы.

Республика журналистері КПСС Орталық Комитетінің қаулысын зерек үйреніп, баспасөз бетіндегі насихатта болып келген кемшіліктерді батыл жойып, газеттердегі теориялық материалдарды әртүрлі, қызықты етіп даярлауға, олардың пәрменділігін асыра түсуге бар жігерін жұмсауда. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына 90 жыл толуын мейрамдау қарсаңында жарияланған материалдардың идеялық дәрежесі жоғары болды. Қазақстан еңбекшілерінің В. И. Ленинге жолдаған хаттары, қазақ совет әдебиетіндегі Владимир Ильичтің бейнесі, жаппай электрлендіру туралы лениндік жоспардың Қазақстанда іске асуы тағы басқа көптеген материалдарды газет оқушылары зор ынтамен оқыды.

Баспасөзге партия, совет қызметкерлерін, ғалымдарды, өнеркәсіппен ауыл шаруашылығы мамандары мен озаттарын мол қатыстырып, жұмысшы, ауыл-село тілшілері қозғалысын барынша өрістету керек. Халыққа арқа сүйеген, халықпен тығыз байланысты газет қана Ленин айтқандай, коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші, коллективтік ұйымдастырушы міндетін ойдағыдай орындай алады.

Соңғы кезде республикада жұмысшы-село тілшілерінің қозғалысына партия ұйымдарының басшылығы жақсара түсті. «Прииртышская правда», «Семей правдасы» газеттерінің, бірқатар аудандық газеттердің редакциялары жанында жұмысшы-село тілшілерінің кабинеттері құрылды. «Есіл правдасы» газеті редакциясы жанында құрамында 42 адамы бар авторлар советі жұмыс істейді. «Социалистическая Караганда» және «Советтік Қарағанды» газеттерінің редакциялары жанындағы жұмысшы-село тілшілері советтерінің құрамы облыстық партия комитетінің бюросында бекітілді. Партия комитеттерінің басшылығы және күнделікті көмегі арқасында Қостанай облыстық «Ленинский путь», «Акмолинская правда» тағы басқа көптеген облыстық, аудандық газеттер көктемгі егіске әзірлік, әсіресе техника мен тұқымның әзірлігін тексеру мақсатымен ауыл-село тілшілерінің рейдтерін ұйымдастырды. Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің де жұрт



сүйсініп оқитын газеттердің бірі болуы жұмысшы-село тілшілерімен байланысты күшейтіп, оларға басшылықты жақсартқандықтан.

Авторлар, жұмысшы-село тілшілері советтерімен қоса, бірнеше газетте штаттан тыс бөлімдер құрылды. «Павлодарская правда» газетінде штаттан тыс екі бөлім жұмыс істейді. Павлодар облысының Ерман аудандық «Путь Ильича», Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай аудандық «Ленин туы» тағы басқа көптеген аудандық газеттерде штаттан тыс насихат бөлімдері құрылып, олардың құрамына теориялық даярлығы мол, жоғары білімді мамандар, тәжірибелі насихатшылар тартылды. «Социалистическая Караганда» газетінің Қазақстан Магниткасындағы штаттан тыс бөлімі бір айдың ішінде елуге жақын қызықты корреспонденциялар мен хабарлар жіберді.

Газеттердегі құнды бастамаларды, жақсы тәжірибелерді ортаға салумен бірге олардың жұмысындағы кемшіліктерді де айтқан жөн. Біздің кейбір газеттеріміз әлі де өмірдегі жаңалықты батыл қолдап, совет адамдарының өмірі мен еңбегін жанжақты терең жаза алмай келеді. Өнеркәсіп пен құрылыс мәселесі жөнінде жазылған бірсыпыра материалдарда кәсіпорындардың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне терең талдау жасалмайды, еңбекті ұйымдастыру, пайдаланылмай жүрген резервтерді ашып, іске қосу мәселесіне көңіл аз бөлінеді. Газеттерде ауыл шаруашылығының проблемалық мәселелері де жеткіліксіз көтеріледі.

Әлі күнге кейбір газеттерде идеология жұмысын қайта құру мәселесі, творчестволық ұйымдардың өмірі көрсетілмей қалып жүр. Партия насихаты туралы жазылған мақалаларда көбіне-көп оның идеялық дәрежесіне, мазмұнына талдау жасау жағы жетіспейді. Газеттерде экономика мәселелерін үйренушілер үшін көмекші материалдар сирек басылады. Партия тарихынан методикалық материалдардың бірсыпырасы революцияға дейінгі тақырыптарға арналып, ал партияның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, соғыстан кейінгі, әсіресе партияның XX съезінен кейінгі жылдардағы қызметін оқып үйренушілерге көмек болатын консультациялар әлі күнге аз беріліп келеді. Жамбыл облыстық «Коммунист», Батыс Қазақстан облыстық «Приуральская правда» газеттері партиялық насихат мәселелерін әлі күнге жеткіліксіз, кейде тіпті сауатсыз жазып жүр.

Аудандық газеттердің ішінде жергілікті өмірдің көкейтесті мәселелерін жазудың орнына орталық, республикалық, облыстық газеттердің материалдарын көшіріп басумен әуестеніп жүргендер де жоқ емес. Мәселен, Қостанай облысының Қарасу аудандық «Знамя Октября», Павлодар облысының Үрлітүп аудандық «Ленинское знамя», Батыс Қазақстан облысының Фурманов аудандық «Коммунизм туы» газеттері қолдарына түскен материалдарды талғаусыз баса береді.

Баспасөздің идеялық дәрежесі мен ұйымдастырушылық қабілеті кәзіргі талапқа сай болуы үшін партия комитеттері өздерінің қолқанаты — газеттерге нақты басшылық жасап, күнбе-күн қамқорлық көрсетіп отыруы қажет, ал журналистер өздерінің идеялық-теориялық дәрежесін, рухани ой-өрісін күн сайын кеңейтіп, өмірді терең зерттеп, қажымай-талмай ізденіп, инициативасын көтеріп, іс шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруға тиіс.

Аудандық партия комитеттері нақты басшылық беріп тұрған жерде газеттің дәрежесі жоғары, халық алдындағы беделі күшті. Қарағандық облысының Тельман аудандық партия комитетінің бірінші секретары В. П. Максимов жолдас партия комитетінің пленумдарында, партия активі жиналыстарында басшы қызметкерлерді баспасөз бетін кең пайдалануға, аудандық газетке күнбе-күн қатысып тұруға шақырады. Өзі жиі-жиі редакцияда болып, оның қызметкерлерімен сөйлесіп, газеттің



мазмұнының жақсаруына үнемі көмектеседі, сын мақалаларын қолдап, ондағы көрсетілген кемшіліктерді жөндеуге шара қолданып отырады.

Алайда кейбір аудандық партия комитеттерінің газеттерге басшылығы әлі де нашар. Қызылорда облысы, Теренөзек аудандық «Еңбек майданы» газетінің редакторы газетті жақсылап шығарып, халыққа газет арқылы әсер етудің орнына көбіне уәкіл болып, ұзақ командировкада жүреді. Осындай жағдай басқа аудандарда да кездеседі. Өткен жылы Қостанай облысы, Урицкий ауданы «Совхозная правда» газеті редакторының өзі аудан ішінде жүрсе де, аудандық партия комитеті газетті шығаруды партия қатарынан шығарылған кездейсоқ адамға тапсырған. Газеттегі өткір сынға қамқорлық жасап, оны қолдап отырудың орнына кей жерде редакция қызметкерлеріне қысым жасаушылық та жоқ емес. Жақында Алматы облыстық партия комитеті аудандық газеттегі сын мақаланы тоқтатқаны үшін Қаскелең аудандық атқару комитетінің председатели Банченко, аудандық партия комитетінің секретары Алпысбаев жолдастарды қатты жазалауға мәжбүр болды.

Коммунизм орнатуды кең өрістетуді жағдайында баспасөздің ролі бұрынғыдан анағұрлым арта түсті. Баспасөз сияқты өткір де айбынды қарусыз, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — партия өзінің идеологиялық жұмысын ойдағыдай жүргізе алмайды. Коммунистік партияның Орталық Комитеті, Н. С. Хрущев жолдас журналистердің еңбегін жоғары бағалайды. Жақында еліміздің он екі көрнекті журналисіне Лениндік сыйлықтың лауреаты деген атақ берілуі де осының айғағы. Совет журналистері ұлы да қуанышты заманның, ленинизм идеяларының салтанат құрған заманының шежірешілері болғанына бақытты екенін мақтан етеді. Бүкіл совет журналистерімен бірге Қазақстан баспасөзінің қызметкерлері, жұмысшы-село тілшілері республикамыздың халық шаруашылығын бұрын-соңды болмаған жаңа сатыға көтеру, мәдениетін онан әрі өркендету үшін жан аямай күреседі.

Сүйікті партиямыздың Орталық Комитетінің, Н. С. Хрущев жолдастың инициативасымен кең көлемде жаңа жерлер игеру республикамызды еліміздің астықты өлкесіне айналдырғаны мәлім. КПСС XXI съезінің, Орталық Комитеттің декабрь Пленумының тарихи шешімдерін жүзеге асыруға ұмтылған республика еңбекшілері биыл бір жарым миллиард пұт астық өндіру, мемлекетке 800 миллион пұт астық, 700 мың тонна ет, 86 мың тонна жүн, 1 миллион тонна сүт сатуға міндеттенді. Осы міндеттемелерді абыроймен орындау үшін күресте алдыңғы шепте болу — Қазақстан баспасөзінің абройлы борышы.

Өзінің идеялық дәрежесін арттырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы жақсы үлгі, озат тәжірибені көпке таратып, кемшіліктерді батыл сынап, республика еңбекшілерін коммунизм ісіне берілгендік, Отанға шексіз сүйіспеншілік рухында, пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы рухында тәрбиелеу, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізу газеттеріміз бен журналдарымыздың бүгінгі таңдағы өзекті міндеттерінің бірі. Сонымен бірге, биылғы жылғы октябрьде толатын Қазақ ССР-нің 40 жылдық мерекесін жаңа табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты өрістетуге баспасөз айрықша көңіл бөлуге тиіс.

Коммунистік құрылыс пен коммунистік тәрбие, совет адамдарының ерлік еңбегі мен жоғары адамгершілік мұраттарының тақырыптары — баспасөздің басты тақырыптары деп көрсеткен КПСС Орталық Комитетінің нұсқауын Қазақстанның барлық журналистері өз жұмысының айбынды программасы деп біледі, партияның қолқанаты деген жоғары атақты аброймен ақтап, советтік баспасөздің лениндік дәстүрлерін молайта отырып, коммунизм жолындағы күрестің ұлы ісіне бар күш-жігерін жұмсайды.



# Радио мен телевидение — бұқараны тәрбиелеу құралы

К. САҒЫНДЫҚОВ,

*Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы радио және телевидение  
Комитетінің председатели*

Елімізде Совет өкіметі орнаған күннің ертеңінде-ақ ұлы Ленин, Коммунистік партия радио ісін өркендетуге зор көңіл бөліп, мұны сан миллион еңбекшілердің игілігіне айналдыру жөнінде нақты нұсқаулар берген болатын. В. И. Ленин радионы алысты жақын ететін, қағазсыз газет, сымсыз телеграф дей келіп, келешекте «Бүкіл Россия Москвада оқылған газетті тыңдайтын болады» деген еді. Көсемнің бұл нұсқауы кәзірде толық жүзеге асып отыр.

Содан бері өткен уақыттың ішінде ұлан-байтақ елімізде радио адам айтқысыз кең өріс алды. Соңғы жылдары Қазақстанда қуатты радио станциялар салынды, радио хабарын қабылдайтын орындар саны көбейді. Кәзіргі уақытта республикамызда 2 900 радио торабы, 890 мың радио нүктесі, 426 мың радио қабылдағыш бар. Республикамызда тұратын халық түгелінен дерлік күн сайын Москвадан, Алматыдан, облыс орталықтарынан берілетін радио хабарларын тыңдап отырады.

Ғылым мен техниканың ерекше шапшаң өркендеуі нәтижесінде елімізде телевидение де қарыштап алға басулы. Соңғы төрт-бес жыл ішінде Қазақстанда телевидение орталықтарының салынуы республика еңбекшілерінің идеялық өміріндегі үлкен оқиға болды. Кәзір Алматыда, Қарағандыда, Өскеменде, Жезқазғанда телецентрлер жұмыс істейді. Таяуда Ақтөбе мен Петропавл станциялары да іске қосылып, еңбекшілерге телевидение программаларын көрсете бастайды. Сонымен қатар Қостанайда, Лениногорда және басқа жерлерде маңайдағы телецентрлердің программаларын қабылдап тарататын станциялар (ретрансляторлар) салынып жатыр. Шымкент ретрансляторы кәзір Ташкент телевидение программасын қабылдап отыр. Республикамызда еңбекшілердің қолындағы есепке алынған телевизорлар саны 60 мыңға жетіп, телевидение программасын бір мезгілде көрушілер саны 300 мыңнан асты.

Коммунистік қоғам құрылысында, дүние жүзінде жаппай баянды бейбітшілік орнату жолындағы күресте совет халқының қолы жеткен келелі табыстар елімізде бүкіл идеология жұмысын, онын маңызды бір саласы радио мен телевидениені мықтап алға бастыруға жағдай жасап отыр. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау ісінде, еңбекшілерді жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолындағы күреске жұмылдыруда, бұқараға коммунистік тәрбие беруде радио мен телевидениенің маңызы зор екені айтылған.

Таяуда Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті елімізде радио жұмысын жақсарту және телевидениені онан әрі дамыту жөнінде арнаулы қаулылар қабылдады. Аталған тарихи документтерде радио мен телевидение жұмысы толық талданған, бұл жұмыстағы елеулі кемшіліктер көрсетілген, кемшіліктерді жою жолдары белгіленген. Радио мен телевидение қызметкерлері бұл қаулыларды өздерінің барлық іс-әрекетінің айбынды программасы, бұқараға тәрбие беретін осынау аса күшті құралдарды онан әрі өркендету жөніндегі зор қамқорлық деп біледі.



Баспасөзбен қатар радио және телевидение халықтың күнделікті тіршілігіне мықтап еніп, бұқараға саяси және эстетикалық тәрбие беруде, коммунистік құрылыстың ұлы программасын жүзеге асыру үшін еңбекшілердің творчестволық күш-жігерін ұйымдастыруда келелі қызмет атқара бастады. Айта кету керек, радио мен телевидение бұқаралық-саяси жұмысқа кемірек тартылатын халық топтарын да қамтып отырады. Сондықтан да радио мен телевидение қызметкерлерінің алдына қойылатын талаптар зор. Осы талаптар тұрғысынан алып қарағанда біздің республикалық, облыстық радио комитеттерінің және телевидение студияларының программалары идеялық мазмұны жағынан да, түрі жағынан да еңбекшілердің рухани тілектерін ойдағыдай қанағаттандыра алмай отыр.

Қоғамдық-саяси хабарлар программасын жасаудағы елеулі кемшілік сол, партиямыздың XX және XXI съездерінің, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының тарихи шешімдерін, коммунистік құрылыстың табыстары мен міндеттерін, социализмнің капитализмнен артықшылығын насихаттау ісінде орнықты жүйе, белгілі бір дәйектілік жоқ. Көптеген радио хабарлары айбынды да пәрменді сыйпатта жүргізілмейді, бұлардың өмірмен байланысы нашар, материалдар көбінесе бір-сарынды келеді, сондықтан тыңдаушыларды онша қызықтырмайды да жігерлендірмейді. Радиоға қатысып жүрген маман авторлар саны тым аз, алуан тақырыптар жөнінде миллиондаған тыңдаушылармен ұғымды да қонымды әңгіме өткізе білетін беделді комментаторлар жоқтың қасы. Радио хабарларында тыңдаушылардың назары коммунистік құрылыстың негізгі мәселелеріне аударылмай, көбінесе кездейсоқ материалдар беріледі. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласындағы құнды бастамалар, ғылым мен техниканың жетістіктері, халықтың тұрмыс қажетін өтеудегі игілікті істер, советтік патриотизм мен халықтар достығының айқын мысалдары, совет адамдарының коммунистік еңбек үлгілері жөнді насихатталмайды.

Біздің жұмысымыздағы тағы бір елеулі кемшілік, радио қызметкерлерінің еңбекшілермен байланысы нашар, программа жасарда олар тыңдаушылардың ұсыныс-тілектерін ескеріп отырмайды, өнеркәсіп орындарында аз болады. Радио арқылы еңбекшілердің сұрақтарына жауап беру, тыңдаушылардың хаттары бойынша әңгімелер, еңбекшілердің өтініштері бойынша арнаулы хабарлар мен концерттер ұйымдастыру сияқты жұмыс түрлері бізде сирек қолданылады.

Республика радио қызметкерлері саяси насихаттың дәрежесін жоғары көтеру жөнінде батыл шаралар қолданып, партиямыздың нұсқауларын жедел жүзеге асыруға тиіс. Мұндағы басты шарт — радио программаларының мазмұнын үздіксіз жақсартып отырып, түрлерін қызғылықты етіп құру, тәжірибелі маман авторлар мен комментаторларды көп тарту, қолынан іс келетін, совет халқының қаһармандық істерін партиялық шабытымен, жалынды сөзімен бұқараға жеткізе алатын талантты жас журналистер тәрбиелеп өсіру болмақ.

Партияның Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес республикалық комитет жанынан штаттан тыс комментаторлар тобы құрылды. Мұнда партия, совет органдарының, қоғамдық ұйымдардың басшы қызметкерлері, партия газеттері мен журналдарының редакторлары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, халық шаруашылығы салаларында істейтін мамандар бар. Бұлар партияның ішкі және сыртқы саясаты, коммунистік құрылыстың практикасы, республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендету жайындағы күрделі мәселелер жөнінде радио мен телевидение арқылы қысқаша терең мазмұнды түсінік беріп отыруға тиіс.

Комитеттер мен студия редакцияларының жанынан әралуан программа түрлері бойынша қоғамдық советтер құрылып, жұмыс істей бас-



тады. Бұлардың құрамында ғалымдар, жазушылар, журналистер, композиторлар, артистер, оқытушылар, дәрігерлер, инженер-техник қызметкерлер, өндіріс озаттары, түрлі ұйымдар өкілдері бар. Советтің мүшелері белгілі бір редакцияның жоспарларын, программаларын талқылауға, берілетін хабарлардың тақырыптарын белгілеуге қатысып, жеке программаларды әзірлеуге ат салысады, өз мамандығына қатысы бар творчестволық мәселелер жөнінде түсінік беріп отырады, микрофон материалдарына рецензия жазып, өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салады. Сонымен бірге қоғамдық советтер еңбекшілермен тығыз байланыс жасауға дәнекер болатын штаттан тыс авторлар қатарын өсіруге тиіс.

Республикалық, облыстық радио хабарлары мен телевидение программаларына «Еңбекшілердің сұрауларына жауап» деген тұрақты цикл енгізілді. Министрлер мен олардың орынбасарлары, халық шаруашылығы советтерінің председателдері, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының басшы қызметкерлері, көрнекті ғалымдар, жазушылар, журналистер радио тыңдаушылардың, телевизор көрушілердің түрлі сұрақтарына микрофон алдында қысқаша жауап беріп отырады. Цикл енгізілгеннен бергі аз ғана уақыттың ішінде республикалық радио мен Алматы телевидение студиясы арқылы денсаулық сақтау министрі, сауда министрі, ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, басқа да министрліктер мен мекемелердің басшылары еңбекшілердің көптеген сұрауларына жауап берді. Кемшілікті жойып, жұмысты жақсарту шараларын баяндады.

Бұқараның сұрақтары мен ұсыныстарына, сын ескертпелері мен тілектеріне дер кезінде құлақ асып, жауап қайтару — әрбір басшы қызметкердің ардақты борышы. Бұл шара еңбекшілердің творчестволық талабын арттыруға себепкер болатыны, саяси, шаруашылық, мәдени жұмыстың барлық саласында игі нәтижелерге жеткізетіні даусыз. Кәзірде өнеркәсіптің, құрылыстың, колхоздың, совхоздың, мәдени-тұрмыс мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктерді сынап жазған хаттар саны бұрынғыдан едәуір көбейіп отыр.

Республикалық комитет белгілеген шаралардың ішінде радио тыңдаушылар мен телевизор көрушілердің конференцияларын өткізуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Радио күні қарсаңында, республиканың кейбір колхоздары мен совхоздарында осындай конференциялар өткізілді. Онда радио мен телевидение қызметкерлері КПСС Орталық Комитетінің қаулыларының маңызын түсіндіріп, еңбекшілерге өз жұмысы жайында есеп берді. Бұл конференцияларда жұмысшылар, колхозшылар, қызметкерлер радио мен телевидение программаларын жақсарту жөнінде көптеген бағалы ұсыныстар мен тілектер айтты.

Бүгін таңда радио мен телевидение қызметкерлеріне қойылып отырған басты талап — өмірге қызу араласып, коммунистік құрылыста күн сайын туып жатқан жаңалық өркендерін, халықтың ерлік істерін, озат еңбек үлгілерін бұқараға тарату. Республикамызда Валентина Гаганованың, Ярослав Чиждің, Иван Малашенконың жолын қуған, коммунистік еңбек өнегесін көрсетіп отырған өрендер көп-ақ, бірақ олар жайындағы хабарлар екінің бірінде үстірт, шалағай жазылады, тыңдаушыны еліктірмейді, өйткені хабар әзірлеген қызметкер еңбек ерінің аты-жөнін, игі бастамасын, өндіріс көрсеткіштерін келтірумен тынады да, оның ішкі дүниесін, ой-сезімін, жаңа сыйпатын ашып көрсете білмейді, бастаманың мәнін қандай нәтижеге жеткізетінін топшылай алмайды.

Радио хабары пәрменді, нәтижелі болуға тиіс. Мұның мәнісі — коммунистік еңбек екіпінділерінің, жетіжылдық озаттарының, үздік коллективтердің алған міндеттемелерін қалай орындағанын, табысқа қалай жеткенін қызылықты етіп көрсете біл, еңбек ерінің үлгісі өзгеге ой саларлықтай, жігерін тасытарлықтай болсын деген сөз. Алынған міндет-



темелерді кімнің қалай орындағанын жарысушылардың өздері радио арқылы бір-біріне хабарлап, пікір алысып отырса, мұның аса нәтижелі болатыны даусыз. Мысалы, қостанайлық Дәмелі Жаксылықова мен львовтық Ярослав Чиждің радио арқылы пікір алысуы, өзара жабысқан хаттары осыны көрсетеді. Социалистік жарысты насихаттаудың тағы бір әсерлі түрі мынау. Табиғи жағдайы бірдей, бірақ өндірістік көрсеткіші әртүрлі екі шаруашылық әр жерден кездеседі. Осындай екі шаруашылықты жанжақты салыстырып көрсетудің маңызы өте зор. Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан радиосы озық шаруашылықтың табысқа жеткен себептерін, екінші шаруашылықтың неліктен қалып қойғанын көрсетіп келеді. Мұның әсерлілігі тыңдаушылардың көптеген хаттарынан айқын көрініп отыр.

Радио мен телевидение қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі — КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының тарихи шешімдерін жүзеге асыруда республика партия ұйымына көмекші болу. Жасыратыны жоқ, соңғы кезге дейін бұл тақырыптағы материалдарымыз көбінше үстірт, жалпылама, сүреңсіз болып келді. Енді ауыл-шаруашылық өндірісі жайындағы хабарлардың сапасын жақсартуға күш салып, тың алқапты өлкенің мол астық алу жолындағы күресін жанжақты жедел көрсетіп отыруға баса көңіл аударамыз. Осы мақсатпен Ақмолада дербес тілшілер пункті құрылды, сонымен қатар мұнда солтүстік облыстар үшін аймақтық радио хабары ұйымдастырылмақ.

Республикамызда салынып жатқан Қазақстан Магниткасы, Соколов-Сарыбай комбинаты сияқты алып құрылыстар жайын насихаттауда біраз жұмыс істелді. Апта сайын «Республиканың екпінді құрылыстарында» деген циклмен арнаулы хабар беріліп отырады. Мұнда саналуан қиыншылықты жеңіп, ерен ерлік үлгілерін көрсетуші құрылысшылардың күресі баяндалады. Кәзірде бұл циклдан ұйымдастырған хабарларымыз тыңдаушылардың назарын аудара бастады. Сонымен қатар КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумының шешімдеріне сәйкес өнеркәсіп өндірісі жайындағы хабарларымызда механикаландыру және автоматтандыру мәселелеріне көбірек көңіл бөлудеміз. Өнертапқыштар мен жаңашылдардың, озаттардың творчестволық ой-пікірін өршітуге арнап «ойлан, өнер тап, шарықта» деген радиожурнал ұйымдастырдық. Журналды әзірлеуге инженерлер мен техниктер, конструкторлар мен жаңашылдар қатысып отырады. Жақында Шығыс Қазақстан радиосы Халық шаруашылығы советімен бірге Өскеменде өнертапқыштар мен рационализаторлардың конференциясын өткізді. Конференцияда шаруашылық ұйымдарының, кәсіпорындардың атына көптеген сын ескертпелер айтылып, ұсыныстар енгізілді. Соның ізінше осы ұсыныстар бойынша жедел шаралар қолданылып, радио арқылы жарияланды. Радио хабарының пәрменділігі міне осындай болуға тиіс. Дегенмен бұл жөнінде кемшілік те, істелетін іс те әлі көп-ақ.

Радионың бір артықшылығы — оның жеделдігінде. Бұл шарт сақталмаған күнде радио хабарының өтімділігі кеміп кетеді. «Соңғы хабарлар» редакциясы болып жатқан оқиғаның ізін суытпай, сан миллион тыңдаушыға қысқаша хабар беріп отыруға тиіс. Н. С. Хрущев жолдастың Америкаға, Азия елдеріне сапар шеккен кездерінде сөйлеген сөздері, түрлі қоғамдық өкілдермен кездесуі, әңгімелесуі радио арқылы сол заматта беріліп отырды; ал газеттерде бұл жайындағы хабарлар бір-екі күннен кейін ғана басылып жүрді. Бірақ радионың аса маңызды оқиғалар жөнінде газеттерден көп кешігіп хабарлайтын кездері де аз емес. Енді радиода мұндай әдетке жол берілмеуі керек.

Партия Орталық Комитетінің радио мен телевидение туралы қаулыларында жастар мен балаларды жанжақты тәрбиелеу міндеті баса айтылған. Бізде жастарға арналып, апта сайын екі тілде шығып тұратын «Коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүреміз» деген радиожурнал



бар. Бұл журнал кәзірде өндірістегі және оқудағы жастар арасында едәуір бедел алып отыр. Алайда жастарға арналған хабарлардың мазмұнын, тақырыбын мықтап жақсарту керек. Қазақстан тыңын мекендегендердің, алып құрылыстарда жұмыс істеп жүргендердің дені жастар, сондықтан оларды коммунистік патриоттық, интернационалдық рухта, мінез-құлық жағынан кіршіксіз таза өрендер етіп тәрбиелеу аса ардақты міндет. Ендігі жерде біз радио мен телевидение арқылы халықтар достығы және мораль-этика тақырыбына көбірек хабар ұйымдастыруға тиіспіз. Балаларға арналған хабарларда жас өркенді білімге талпындыру, еңбекке баулу мақсаты көзделуге тиіс. Әсіресе орта мектептің жоғарғы кластарында оқушыларға назар аудару керек болады.

Радио жұмысын жақсарту жөніндегі шаралардың ішінде белгілі бір тыңғылықты жүйемен марксизм-ленинизм ілімін насихаттау, буржуазиялық идеологияны әшкерелеу, социализмнің артықшылығын сипаттау міндеттері көрнекті орын алады. Сонымен қатар радио мен телевидение қызметкерлері «еңбек етпеген ішіп жемейді» деген коммунистік принципті бұқараға кеңінен түсіндіріп, жалқауларды, бұзықтарды, маскүнемдерді өткір де аяусыз түйреп отыруға тиіс.

Радио мен телевидение еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беруде үлкен роль атқарады. Біз практикалық жұмысымыз әдебиет-драматургия және музыка шығармалары жайындағы хабарларымыздың сапасын барынша жақсартуға тиіспіз. Партияның Орталық Комитеті қаулыларының талаптарына сәйкес радио мен телевидение қызметкерлері творчестволық ұйымдармен—жазушылар, композиторлар, журналистер одақтарымен—неғұрлым тығыз байланыс жасай бастады. Солардың көмегімен Қазақ республикасының 40 жылдық мерекесіне әдебиет пен музыканың таңдаулы шығармаларынан радио мен телевидение үшін жеткілікті қор жасап алмақшымыз, бұған біздің сахна шеберлері де белсене қатысуға тиіс. Мұнымен қатар бірсыпыра жазушылар мен композиторлар радио мен телевидениеге арнап қысқа жанрлы жаңа шығармалар жазуға кірісті. Алматы телевидение студиясының репертуарын толықтыру мақсатымен ең жақсы сценарий, пьеса, телефильм, телестановка жасауға бәйге жарияланбақ. Қысқасы, тапқыр да талантты творчестволық қызметкерлер радио мен телевидение программаларын оңдауға белсене қатысатын болады, сөйтіп бұрыннан орын тепкен кеселді қырсыққа — әдеби, музыкалық хабарлардың денін штаттағы қолтума «мамандар» жазатын әдетке батыл тиым салынады.

Республикалық радио мен Алматы телевидение студиясы ұйымдастырған мәдениет университеттері өзіне жұртшылықтың назарын аудара бастады. Аз уақыттың ішінде әдебиет пен көркем өнер шығармалары жөнінде көрнекті сыншыларымыз, әдебиетшілеріміз, өнер қайраткерлері бірталай лекция оқыды. Бұлардың ішінде Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың, Мұқтар Әуезовтың творчествосына арналған лекциялар тыңдаушылардан тәуір баға алды. Мәдениет университеттерінің программасын бұрынғыдан да жақсартып, маман авторларды лекция оқуға көбірек қарастыру мақсатын көздеп отырмыз.

Сонымен қатар бұдан былайғы жерде көркем өнерпаздар коллективтерінің, халық театрларының репертуарларына микрофоннан, телеэкраннан көбірек орын беріледі. Мысалы, жақында республикалық радио арқылы Ақсу халық театрының «Күн мен көлеңке» деген спектаклінің монтажы берілді. Тыңдаушылар жас коллективтің ойынын жылы лебізбен қарсы алды. Кәзіргі уақытта республикамыздағы таңдаулы өнерпаздар коллективтерінің репертуарын магнитофон пленкасына жазып алуға кірістік. Осы мақсатпен облыстарға бір топ маман қызметкерлер жіберілді. Бұл да әдеби-музыкалық қорымызды толықтыруға елеулі үлес болмақ.




Жұмысымыздағы кемшіліктердің басты себебі радио мен телевидение кадрларын іріктеп алу, даярлау, тәрбиелеу ісінің қанағаттанғысыз болуынан. Жасыратыны жоқ, республикалық және облыстық комитеттерде, сондай-ақ телевидение студияларында редактор, режиссер, тілші болып істейтіндердің бірталайы тәуір хабар ұйымдастыруға қабілетсіз, мамандығы шала адамдар.

Жергілікті партия комитеттері радио мен телевидение сияқты аса маңызды идеологиялық мекемелерді тәжірибелі қызметкерлермен нығайтуға жеткілікті көңіл бөлмей келді. Кәзіргі уақытта Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бұл жағдайды түзетуге батыл шаралар қолданып отыр.

Республикалық Комитеттің бұрынғы құрылымы күнделікті творчестволық мәселелермен қолма-қол айналысуға икемсіз болатын. Кәзір Комитеттің жаңа құрылымы жасалып, үкіметтің қарауына енгізілді. Мұнда әкімшілік-басқару аппаратын ықшамдау есебінен творчестволық қызметкерлер құрамын нығайту, редакциялар мен комитет мүшелері арасындағы керексіз буындарды жою, сөйтіп микрофон материалдарының сапасын, сондай-ақ жергілікті комитеттер мен студияларға басшылық ету ісін жақсарту мақсаты көзделіп отыр. Осыған сәйкес Комитеттің жанынан бірыңғай көркемөнер алқасы құрылып, оның құрамы толықтырылды, радио хабарларын жоспарлау ісі тәртіпке салына бастады. Кәзір республикалық Комитет апта сайын бастырып шығарып отырған радио-телевидение программасының тиражы 30 мың данаға жетті, мұның өзі қай күні қай сағатта қандай хабар берілетінін тыңдаушылар мен көрушілерге алдын-ала жеткізетін нағыз анықтамаға айналды.

Республикада радио мен телевидениенің материалдық базасын мықтап күшейту қажет. Бүгін таңда ең зәру болып отырған нәрсе — радиода екінші программа енгізу мәселесі. Күні бүгінге дейін республикалық радио хабарлары бір программамен жүргізіледі. Республикамызда көптеген ұлт өкілдері тұратынын, кәзірде бір программаның өзі бес тілде — қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, чечен тілдерінде хабар тарататынын ескеретін болсақ, кәзіргі жай республика еңбекшілерінің өскелең тілегін әсте қанағаттандыра алмайды. Сондықтан Қазақ ССР Байланыс министрлігі екінші программаның техникалық базасын тез жаңсауға міндетті.

Партияның Орталық Комитетінің тарихи қаулыларымен жігерленген радио, телевидение журналистері партияның қолқанаты деген абыройлы атаққа лайық жұмыс істеп, бұқараға коммунистік тәрбие беруде, республикамыздың алдында тұрған келелі міндеттерді орындауда, Советтік Қазақстанның 40 жылдық мерекесін шаруашылық пен мәдениеттің барлық саласында зор табыстармен қарсы алу ісінде республика партия ұйымының шын көмекшілері болуға бар күшін салады.





# Советтердің күші—бұқарамен тығыз байланыста

*С. АХМЕТОВ,*

*Қазақ ССР Министрлер Советінің жергілікті Советтер бөлімінің меңгерушісі*

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымы — жергілікті Советтердің ролін күшейте беру міндетін қойды. «Қоғам дамуының кәзіргі кезеңінде, — деп жазылған съезд қарарында, — ...Советтер өнеркәсіп орындары мен құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың жетіжылдық тапсырмаларын орындауға бағытталған жұмысының аса маңызды мәселелерімен күнбе-күн шұғылдана отырып, еңбекшілердің әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін арттыруға қамқорлық жасауға тиіс».

Советтер өздерінің алдына қойылған бұл міндетті бұқарамен байланысын барынша нығайта түсіп, олардың белсенділігіне көбірек сүйенгенде, социалистік демократияны өрістете түскенде, бюрократтық пен қағаз бастылықтың көріністеріне қарсы батыл күрескенде ғана толық орындай алады.

Еліміз коммунизмге қарай ілгері басқан сайын шаруашылық пен мәдениет құрылысының көлемі ұлғая түсетіні белгілі. Советтер партия ұйымдарының басшылығына сүйене отырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, адамдарды коммунизм рухында тәрбиелеу міндеттерін орындау жолында қажырлы күрес жүргізеді.

Советтер бұл күресте жалғыз емес. Олардың басшылығымен жұмыс істейтін түрлі қоғамдық ұйымдарда сан миллиондаған жұмысшылар мен колхозшылар, интеллигенттер жұмыс істейді. Осы айбынды күшті коммунизм құрылысына жұмылдыра отырып, совет қызметкерлеріне бұқараны күнбе-күн үйретіп те, олардан үйреніп те отырудан құрметті не бар! Өз жұмысын осылай ұйымдастыра алған көптеген жергілікті Совет органдарының іс нәтижесі бұған толық дәлел.

Павлодар облысының Лозов аудандық Совет атқару комитетінің (председателі Ә. Ыбраев жолдас) жұмыс тәжірибесін алайық. Аудандық атқару комитеті жұмыс жоспарын күні бұрын жасайды да, өзінің барлық бөлім қызметкерлерін, Советтің тұрақты комиссияларын қатыстыра отырып, жанжақты талқылап қабылдайды. Олар өздерінің күнбе-күнгі жұмысында, ауылдық-селолық, поселкелік Советтерде, колхоз, совхоздарда болғанда жоспарда көрсетілген шаралардың іске асырылуын ұйымдастырады, аудан еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттерді қалың бұқараға кеңінен түсіндіру жұмысымен шұғылданады.

Аудан еңбекшілері өткен шаруашылық жылын жақсы табыстармен аяқтады. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық тапсыру жоспарын 128 процент, ет тапсыру жоспарын — 133, сүттен 103, жүннен — 127, жұмыртқадан — 119 процент орындады. Мал санын өсірудің жоспары да барлық түлік бойынша асыра орындалды. Аудан еңбекшілерінің қолы жеткен бұл табыстарын ұйымдастыруға партия ұйымдарымен бірге жергілікті Советтер, мыңдаған совет қызметкерлері мен активтері елеулі үлес қосты.

Ауданның партия, совет және шаруашылық орындары биылғы жылдың қамын да ерте ойластырды. Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығы машиналарын, тракторларды жөндеуді жаңа жылға дейін-ақ



толық аяқтады және бір мыңға жуық механизатор кадрлар даярлап, оқытып шығарды. Үстіміздегі жылдың көктемгі егісіне аудан шаруашылықтары жақсы әзірлікпен кірісіп, оны қысқа мерзімде сапалы аяқтап шықты. Бұл болашақ мол өнімнің негізі қаланды деген сөз.

Ұйымдастыру жұмысы істің нәтижесіне қарай бағаланады, өлшенеді десек, Лозов аудандық Совет атқару комитеті жүргізіп жатқан ұйымдастыру жұмыстары, оның еңбекшілер бұқарасымен күнделікті байланысы қандай нәтижеге жеткізгенін жоғарыдағы мысалдардан көруге болады.

Аудандық Совет сессиялары мен ауатком мәжілістеріне Қазақстан Компартиясы Лозов аудандық комитетінің бірінші секретары депутат И. Баюк жолдас және басқа секретарьлары үнемі қатынасып, Советтердің бұқарамен байланысын нығайту, олардың белсенділігін арттыру жөнінде пікірлерін, кеңестерін айтып отыратыны — партиялық жанашыр басшылықтың үлгі-өнегесі деп айта аламыз.

Енді қалай! Сан салалы күрделі жұмыстар — ел ырысы — егін де, мыңғыра өсетін мал да, мәдени өмірдің көркеюі де қатты қадағалап, тынбай бағыт сілтеп отыруды керек етеді. Аудандық Советтің депутаттары, Советтердің активтері партиямыздың ХХІ съезі шешімдерін, Қазақстан Компартиясы Х съезінің қарарларын, онда қойылған міндеттерді жүзеге асырудың жаршысы болса, егіннен алынатын әрбір пұт артық өнім, артық өсірілетін әрбір бас мал, артық сауылатын әр килограмм сүт — халық үшін молшылық жасау ісіне қосылатын үлес екенін колхоз, совхоз еңбеккерлеріне жете ұғындыра білсе, міне бұл олардың жұмысындағы өнегелі іс болады.

Еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқару комитетінің председателі Әубәкір Ыбыраев жолдастың ысылған басшы, шебер ұйымдастырушы екенін аудан еңбекшілері, аудан активтері жақсы біледі. Ол айтқан нұсқау, ол қойған талап — партиялық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан туған міндет деп түсінеді.

Аудандық Советтің сессиялары Конституцияда көрсетілген мерзімде шақырылып отырады, онда қаралатын мәселелер алдын ала ойластырылып, аудан өмірінің ең күрделі де шұғыл орындалуы қажет міндеттеріне сай екшеледі. Сессия қабылдаған шешімдер ауданның әр еңбеккеріне кеңінен түсіндіріледі.

Лозов ауданының еңбекшілері биыл мал қыстату маусымын жақсы өткізді. Мемлекетке ет тапсырудың бірінші тоқсандық жоспарын 153,6 процент орындады, сүт былтырғы жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 14 процент артық тапсырылды. Алда тұрған міндеттерді орындауға қалың бұқараны жұмылдыра білген жерде жұмыс қорытындысы қашан да осылай болмақ.

Советтердің жұмысы шаруашылық пен мәдени құрылыстың санқилы күрделі мәселелерінен бастап, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеудің ұсақ-түйегіне дейін күнделікті өмірімізді түгел қамтиды. Өз жұмысын қашан да осы мақсаттарға бағындыра жүргізу керек екеніне жөнді мән бермейтін, мұны жете түсінбейтін Совет атқару комитеттерінің басшылары қалың бұқарамен тығыз байланыс жасай алмайды, ондай байланыс болмаған жерде іс нәтижесі де көңілдегідей болмақ емес.

Қалың бұқарамен байланысын күшейте алмаған жергілікті Советтердің бірі еңбекшілер депутаттары Еңбекшілер аудандық Советінің атқару комитеті (председателі Қ. Абайділдәнов). Мұнда аудандық совет сессиялары Конституцияда көрсетілген мерзімде өткізіліп тұрмайды, халық қалап сайлаған депутаттар арқылы еңбекшілерге игі ықпал жасау ісі қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Аудандық Совет атқару комитеттерінің және депутаттардың еңбекшілер арасына барып есеп беруі сияқты өнегелі іс мұнда қолдау таппай келеді. Қалың



бұқараның пікірін, сын-тілектерін жиі тындап отырмаған соң, өзінің күнделікті жұмысын солардың талабына бағындыра құрмаған соң істің қорытындысы да жарытымсыз болатыны мәлім.

Біздің осы айтып отырғанмызды ауданның өткен жылғы шаруашылық жөніндегі көрсеткіштері айқын дәлелдейді. Көкшетау облысы бойынша былтыр астық түсімі гектарына орта есеппен 9,4 центнерден айналса, бұл ауданда 5,7 центнерден ғана келді. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын не бәрі 58,9 процент орындады. Ауданның шаруашылықтары 1960 жылдың егісіне керекті тұқымын да толық қамдап ала алмады.

Іскерлік пен тыңғылықтылықтың ұштаспауы, байсалды басшылық болмауы, жалпы дүрмекпен беталды лаға беру салдарынан Еңбекшілер ауданы мал басын көбейту жөнінде де артта қалып келеді. Төл жылма-жыл аз алынады. Төлдейтін әрбір жүз малдан өткен жылы: 59 бұзау, 65 қозы, 7—8 торай ғана өсірілді. Бүкіл республикада төлді осыншалық аз алған басқа аудан табыла қояр ма екен? Сол сияқты бұл ауданда еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеу, мәдени құрылыстарын, тұрғын үй салу жұмыстары да нашар.

Бұл ауданда егіннен мол өнім алуға, қоғамдық малды өсіруге Лозов ауданына қарағанда жағдай нашар ма? Немесе бұл ауданда мәдени орындар мен тұрғын үйлер салуға құрылыс материалдары жоқ па?

Олай емес. Қазақстанда жері ең шұрайлы аудандардың бірі — Еңбекшілер ауданы. Егіннен мол өнім алуға, мал шаруашылығын жан-жақты өркендетуге керекті жағдайдың бәрі бұл ауданда түгел. Құрылыс материалдарын алсаңыз бұл ну орманның ортасындағы аудан, ағашты басқа жақтан іздеудің керегі жоқ. Мұндай бай мүмкіндіктердің жүзеге аспай жатуы бұл ауданның совет, шаруашылық ұйымдары басшыларының жігерсіздігінен, ол мүмкіндіктерді жүзеге асыруға еңбекшілер бұқарасын жұмылдыра алмауынан болып отыр.

Өкінішті бір жағдай, республикамызда жұмысты нашар істейтін мұндай совет органдары жалғыз бұл емес. Мұнан басқа да кейбір жергілікті совет орындарының жұмысты нашар істеуі, олардың қалың еңбекшілер бұқарасымен байланысын нашарлатуы салдарынан ол жерлерде шаруашылық, мәдениет құрылыс жұмыстарында көптеген кемшіліктер орын алып келеді. Бұл кемшіліктер біздің ортақ ісімізге елеулі кесірін тигізуде. Сондықтан облыстық партия комитеттері мен облыстық Совет атқару комитеттері жергілікті Советтердің жұмысын жақсартуға күнделікті қамқорлық жасап отыруға тиіс.

«Социалистік мемлекетті дамытудағы негізгі бағыт — демократияны барынша өрістетуге, халықтың қалың бұқарасын елдің барлық істерін басқаруға қатыстыру, барлық азаматтарды шаруашылық және мәдени құрылысты басқаруға қатыстыру болып табылады» — деді Н. С. Хрущев жолдас, партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында.

Міне бұл нұсқауды бұлжытпай жүзеге асырып отыру, — советтер жұмысының табысты болуының кепілі. Республикамыздағы озат жергілікті Советтердің бірі — Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Бесарық ауылдық советі.

— Біздің жұмысымыздың табысты болуы, — дейді ауылдық советтің председателі Күлсім Бәкірова жолдас, — ең алдымен бұқарамен байланысты кеңейте білгендігімізде болып отыр. Жұртшылық арасында ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарды пәрменді жүргізумен бірге біз белгілеген шаралар мен қарарларды жүзеге асыруға еңбекшілердің өзін белсенді қатыстырып отырамыз. Сайлаушылар айтқан ұсыныс, сын ескертпелердің қандайын болса да мұқият талқылап, тиісті қорытынды шығарамыз.

Ауылдық Советтің ауыл шаруашылығы, халық ағарту және мәдени ағарту, денсаулық сақтау, ауылды көркейту, бюджет-финанс және сау-



да жөніндегі тұрақты комиссияларында 21 депутат, 12 совет активі жұмыс істейді. Тұрақты комиссиялардың өткен жылы 24 мәжілісінде талқыланған 35 мәселенің көбін атқару комитеті қарап шешті.

Халық ағарту және мәдени-ағарту жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссия мүшелерінің әрқайсысы белгілі бір жұмыс саласын бақылауға алған; комиссия мүшесі Нысанбаева оқу-ағарту мәселесімен, Төлебаев мәдени-тұрмыс мәселесімен, Жалмұхамедова, Төлтаев жолдастар кітапхана, қызыл отау, байланыс орындары жұмысымен шұғылданады. Комиссия өз жұмысын жоспармен жүргізіп отырады. Ауылдық Советтің және оның комиссияларының бастамасы, белсене араласуы нәтижесінде ауылда электр станциясы, интернат, бірнеше тұрғын үй, телефон коммутаторы салынып, пайдалануға берілген, колхозшылардың үйлеріне радио орнатылған. Өткен жылдың ішінде ғана 12 малшыға тұрғын үй, 6 қой қора, 2 мал дәрігерлік пункт, монша салынған. Ауылды көркейту үшін мындаған түп жеміс ағаштары және саялы ағаштар отырғызылған.

Бесарық Советінде сессия алдын ала даярлықпен, жоспарланған мерзімде өткізіледі. Сессияның қай күні, қашан жиналатыны, онда қаралатын мәселелер жөнінде депутаттардың әрқайсысы бір апта бұрын хабардар болады, қаралатын мәселелер толық хабарланады. Атқару комитеті сессияның қарауына мәселе ұсынарда жергілікті партия ұйымымен, колхоз басқармасымен ақылдасады, кейбір күрделі мәселелер жөнінде мамандардың, бірсыпыра депутаттардың пікірлерін тыңдайды. Осындай ынтымақпен, мұқият әзірленіп шешілген мәселелердің орындалуы да жеңіл тиеді.

Ауылдық Совет атқару комитеті өткен жылы еңбекшілер алдында екі рет есеп берді, төрт рет жалпы жиналыс өткізді. Сөйтіп өзінің практикалық жұмысын қалың бұқараның талқысына салып, олардың талап-тілектерін, сын ескертпелерін орындап отырады. Бесарық станциясында өткізілген осындай бір жиналыстан кейін станция тұрғындарынан 60-тан астам адам Сталин атындағы колхозға көмекке барды.

Ауылдық Советте 23 депутат бар, олардың 16-сы тікелей ауыл шаруашылығында, 5-і мәдени-ағарту, денсаулық сақтау орындарында істейді. Бұлар Совет жұмысына белсене көмектесе отырып, өздері үлгілі еңбек етеді, басқаларға игі ықпал жасайды. Депутаттардың бәрі де халық қызметшісі деген жоғары сенімге лайықты іс көрсетіп жүр. Өткен сайлауда депутаттарға берілген 89 аманаттың 82-сі кәзірдің өзінде орындалды.

Республикамызда жергілікті Советтерге соңғы сайлауда 81 181 депутат сайланды, мұның 45 458-і тікелей өндірісте істейді. Бұл үлкен күш. Әңгіме, жергілікті Совет органдары бұл күшті дұрыс бағыттап, шаруашылық пен мәдениет құрылысының алдында тұрған міндеттерді орындауға бір кісідей жұмылдыра білуінде болып отыр.

Советтер өз жұмыстарында қағазбастылық пен бюрократтықтың көріністеріне жол бермей, қалың бұқара арасында ұйымдастыру жұмысын мейлінше күшейтуге, олармен байланысын нығайта беруге, сөйтіп республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетудің жеті-жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға лайықты үлес қосу үшін үздіксіз күресуі керек.



# Жұртшылық — жарасты тұрмыстың қожасы

Қ. СҰЛТАНОВ,

Совет халқы КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Жетіжылдықтың бірінші жылында өрелі еңбек нәтижелі болды. Халқымыздың әл-ауқат күйі барған сайын жақсарып келеді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі елімізде азық-түлік, киім-кешек молшылығын жасауға үнемі қамқорлық көрсетіп келеді.

Коммунистік құрылысты кең өрістету дәуірінде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетіп, халықтың материалдық әл-ауқатын арттырумен бірге совет адамдарын жоғары саналылық рухында тәрбиелеудің де ролі күшті. Өйткені еңбекшілердің жоғары саналылығы — мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті нығайтудың тірегі. «Мемлекет бұқараның саналылығымен күшті. Бұқара бәрін біліп отырса, бәрі туралы өз пікірін айтып отырса және барлық іске біле тұра кірісіп отырса, мемлекет сонда күшті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 26-том, 246-бет).

Совет азаматтары коммунистік құрылыстың барлық саласында жан аямай еңбек етіп, өздерінің қоғамдық борышына адал қарайды, совет заңдарын сақтап, социалистік қоғам тұрмысының ережелерін құрметтейді. Олар өздерінің социалистік Отанына шын берілген. В. Гаганова, Я. Чиж, И. Малашенко, Т. Ахунова, С. Дәулетқалиев тағы басқалар міне осындай адамдар. Олар көп, олар мыңдап саналады.

Бірақ советтік қоғам ескіліктің дақтарынан әлі түгел, толық арылып болған жоқ. Ескіліктің маскүнемдік, алып-сатарлық, арам тамақтық сияқты қалдықтары кейбір тұрақсыз, дәйексіз адамдардың бойын жайлап, олар жалпы ісімізге нұқсан келтіруде. Соның салдарынан біздің арамызда әлі де болса қоғамдық тәртіпті бұзып жүрген немесе социалистік меншікті, азаматтардың жеке дүние-мүлкін ұрлайтын, қоғамға, тұрмыс-салтқа лайықсыз қылықтар жасайтын, тіпті, керек десе, кісі тонау, өлтіру сияқты ауыр қылмыстар жасайтын бірен-саран бұзақылар кездеседі. Мұндайлар совет адамдарының тыныш өмір сүріп, қажырлы еңбек етуіне өздерінің теріс мінез-құлқымен кедергі келтіреді, сөйтіп қоғамға кеселін тигізеді. Сондықтан совет заңдылығын және социалистік қоғам тұрмысының ережелерін бұзып отырған мұндай адамдарға қарсы батыл күрес жүргізу керек.

Совет заңдары халқымыздың еркін, коммунистік партия саясатын білдіреді. Оның мақсаты — советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты онан әрі нығайта беру. Ал мұның өзі совет адамдарын коммунистік рухта тәрбиелеуде қуатты құрал. Совет заңында бүкіл социалистік қоғамның мүдделері мен әрбір жеке азаматтың мүдделері ұштастырылып отырады.

Азамат соғысының ауыр жылдарының өзінде-ақ В. И. Ленин бірыңғай мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау керек екенін, әртүрлі қылмыстармен, бұрмалаушылықтармен барынша күрес жүргізу керек екенін атап көрсеткен болатын.

Ұлы Лениннің нұсқауларын орындай отырып, партиямыздың Орталық Комитеті өзінің КПСС ХХ съезіне есепті баяндамасында былай деп көрсетті: «Біздің партия, мемлекет, кәсіподақ ұйымдарымыз совет заңдарының қырағы күзетінде тұрып, социалистік право тәртібіне жа-



не совет азаматтарының правоарына қол сұғушылардың қандайын болса да әшкерелеп, жалғанның жарығына шығаратын, заңсыздық пен заңсыздықтың титтей де болса көріністеріне қатты тыйым салатын болу керек».

Совет заңдарын бұлжытпай, қатаң жүзеге асырып отыру еңбекшілердің өз үкіметіне деген сенімін күшейтеді, олардың белсенділігін арттырып, ынта-жігерін тасытады, коммунистік мораль принциптерін берік сақтауға, коллективизм мен еңбек сүйгіштікке, социалистік интернационализм мен отаншылдыққа тәрбиелейді, тәртіпсіздік, енжарлық, арамтамақтық сияқты тағы басқа біздің құрылысымызға жат құбылыстарды болдырмайды.

Прокуратура, милиция және сот органдары социалистік заңдылықты нығайту және елімізде қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде зор жұмыстар жүргізіп келді және жүргізіп отыр. Соның нәтижесінде біздің елімізде жылдан жылға қылмыстар азайып келеді. Алайда, тек қана әкімшілік, сот шаралары арқылы қылмыстарды мүлдем жоюға мүмкін емес екенін тәжірибе көрсетуде. Совет заңдылығын және социалистік қоғам тұрмысының ережелерін мүлтіксіз орындау жолындағы күрес — мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ұйымдардың да, еңбекшілер коллективтерінің де маңызды міндеті. Бұл зор жұмысқа халықтың ең қалың топтарының қатысуы қылмыстарды құртуға көмектесіп, қылмыстарға және басқа да ұнамсыз қылықтарға төзбестікпен қарайтындай жағдай тудырмақ.

КПСС ХХІ съезінің қарарында коммунистік құрылысты кең өрісдету жағдайларында социалистік мемлекетті дамытудағы басты бағыт барлық азаматтарды шаруашылық, мәдени құрылысқа басшылық етуге, қоғамдық істерді басқаруға қатыстыру деп атап көрсетілді. Съездің нұсқауына сәйкес мемлекеттік органдар атқаратын көптеген функциялар біртіндеп қоғамдық ұйымдардың қарауына көшуі керек.

КПСС ХХІ съезінің шешімдеріне сәйкес қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілердің коллективтері бұқараны тәрбиелеу, қоғамдық тәртіпті, совет азаматтарының правоарын сақтау, қоғамға жат қылықтар мен қылмыстарды болдырмау жөнінде бірқатар жұмыс істеді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1959 жылы 2 мартта қабылдаған «Елімізде қоғамдық тәртіпті сақтауға еңбекшілердің қатынасуы туралы» деген қаулысынан кейін республикамызда мыңдаған халық жасақтары құрылды. Кәзір 150 мыңнан аса халық жасақтары қоғамдық тәртіпті бұзушылармен нәтижелі күрес жүргізуде.

Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қөкшетау және басқа облыстардың көптеген өнеркәсіп орындарында құрылған ерікті халық жасақтары белсене қимыл жасайды. Шығыс Қазақстан облысының Өскемен, Лениногор және Зырян қалаларында халық жасақтары өз міндетін жақсы атқарады, соның нәтижесінде бұл қалаларда қылмыс азайып келеді. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының халық жасақтары қоғам тәртібін бұзушы көптеген адамды ұстап, милиция органдарына тапсырды, сол сияқты бірталай тәртіп бұзушылыққа ескерту жасады. Аталған қалаларда еңбекшілердің коллективтері милиция, прокуратура және сот органдарынан түскен өз мүшелерінің ұнамсыз қылықтары турасындағы материалдарды жұмысшылар мен қызметшілердің жиналыстарында үнемі талқылап отырады, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға төзбестік жағдай жасайды.

Бір қуанарлық жай, халық жасақтары өздерінің қоғам алдындағы құрметті борышын өтеу кезінде қажырлы қайраттың, тапқырлықтың тамаша өнегесін көрсетіп келеді. Социалистік заңдылықты нығайту жолындағы күрес ісінде жолдастық соттардың атқаратын қызметі ерекше.



Кәзір республикамыздың кәсіпорындарында, құрылыстарында, мекемелерінде, совхоздары мен колхоздарында, жоғары оқу орындарында жолдастық соттар құрылған. Олар еңбекшілерді совет заңдарын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеу, социалистік қоғам тұрмысының ережелерін және еңбек тәртібін сақтау қамын ойлайды.

Дегенмен, әлі күнге бірқатар қоғамдық ұйымдар мен коллективтер жолдастық соттарды ұйымдастыруға, олардың жұмысын жолға қоюға тиісінше мән бермей келеді. Осы уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының бірсыпыра кәсіпорындары мен ұйымдарында жолдастық соттар құрылмаған. Солтүстік Қазақстан облысының Шалқар совхозында, ТЭЦ-2 ұйымында, № 4 автобазасында жолдастық соттардың аты бар да, ісі жоқ. Айталық, осы облыстағы ТЭЦ-2 ұйымының жанынан құрылған жолдастық сот 1959 жылы қоғамдық тәртіпті бұзған коллектив мүшелері жөнінде бірде-бір материал қараған жоқ. Ал коллективте қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты 131 факті болып еді. Мұның себебі, құрылыс кәсіподағы комитетінің председателі Сәрсенбаев жолдас коллектив мүшелерінің ішінен қоғамдық тәртіпті бұзғандарына талқылау ұйымдастырмайды, олардың ісін жолдастық соттарға кезінде беріп отырмайды. Тіпті жұмыс кезінде болған тәртіпсіздік бұзақылық фактілерді де Сәрсенбаев жолдас елеусіз қалдырады. Мысалы, Сәрсенбаев жолдасқа бетоншылар бригадасының бригадирі, 1939 жылы туған Н. В. Польшовтың ұнамсыз қылығы жөнінде материал түскен. Польшов 15 октябрь күні жұмыс кезінде ішкілікке салынып, өз бригадасының жұмысшыларына тіл тигізіп, бейбастақтық жасаған. Ал осы материал жолдастық сотқа тек оның председателі Федосеев жолдас қайта-қайта талап еткеннен кейін ғана берілген.

Н. С. Хрущев жолдасын КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетілген еді. «Қоғамдық жолдастық соттар белсенді қимыл жасап, жұртшылықтың өзі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін адамдар бөліп отыратын болған кезде, — тәртіп бұзушылармен күресу де әлдеқайда жеңіл болады. Ол кезде мұндай тәртіп бұзушыны ол қылмыс немесе жат қылық жасаған соң ғана емес, оның бойында өзін қоғамға қарсы іс істеуге соқтыратын қоғамдық тәртіптен ауытқушылық білінген кезде-ақ байқауға болады. Жұрт оған дер кезінде ықпал жасап, оны теріс істерден сақтап қала алады. Жеке адамдардың басында қоғамға зиян келтіретін қандай да болсын жат қылықтардың болмауы үшін алдын-ала ескертетін, ал одан соң оған мүлде жол бермейтін шараларды қолдану қажет. Ең бастысы — алдын-ала сақтандыру, тәрбие жұмысы».

Міне осыған сәйкес қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілердің коллективтері қылмыстардың алдын алуда, қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресуде, қылмыс жасағандарды қайта тәрбиелеуде едәуір жұмыс жүргізе алады. Баспасөзде жарияланған, СССР Жоғарғы Советінің Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Заң жобаларын әзірлейтін Комиссиялары ұсынған «Совет заңдылығын және социалистік қоғам тұрмысының ережелерін бұзушылыққа қарсы күресте жұртшылықтың ролін арттыру туралы» Заң жобасы Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік заңдылықты нығайту және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі үздіксіз қамқорлығын дәлелдейді. Бұл Заң жобасын бүкіл совет халқы сияқты, біздің республикамыздың еңбекшілері де қызу мақұлдап қарсы алды.

«Жолдастық соттар туралы үлгі Ереженің» жобасында жолдастық соттардың міндеттері мен оларды ұйымдастыру тәртібі жақсы көрсетілген. Жолдастық соттар: еңбек тәртібін бұзу туралы, социалистік тұрмыс ережелерін бұзу туралы, ұсақ алып-сатарлық жасау, мемлекеттің немесе қоғамның ұсақ-түйек мүлкін ұрлау туралы, жеңіл-желпі бейбастақтық туралы, маскүнемдік, бейпілауыздық, тіл тигізу, ұрып-соғу



туралы, самогон және басқа спирт ішімдіктерін қайнату туралы, азаматтардың мүлік жөніндегі кейбір даулары туралы, тағы басқа да қоғамға елеулі қауіп туғызбайтын істерді қарайтын болады.

Алайда қоғамдық тәртіп пен социалистік қоғам тұрмысының ережелерін бұзушылық жөніндегі көрінген фактіні жолдастық соттар қарай беруге тиіс емес. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: көптеген қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілердің коллективтері жеке коллектив мүшесінің ұнамсыз қылығын жалпы жиналыстарда қарап, ондайларға қатаң шаралар қолданады, совет заңдылығын бұзу фактілерін батыл сынайды. Мұндай талқылауларда жұртшылықтың әсері көрінеді. Бұған мысал ретінде Петропавл қаласының «Комсомолка» тігін фабрикасы коллективін алуға болады. Мұнда 1 500-ден аса жұмысшы мен қызметші бар. Өткен жылы бұл фабрикада қоғамдық тәртіпті бұзудың 17 жедел-желпі фактісі білінген. Бұлардың барлығы цех жиналыстарында, сондай-ақ фабрика жергілікті комитетінің мәжілістерінде кеңінен талқыланып отырды. Ол өзінің тиісті нәтижесін берді. Қызметтес жолдастарының талқысына түскеннен кейін әлгі жолдастар енді қайтып ондай жарамсыз қылыққа бой ұрған жоқ. Ал соңғы үш айда фабрикада бірде-бір рет қоғам тәртібін бұзушылық болған жоқ. Тіпті, керек десе, фабрикада қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресті кәсіподағы мен әкімшіліктің нұсқауын күтпей-ақ жұмысшылардың өздері жүргізеді. Мәселен, құрылыс бригадасы (бригадирі Жаворонков жолдас) тәртіп бұзушыларды, әсіресе маскүнемдерді дереу өзінің бригадасында талқылайды.

Қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілердің коллективтері қылмыс жасаған адамдарды қайта тәрбиелеуде үлгі көрсетуі тиіс. Мұндай адамдарды коллективте тәрбиелеуге болады, сонымен бірге сот және тергеу органдарының алдына совет заңын бұзушыларды түзеу және қайта тәрбиелеу жөнінде өтініш білдіруіне болады. Әрине, бұл өте жауапты міндет. Совет заңын бұзушыларды түзеу және қайта тәрбиелеу жөнінде өздерінің жауапкершілігін сезініп, оны мойнына алған еңбекшілердің коллективтері мен қоғамдық ұйымдар пайдалы іс тындырады.

Қылмысты істерді тоқтату немесе айыптыларға шартты жаза беріп, оларды тәрбиеге алу жөнінде сот, тергеу орындарына өтініш білдіргенде коллективтің басым көпшілігінің пікірі қалыптасуға тиіс. Дегенмен, бұл ереже жер жерде сақтала бермейді. Тіпті, кейде шартты жаза беру немесе іс тоқтату жөнінде кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары, кәсіподақ комитетінің председателдері, жұмысшылар мен қызметшілердің, колхозшылардың шағын тобы ғана өз атынан өтініш білдіріп жүр. Мынадай факті келтіруге болар еді. Алматы қаласы, Фрунзе ауданының 1-учаскелік халық сотына бір ретте Алматы қалалық өндіріс бұйымдарын сататын мекемеден директордың орынбасары Павлючков жолдас қол қойған өтініш түсті. Бұл өтініште шпал ұрлаған база жұмысшылары Кравцов, Стручков және Фроленконың қылмысты істерін тоқтатып, жолдастық соттың қарауына беру сұралған. Бірақ сотқа өтініш беру мәселесі жұмысшылар мен қызметшілердің жиналысында талқыланбаған. Павлючков жолдас қол қойған өтініш коллективтің пікірі емес еді. Ол ол ма, директор қол қойған өтініштен біржарым ай бұрын Стручков пен Фроленко жұмыстан шығып кеткен, сөйтіп коллективтің оларға ешбір ықпал жасауы мүмкін емес еді.

Республикамызда қылмыс жасаушылармен күресте жұртшылықтың ролі күшейіп отырған жерлерде істің де нәтижесі жақсы. 1959 жылы октябрьде Семей қаласының 6 учаскелік халық соты кірпіш зауыдының өтінішін қабылдап, мемлекеттің азын-аулақ ақшасын пайдаланып кеткен бұрынғы кассир Васильеваны завод коллективінің қайта тәрбиелеуіне берді. Сонынан кірпіш зауыдының коллективі бұл адамды тәрбиелеп шығарды да. Қазір Васильева сол заводтың өзінде гараж диспетче-



рі болып істейді, ол берілген тапсырманы ұқыпты және тынғылықты орындайды.

Қазіргі уақытта, совет заңдылығын нығайту, елімізде қылмыстарды жою жөнінде жаңа міндеттер алға қойылып отырған кезде заң орындары мен сот қызметкерлері алдын-ала сақтандыру жұмысын жүргізуге баса назар аудара бастады. Халық арасында совет заңдары түсіндіріліп отырады, оларға лекция оқылып, баяндамалар жасалады, ашық сот процестері жиі өткізіледі, заң қызметкерлері баспасөз бетінде сөйлейді.

Жергілікті соттардың жұмысын жақсарту тұрғысында заң орындары бірқатар шараларды жүзеге асырды. Атап айтқанда сот органдары басшы қызметкерлерінің республикалық кеңесі, адвокаттардың облыстық коллегиясы президиумдары председателдерінің және заң консультациялары меңгерушілерінің республикалық кеңесі өткізілді. Жер-жерде халық соттарының облыстық кеңестері өткізіліп, оларда социалистік заңдылықты нығайту, қылмыс жасаушылармен күресте жұртшылықтың ролін арттыру, халық арасында совет заңдарын түсіндіру жөніндегі жұмысты күшейту туралы мәселелер қаралды.

Партия мен үкіметтің шешімдері, СССР Жоғарғы Советі мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі қабылдаған заңдар республикамыздың еңбекшілеріне совет заңдарын бұлжытпай орындау, мемлекеттік және қоғамдық меншікті көздің қарашығындай қорғау, социалистік қоғам тұрмысының ережелерін сақтау жөнінде үлкен міндеттер жүктейді және қоғамға жат қылықтарға қарсы белсене күресуге шақырады.

Қалаларда көше және квартал комитеттерінің, қолқабыс комиссияларының (қоғамдық үйлер комитеттерінің) жұмысын жақсарту қажет. Бұлар қаланы көркейту ісімен шұғылданып қана қоймай, сонымен қоса социалистік қоғам тұрмысының ережелерін бұзушылармен күресу жөнінде де шаралар белгілей алады, мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізе алады.

Сот орындары совет заңдылығын және қоғам тәртібін сақтауда жұртшылыққа, оның ішінде ең алдымен жолдастық соттарға практикалық көмек көрсетуге міндетті. Сот, прокуратура және милиция органдары халықпен байланысты күшейтуге тиіс, еңбекшілер алдында жиі-жиі баяндамалар жасап, консультациялар беруі, право тақырыбына сұрақ-жауап кештерін ұйымдастыруы керек. Партия, совет органдарына аудандар мен қалаларда қоғамдық тәртіптің жайы қалай екенін үнемі хабарлап отыруы керек.

Заң орындарының жұмысы әрдайым партия, совет ұйымдарының назарында болуға тиіс. Біздіңше, еңбекшілер депутаттарының советтері атқару комитетінің мәжілістерінде милиция бастықтарының, прокурорлар мен судьялардың қылмыстармен күрестің жайы және қоғамдық тәртіпті сақтау шаралары туралы баяндамаларын тындап отырғаны және бұл мәселелерді жергілікті советтердің сессияларында оқтын-оқтын талқылағаны мақұл.

Совет заңдылығын нығайту ісіне халықтың ең қалың топтарын белсене қатыстыру, сөз жоқ біздің елімізде қылмыстарды мүлдем болдырмауға, тәлім-тәрбие жұмысын онан сайын жақсартуға үлкен көмегін тигізеді.



# Замандас тұлғасын жасау—биік мұрат

(Қазақстан жазушылар одағының пленумынан)

Апрельдің аяғында Қазақстан жазушылар одағының екінші пленумы болып, онда «Қазақ драматургиясының кәзіргі жайы мен міндеттері» деген мәселе қаралды. Пленумда жасалған баяндамада (баяндамашы-жазушылар одағының секретары Әбділдә Тәжібаев), жарыс сөздерімен сөйлеген драматургтердің, сыншылардың, көркемөнер қызметкерлерінің, оқушылар мен көрушілердің сөздерінде драмалық шығармалар жөнінде құнды-құнды пікірлер айтылды. Ана бір жылдары «драматургиямыз артта қалды, бүгінгі күн тақырыбына жұрттың көкейінен шығатын пьеса жоқ» деп аузымызды қу шөпке сүрте беруші едік. Енді олай емес. Соңғы екі-үш жылдың бойында ғана төрт драмалық, үш комедиялық пьеса жазылды. Бұлардың барлығының да арқауы—кәзіргі заман тақырыбы.

Жазушылар одағының пленумы драматургиядағы образдылық, типтілік, шеберлік, ұнамды кейіпкер, тартыс мәселелерін жанжақты талқылады. Баяндамашы болсын, сөйлеушілер болсын сапалы драматургиясыз театр, кино, телевидение өнерін дамыту мүмкін емес екенін еске салды. Пленумның тағы бір пайдалы жағы, онда жалғыз драматургия ғана емес, кәзіргі қазақ совет әдебиетінің поэзия, сын сияқты маңызды жанрлары қоса сөз болып отырды.

Ә. Тәжібаев жолдастың баяндамасында Ш. Құсайыновтың «Рабиға», «Таныс адамдар», Қ. Мұқамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», С. Адамбековтың «Күн мен көлеңке» деген пьесаларының жетістік, кемшіліктері кең сарапқа салынды. «Рабиғасы» мен «Таныс адамдарында» Шахмет Құсайынов едәуір өсіп қалған деді баяндамашы. Екі пьесаның да басты кейіпкері — әйел. Колхоздастыру күресінің үстінде адамдық санасы ашылған, арпалыс үстінде құрбан болған Рабиға бейнесі тәуір шыққан. Рабиға өзінің махаббаты үшін ғана емес, адамдық правосы үшін де күреседі, ақырында сол күрес үстінде өледі. «Таныс адамдардағы» Рәуеш те есте қаларлық образ. Жас талант Қалтай Мұқамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» деген комедиясында толып жатқан қызық типтер, адамдардың қызық қатынастары бар, автордың өз тілін білмеушілерді, қадірлемеушілерді мазақтағанын, «стилягаларды» әжуа еткенін көрушілер ұнатып отырады. Бірақ Ә. Тәжібаев өзінің баяндамасында бұл комедияның, сондай-ақ С. Адамбековтың «Күн мен көлеңке» деген комедиясының елеулі кемшіліктеріне көбірек тоқталды. «Бөлтірік бөрік астында» деген пьесаның ең үлкен кемшілігі, — деді баяндамашы, — негізгі ұнамсыз кейіпкер Сапардың неліктен мұндай болғаны мәлімсіз. Автордың тілімен айтқанда Сапар — бөлтірік, бірақ оның теріс қылықтары қатты қақтығыстар арқылы ашылмайды. С. Адамбековтың пьесасында басынан көрінген кейіпкерлер аяғына дейін бірқалпынан аумайды. Өйткені драмалық оқиға ондағы адамдардың қарым-қатынастарынан, олардың қалай өмір сүру принциптерінен тумай, автордың тапсырмасынан туады.

Баяндамашы Ш. Құсайыновтың «Ертіс жағасында», Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем?» пьесаларының неліктен сәтсіздікке ұшырағанын сараптап айтып берді. Бұл екі пьесаның қатаң да әділ сыналған себебі, бұ-



ларда әке мен бала қатынасы көркемдік, реалистік әдіспен шешілмеген, қайта жасанды, нағымсыз сюжетке құрылған. Ә. Тәжібаев өзінің осы сияқты талдау, сындарын драматургияның теориялық мәселелеріне, классик драматургтердің мәңгі өлмес шығармаларының жазылу шеберлігіне, советтік дәуір талаптарына сүйене отырып, байыптылықпен тұжырымдады.

Баяндамашының «М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ш. Құсайынов, Ә. Әбішев, Қ. Сатыбалдин, М. Ақынжанов, Ә. Тәжібаев тағы басқалары бүгінгі социалистік Қазақстан, оның сап түрлі адамдары жайында көркем әдебиеттің құнды қазынасын байыта түсерліктей, тілге орамды, жүрекке жылы, оқушыны еліктіре аларлықтай пьесалар жазған жоқпыз» дегеніне қосылмасқа болмайды, өйткені бұл ащы да болса, анық шындық еді.

Қазақстан жазушылар одағының екінші пленумы біздің ең биік мұрадымыз, творчестволық идеалымыз — бүгінгі адам — советтік адам болсын деген ұранмен өтті. Жарыс сөзге шығып сөйлеушілердің сөздері де түптеп келгенде осы бір арнаға құйылды.

Қазақтың Академиялық драма театрының бас режиссеры, Қазақ ССР Халық артисі Қ. Жандарбеков, драматургтер Н. Анов, Д. Еркінбеков, сыншылар М. Қаратаев, Р. Бердібаев тағы басқалары қазақ жазушыларының шығармаларында кәзіргі замап тақырыбы, жетіжылдықтың еңбек ерлері ерекше шабытпен, асқақ жырланатын болсын дегенді айтты.

— Жұртшылық театр сахнасынан өз замандастарының бейнесін көргісі келеді, — деді Қ. Жандарбеков, — сондықтан сахнаға бүгінгі күн тақырыбын, советтік шындықты шығарған абзал. Қазақтың академиялық драма театрында соңғы бір-екі жылда бүгінгі күн тақырыбына бірсыпыра пьеса қойыла бастады. «Сен қайтер едің?», «Таныс адамдар», «Бөлтірік бөрік астында» міне осындай шығармалар. Бірақ бұлар бүгінгі өмір шындығын өрісті суреттейді деуге болмайды. Пьесада негізінен өзекті бір оқиға алынса тәуір болар еді. Алайда, біздің драматургтеріміз тұрмыстағы әр кемшіліктің, бірнеше проблеманың басын шалып, оқиға желісін шашыратып жібереді. Бізге сөз жоқ комедия жанры керек. Дегенмен, бірыңғай комедияға түсіп кеткеніміз қалай болар екен? Қ. Жандарбеков бұдан кейін драма театрының репертуары әлі күнге талшы болып отырғанына пленумның назарын аударды.

Орыс драма театрының бас режиссеры А. Лакшин жолдастың сөзі де осы тақілеттес болды. Ол драматург пен театрдың творчестволық ынтымағы болмайынша жақсы спектакль қою мүмкін емес деді. Орыс драма театрының сахнасында көптен бері қазақ авторларының шығармалары көрінбей кетті. Біз бұл олқылықтың орнын толтыру жағын қарастырудамыз, кәзір Мұқтар Әуезовтың «Қаракөз» пьесасын даярлап жатырмыз.

«Қазахфильм» киностудиясының директоры Қ. Сиранов жолдастың өзінің сөзінде ұлттық кино өнерінің қарыштап өсіп келе жатқанына бірнеше жарқын мысал келтірді. Қазақ кино драматургиясы әлі жас, ол қалыптасу, есею дәуірінде. Бізде бір тұста жақсы-жақсы киносценарийлер де болғаны мәлім. Мәселен, Б. Майлин мен Ғ. Мүсірепов жазған «Аманкелді», М. Әуезов жазған «Райхан», Ә. Тәжібаев жазған «Жамбыл», Ш. Құсайынов жазған «Шабандоз қыз» киносценарийлері — кесей туындылар. Алматы киностудиясы көркемсөз шеберлерін киноға тартуда, жас сценаристерді тәрбиелеуде бірқатар шараларды жүзеге асыра бастады. Осы уақытқа дейін бізде болған бір кемшілік, — деді Қ. Сиранов, — кино драматургтерін сырттан шақыру еді. Ал басқа жерден келген ондай адамдар Қазақстан өмірін білмейді де, күлді-көмеш сценарийлер өткізе салатын. «Жерге қайтып оралу», «Мазасыз көктем» сияқты нашар фильмдердің экранға шығуы міне осыдан деу керек.



Өз күштерімізді, республика жазушыларын кино драматургияға қытыстыру ісімен шындап шұғылданатын уақыт жетті. «Казахфильм» студиясы кәзір бүгінгі күн тақырыбына жазылған сценарийлерге өте көңіл бөледі. Сондықтан жазушылар одағының президиумы кино драматургия мәселесін шешуге тікелей ат салысқаны мақұл. Қ. Сиранов киностудияда таңдаулы сценарийлерге конкурс жарияланып, ауық-ауық бәйге беріліп тұратынын жақсы айтты. Бірақ сол бәйге алған сценарийлердің кинофильмдер жасауға жарамай қалатыны жұртшылықты қатты қынжылтады. Киностудияға сценарийлер өткізу де қиын. Бұл жөнінде талантты жазушы-драматург Зеин Шашкин сорақы фактілер келтірді. Киностудия, оның режиссерлары кейде жоқтан өзге сылтау тауып, тәуір сценарийлердің өзін қабылдамай тастайды. Саввин, Арон сияқты режиссерлар өз қамын, өз данқын көбірек ойлайтын тәрізді. Киностудия бұны бірен-саран ақшақұмарлардың сағалап жүргені де өтірік емес. Режиссерлардың драматургпен ылғи қосарласып автор бола беруі де көптен арылмай келе жатқан «ауру».

Таяуда болып өткен, СССР Жазушылар одағы басқармасының екінші пленумында жасаған баяндамасында А. Салынский жолдас былай деген еді: «Кинематографиядағы кәзіргі жағдай жазушылардың сценарий жазуына бөгет жасап, кейін итереді де, оңай кәсіп қуатындарға есік ашады, жол береді. Кинода әдебиетке лайық тиісті құрмет көрсетілмей тұрып, сценарий проблемасы ойдағыдай шешілмейді деп сценаристер әбден дұрыс айтады». Міне осы пікір Қазақстан жазушылар одағының пленумында тағы қайталанды.

Зеин Шашкин драматургтердің назарын басты кейіпкер проблемасына аударды. Басты кейіпкердің кесек тұлғасын жасау бәрінен бұрын кәзіргі заманның ұлылығын, парасаттылығын жырлайтын шығармалар үшін қажет-ақ. Мұның өзі сайып келгенде шеберлік мәселесіне де ортақ. Драматургиядағы басты кейіпкер дегеніміз — ол біздің совет адамы, ол тұтас бір дәуір. Басты кейіпкері осал шыққан шығармалардың арқау-жібі де босаң тартады, әріпте, бұдан басқа кейіпкерлердің бейнесі әлсіз болсын деген ұғым тумасқа керек деп түйді сөзін шешен.

Баяндамашы да, жарыс сөзге шығып сөйлеушілер де драмалық шығармалардағы тартыс жайынан үлкен әңгіме қозғады. Тартысқа үстірт оқиғалар алынбасын, өмірдің сыртқы көріністеріндегі әншейін ұғыныс-наушылық нағыз қайшылық бола алмайды. Пьесадағы драмалық тартыс — бұл ең алдымен еңбек адамдарының қактығысы, характерлер қактығысы. Біздің елде тап тартысы әлдеқашан жойылған, бірақ соған карап, қайшылықтар жоқ деуге бола ма? Өмірді жетік білетін, суреткерлік тәжірибесі мол, ұстаған позициясы, принципі айқын жазушылар өмірлік қайшылықтарды таба да білген, шығармасына шақтай да білген. Баяндамашының қайшылықтар мен қактығыстар, тартыстар ең алдымен еңбекке көзқарас арқылы ашылады дегені де рас. Ал шындап келгенде драмалық тартыстың түпкі мәні ескі мен жананың күресінде жатыр. Бүгінгі күн тақырыбына жазылған қазақ пьесаларының көбінде тартыс жасанды, жай дау-дамай, кішігірім кикілжіннен әрі аспайды.

Еліміздің көрнекті театр сыншыларының бірі Е. Сурков Қазақстан жазушылар одағының пленумында драматургия мәселелерінен келелі пікірлерін, қызық-қызық ойларын ортаға салды. Көптеген пьесалардың кемшілігі, — деді ол, — болмашы, ұсақ-түйек тақырыптың маңынан ұзап шықпайтынында. Әрине, кейде күрделі тақырыпты меңгере алмай, ұсақтатып жіберетін жағдай да болады. Қалай дегенмен, өмірдегі болымсыз жайлар шын драмалық шығармаларға өзек болмасқа керек. Қайсы бір шебер, көркем жазылған пьесаларда бір адамның тағдыры арқылы бүтіндей бір дәуірдің сырлары ашылады. Мұндай пьесалар қазақ топырағында да бар. М. Әуезовтың «Еңлік-Кебегінде» қазақ халқының революциядан бұрынғы тарихи тағдыры көз алдына келеді. Ал



«Ақан серіде» екі тарихи тәртіптің философиялық арбасуы бар, драматург Ғ. Мүсірепов жеке адамның тағдырынан үлкен обобщение жасаған.

Е. Сурков біздің республика театрларында қойылып жүрген кәзіргі пьесалардың да мінін көрсетіп өтті. Қ. Мұқамеджанов өзінің «Бәлтірік бөрік астында» деген комедиясында бірнеше тартымды характерлер жасай алған. Бірақ тұтас алғанда пьесаның кемшіліктері көп. Автордың суреттеуінде Сапар өзімшіл, мансапқор. Бірақ Сапардың сөздері мен іс-әрекеті тым солғын, Сапар философиясы — аңғал шәкірт философиясының шеңберінде жатыр. Жас драматургтің өмір құбылыстарын аңғара білгендігі бар, бірақ оны шешуде суреткерлік шеберлік жетіспейді. Осы тұста көрнекті сыншы бүгінгі советтік шындықты кемел бейнелеген драма нұсқаларын үлгі ете сөйледі. Мысалы А. Арбузовтың «Иркут тарихын» алайық. Бұл былай қарағанда кәдімгі махаббат тарихы тәрізді. Ал терең үнілген адам біздің қоғамымызда тәрбиеленіп, коммунистік идеяға суарылған Сергей Серегин сияқты адал да кіршіксіз жастарды көреді.

Қазақстан жазушылар одағының пленумында шеберлік, драмалық шығармалардың тілі қызу айтыс туғызды. Сюжеті сұйқылт, композициясы олпы-солпы, тілі жүдеу пьесалар авторлардың үлкен-кішілігіне қарамай, қатаң сынға ұшырады. Жасыратыны жоқ, фольклор тақырыбындағы пьесалардың тілі, жазылу мәнері көш ілгері. Ә. Тәжібаевтың дұрыс айтқанындай, «Еңлік-Кебек», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» оқушыға шабыт беретін, құлақ пен көкейге бірден қонатын еңбектер. Ал М. Әуезовтың кейінгі пьесасы «Дос—Бедел досты», Ғ. Мүсіреповтың «Сен қайтер едің?» оқығанда қиналасың, ұғымды ауырлатқыш сөздер алдынан кес-кестей береді. Сыншы С. Ордалиев былай деді: «Ә. Тәжібаев, Ғ. Мүсіреповтың екі пьесасының тілін салыстырып қана, сылап-сипап өтті. Ал шындығында оның «Сен қайтер едің?» деген пьесасы нашар пьеса. Сондықтан академиялық театрда қойылғанына жарты жылдай уақыт өтсе де сыншылар үндемей отыр. Өйткені бұл шығарма мақтау көтермейді. М. Жолдасбеков те осындай ойға келіпті. Ол бұл пьесаны Ғ. Мүсірепов жазды деуге сену қиын, деді.

Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Л. Ғалымжанова драматургия мәселесі — мемлекеттік, зор саяси мәселе екенін, шынтуайтқа келгенде театрлардың репертуар қоры осыған байланысты екенін атай келіп, республика жазушыларының бүгінгі күн тақырыбына құнды пьесалар жазуы ардақты да абыройлы міндет деп көрсетті. Республикамызда екі жарым театр маусымында 20 шақты пьеса қойылған екен, ал соның 9-ы ғана замандас тұлғасын береді. Кәзір Қазақ ССР Мәдениет министрлігі жазушылар одағымен бірлесе отырып, драмалық шығармалардың үшжылдық жоспарын белгілеп отыр. Турасын айтқан жөн, бізде күні осы уақытқа дейін алып құрылыстардың өрендері туралы, тың игеруші патриоттар туралы, қажырлы малшылар туралы ауыз тұшырлық пьеса жоқ. Халық театрлары мен өнерпаздар коллективтері де өскелең өмірімізді бейнелейтін шағын пьесаларға мұқтаж.

Жазушы Н. Анов пен ұйғырдың жас ақыны Илья Бахтия баяндамада Қазақстандағы орыс және ұйғыр драматургиясының жайы мүлдем сөз болмағанын айтып, қынжылыс білдірді. Бұл расында да елеулі кемшілік еді. Соңғы кезде жазылған, бір топ қазақстандық орыс драматургінің шығармалары — келелі сөз қозғауға әбден тұрарлық еді. Мұны былай қойғанда, жергілікті авторлардың пьесалары облыстық театрларда қойылып жүр. Сөз арасында айта кету керек, Қарағанды, Гурьев, Семей сияқты қалаларда жергілікті қазақ авторларының да пьесалары қойыла бастады. Бірақ Ә. Тәжібаев жолдас болсын, жеке сөйлеушілер болсын бұлар туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Николай Анов, Әлжалпар Әбішев, жас сыншы С. Тоғысбаев тағы басқалары жазушылардың өмірден артта қалып отырғанын әңгімелейді.



— Біз ылғи кейіпкерлердің соңында, елеулі оқиғалардың соңында жүреміз, деді Н. Анов.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Радио және телевидение комитетінің председателі Қ. Сағындықов радио монтаж, радио инсценировка және телепостановка жасауға жазушылардың белсене қатынасуын өтінді. Сонымен қоса Қ. Сағындықов бір кезде Вахтангов атындағы беделді театр қойған, кейін радио монтажі жасалған, Пистоленко дегеннің «Жазылмаған заң» деген, бүгінгі советтік Қазақстанға жала жабатын пьесасымағының түкке тұрғысыз, сөлекет екенін сынады. Пистоленконың өмірді білмейтіні соншалық, ол «Абай» романындағы кейіпкерлердің аттарын сол қалпымен өзгертпестен ала салған.

СССР Жазушылар одағы басқармасының секретары А. Салынский өзінің сөзінде Ә. Тәжібаев жасаған баяндаманың кейбір артық-кем кеткен жерлері, бір сәт дау-талас туғызатын өзіндік пікірлері, жаңсақ ой түйіндері болғанымен, негізінен алғанда ұшқыр ойға толы, өткір сын пікірлері мол баяндама болып шыққанын атап өтті. — Сіздердің пленумыңыз, — деді ол, — социалистік реализм эстетикасының артықшылығын тағы да көрсетті. Совет халқы біздерге, драматургтерге жаңа зор талаптар қойып отыр. Сол талаптар дәрежесінде болып, коммунизм құрылысшыларының адамгершілік асыл қасиеттерін мадақтау, олардың тамаша бейнесін мүсіндеу — бәріміздің міндетіміз. А. Салынский кезіргі қазақ драматургиясына да өз пікірлерін айта отырды. Мәселен, оған «Жалғыз ағаш — орман емес» пьесасындағы Телғара образы ұнайды, ал Қалтай Мұқамеджанов пьесасындағы Марфуға сияқты өзінің анасын білмейтін, оны бұзып сөйлейтін әрі-сәрі жастарды әшкерелеу — совет драматургиясындағы жаңа леп, жақсы әуен деді ол.

Пленумға қатысушылар драматургияның өсіп, өркендеуіне тиісінше көмек көрсетпегені, қажетті жағдайлар жасамағаны үшін жазушылар одағын, оның драматургия секциясын әділ сынға алды. Әсіресе жас драматургтерді тәрбиелеу ісі мәз емес. Соңғы жылдары поэзияға қаншама жас ақындар қосылды, ал драматургтер қатарына оншалық өнерлі жастар қосылған жоқ.

Екінші пленум жалпы сын мәселесіне, оның ішінде театр сынына едәуір көңіл бөлді. Бізде драматургияның түйінді мәселелерін көтере білетін, шеберлік жайында ғылыми, дәлелді пікір айтатын, озық драматургтердің жақсы үлгілерін қорыта алатын нағыз маман драматургиясы болмай келгенін баяндамашы да, сөйлеушілер де атап көрсетті. Жеке сын мақалалар мен рецензияларда не жалтақтық, жағыну, не өкпелеу, өш алу сарыны қалмай келеді.

Пленумда сөз сөйлеген Ә. Әбішев партиялық баспасөз бен әдебиет жұртшылығы айыптаған өзінің «Кім менің әкем?» драмасына қайтадан шық жұқтырмауға әрекеттеніп, белді жазушыларымызға орынсыз кінә таққысы келді. Ал жас драматург С. Адамбеков өзінің «Күн мен көлеңке» пьесасына айтылған сынды көтере алмағанын білдірді.

Қазақстан жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Ғабит Мүсірепов қорытынды сөз сөйледі.

Қазақстан жазушылар одағының екінші пленумы бүгінгі күннің тақырыбына бүтіндей бетбұрыс жасады, ол «Әдебиет пен көркемөнер халық өмірімен тығыз байланысты болсын» деген белгілі партиялық документті, КПСС Орталық Комитетінің «Партиялық насихаттың кезіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, барлық жазушыларды коммунизм заманы тудырып отырған ұлы ұлы тақырыптардың, тапқыр да алғыр ой, сезімдердің зергер мүсіншісі болуға, сөйтіп Қазақстанның 40 жылдығына сүбелі сыймен келуге шақырды.

Т. ЫДЫРЫСОВ.



# Партия тұрмысы

## Міндеттемені орындау — ардақты борыш

*А. ҮКІБАЕВ,*

*Қазақстан ҚП Баранкөл аудандық комитетінің секретары*

Қазақстан Компартиясының X съезі республика еңбекшілеріне жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың, сонымен бірге ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендете берудің қосымша мүмкіндіктерін ашып көрсетіп берді. Съезд шешімдері бүкіл республикамыздағы сияқты біздің аудан еңбекшілері арасында да жаңа жігер туғызды.

Баранкөл бұрын республиканың картасында жоқ болатын, ол тың жерді игеруге байланысты құрылған жаңа аудан. Төрт жылдың ішінде ауданда он бір совхоз ұйымдасты, жарты миллион гектар жаңа жер жыртылды. Отанға 63 миллион, демек жыл сайын орта есеппен 15,6 миллион пұт астық тапсырылды. Тыңды көтергенге дейінгі бүкіл Ақмола облысының жылма-жыл мемлекетке беріп келген астығын кәзір біздің ауданның бір өзі береді. Баранкөлдің бүгінгі бейнесі партияның елімізде тың жерлерді игеріп, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі көреген саясатының өміршендігіне нақты дәлел.

Әрине, жапан дүзге жан бітіру оңайға түскен жоқ. Еліміздің әр түкпірінен келген патриоттар көп қиыншылықты бастан кешсе де мойыған емес. Бір жағынан жер жыртып егін ексе, сонымен қатар үй салды. Аз ғана уақыттың ішінде жап-жақсы совхоз поселкелері орнады. Оларды мекендеген халық тыңға түпкілікті бауыр басты.

Үкімет пен партияның айрықша қамқорлығының нәтижесінде ісіміз сәтті болды. Тың көтерген жылдар ішінде ауданға 2439 трактор, 1800 комбайн және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары берілді. Қуатты техника болмаса, шаруашылықты ілгері бастыру мүмкін емес еді. Сонымен қатар азық-түлік, киім-кешек, ағаш, кірпіш, басқа құрылыс материалы, қысқасы күллі қажеттеріміз жеткізілді. Ең бастысы бізге бірқатар ысылған агроном, зоотехник, инженер, механизатор, дәрігер, мұғалім жіберілді. Олар ортақ ісіміздің ойдағыдай жүзеге асуына ұйтқы болды, зор пайдалы қызмет атқарды.

Тың тұнған байлық. Көзін тап та пайдаға асыра бер. Осындай қолайлы жағдайды ескере отырып, аудан еңбекшілері биыл астықтың жалпы түсімін 30 миллион пұтқа жеткізу, ал егін шаруашылығы жөніндегі жетіжылдық жоспарды 1963 жылы, оның ішінде астық өндіру жөніндегі тапсырманы биылғы жылдың өзінде-ақ орындап шығу мақсатын көздеп, көтеріңкі міндеттеме қабылдады.

Көздеген нысанаға жетудің жолы қайсы?

**Біріншіден,** егіншілік мәдениетін көтеру және берекелі гектар үшін жанжақты күрес жүргізіп, мол өнім алынуын қамтамасыз ету. Бұл жөнінде біздің шаруашылықтардың бай тәжірибесі бар. Мысалы, «Донской» совхозы (директоры Исаенко, бастауыш партия ұйымының секретары Андрианов жолдастар) былтырғы көктемде тұқымды мұқият өңделген зябь пен парға септі. Агротехникалық ережелерді бұлжытпай жүзеге асырды. Совхоз коллективі жоспар бойынша сегіз жарым центнердің орнына дәнді дақылдардың гектарынан орта есеппен он бес цент-



мерден өнім жинап, мемлекетке 2 миллион пұтқа жуық астық берді, сөйтіп, үш жарым миллион сом таза пайда алды. Озат совхоздың коллективі биылғы көктемгі егісті қысқа мерзімде, жоғары сапалы өткізуге, сөйтіп, гектар басы жүз пұттан астық алуға жұмылып отыр. Олар барлық совхоздың коллективін осындай нақты міндеттеме алып, жарысқа қосылуға шақырды. Кәзір бұл игі бастама ауданның барлық шаруашылығында қызу қолдау тапты.

Мол өнім үшін күресу тағдыры шешілетін егіс бригадаларында биылдың өзінде жаңадан 64 партия тобы құрылды, сонымен бірге 35 комсомол-жастар бригадасы еңбек етеді, жұмыстың шешуші жерлеріне 517 коммунист және 2 500 комсомолец жіберілді.

**Екіншіден,** қосымша тың жер игеру, егістік жердің көлемін ұлғайта түсу. Өткен екі жылда мемлекет қорындағы бос жерден біздің совхоздар 102 334 гектар тың көтерді. Биыл 127 мың гектар тың жер жыртыуымыз керек. Сондықтан таяу уақыттың ішінде жаңадан бес совхоз ұйымдастырғалы отырмыз. Бұл шаруашылықтар өздерінің еншісіне тиген жерді жыртып, егін салады. Мұның өзі біздің ауданда астық шаруашылығы ұлғая бермек деген сөз.

**Үшіншіден,** алдымызда тұрған міндет қандай ауыр болғанмен оны орындауға біздің шаруашылықтардың күш-мүмкіндіктері де, кадрларымыздың қабілеті де жетеді. Совхоздардың бастауыш партия ұйымдары нығая түсті, олар ұйымдастыру жұмысы жөнінде едәуір тәжірибе алды. Барлық совхозда да ынтымағы күшті жұмысшы коллективі қалыптасты. Бізде үздік орақ шеберлері, іскер бригадирлер, білікті партия қызметкерлері, байыпты совхоз басшылары бар. Ерлі-зайыпты Демьяновтар, Алпысбаев, Островский сынды озат комбайншыларымыз былтыр әрқайсысы қос комбайнмен екі мың гектардан егін жинады. Гаретов, Тайшықов, Галушко, Эмер, Токсанбаев сияқты трактор-егіс бригадаларының бригадирлері ауыл шаруашылығы өндірісінің іскер ұйымдастырушылары ретінде көзге түсті. Жоғары білімді жас агрономдар Мырзабеков, Пономарев, Чекаленко жолдастар біраз уақыт өз мамандықтары бойынша қызмет істеп, практикалық істе шыныққан соң, совхоз директорлығына жоғарылатылды. Міне, мұндай кадрлар совхоз өндірісіне тұтқа, жүктелген міндеттің ауыртпалығынан тайсалмайды.

**Төртіншіден,** үкімет пен партия бізге алға қойған міндетімізді жүзеге асыруға күнделікті көмек беруде. Аудан совхоздары биылғы жылдың бірінші тоқсанында ғана 161 трактор, көптеген комбайн, тағы басқа техника алды. Москва қаласының Москворецк ауданы, Украинаның Харьков облысы біздің ауданды қамқорлығына алған. Москвалықтар станок, азық-түлік, киім-кешек, тағы басқа товарлар, Харьков облысының еңбекшілері механизатор кадрлар жіберіп, бізге үнемі туысқандық көмек көрсетуде. Бұл көмекті былай қойғанның өзінде де олардың бізге деген достық тілегінің өзі біздің еңбекшілердің, кадрлардың мерейін өсіре түседі.

Біздің совхоздарда мал шаруашылығы да өркендеп келеді. Былтыр ірі қара мал, шошқа, құс өсірудің, ет, сүт, жұмыртқа алудың жоспары артығымен орындалды. Биыл біздің совхоздардың жұмысшылары мемлекетке 1 100 тонна сүт, 21 360 центнер ет, 196 центнер жүн, 860 мың жұмыртқа өткізуге міндеттеме қабылдады.

Бізде бұл міндеттемені артығымен орындауға барлық мүмкіндік бар. Біз ең алдымен озат шаруашылықтардың, озат адамдардың тәжірибесіне сүйенеміз. Оларды барлық шаруашылықтардың игілігіне айналдырып отырамыз. Мәселен «Терісаққан» совхозы (директоры Есентаев, бастауыш партия ұйымының секретары Түгелбаев жолдастар) былтыр мал семіртуден көрнекті табысқа жетті. Мемлекетке 3 468 центнер, алдыңғы жылдан бір жарым есе артық ет өткізді. Етке өткізілген



ірі қара мал — 405 килограмнан, қой — 63 килограмнан келді. Совхоздың қарт бақташысы Темірболат Шалабаев жолдас 76 өгізді етке әрқайсысын 600 килограмнан өткізді. «Терісаққан» совхозының коллективі жетіжылдықтың екінші жылында мемлекетке 5 810 центнер ет сатуға міндеттеме алып, бүкіл Ақмола малшыларын социалистік жарысқа шақырды. Облыстық партия комитеті бұл бастаманы қуаттады.

«Шолақсандық» (директоры Ысқақов, бастауыш партия ұйымының секретары Кеңбейілов жолдастар) совхозы да ауданымыздағы озық шаруашылық. Совхоз шопандары биыл биязы жүнді 1958 жылғыдан үш жарым есе артық алуға міндеттеме қабылдап отыр.

Біз шаруашылықтың бәрін де «Терісаққан», «Донской» және «Шолақсандық» совхоздары дәрежесіне жеткізуді көздейміз. Бұл совхоздардың тәжірибесі аудандық газеттің бетінде кеңінен жазылды.

Біздің совхоздар құс өсіруді де қолға ала бастады. Былтыр Ленин комсомолы атындағы совхоздың коллективі бұл жөнінде игілікті іске бастаушы болып, 50 мың тауық өсіруге міндеттеме қабылдаған болатын. Аудандық партия комитеті бұл бастаманы қолдады және барлық совхоздың құс фермасы болсын деген тоқтамға келді. Біз бұл мақсатымызға жеттік. Қазір барлық совхозда да құс фермасы бар. Біздің биыл бір жарым миллионнан астам жұмыртқа алып, мемлекетке 860 мың жұмыртқа өткіземіз деген міндеттемеміздің орындалатынына осындай негіз бар. Аудан еңбекшілері мемлекетке ет, жұмыртқа сатудың бірінші тоқсанға белгіленген жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Рас, мал шаруашылығы түгелінен төрт аяғынан тік тұр деп айта алмаймыз. Ауданда қойды қолдан ұрықтандыру, қыста қоздату сияқты озат әдістер пайдаланылмай келеді. Осының салдарынан қозы аз алынады. Біздегі барлық совхоздың басшылары бірдей шаруашылықты жан-жақты өркендетудің, әсіресе мал шаруашылығын өркендетудің мүмкіндіктеріне жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Аудандық партия комитеті ұйымдастыру, басшылық жұмысындағы мұндай кемшіліктерді түзетуге баса назар аударып отыр.

Мал шаруашылығын тиісінше өркендету үшін барлық мүмкіндіктерді жете пайдаланған жөн. Ауданымызда шабындық, жайылымдық жер жеткілікті. Жемшөптік дақылдардың көлемін ұлғайтуға да жағдай толық. Бірақ барды ұқсата білмейтін шаруашылық басшылары да жоқ емес. Мәселен, «Львов» совхозы былтыр шөпті аз шапты, оның өзін дер кезінде жинамай, көбін шірітіп алды. Ақыры биыл малды нашар қыстатып шықты. Бұл кемшілікті түзету үшін біз тиісті шара қолдандық.

Мал азығының тұрақты қорын жасаудың негізгі жолы — жүгері егісін молайту. Былтыр совхоздар бұл дақылдан орташа ғана өнім алды. Жүгері тәуір шыққанымен дер кезінде жиналмады, кей жерде ысырап болды. Биыл біз мұндай кемшіліктерге жол бермейміз. Сонымен бірге жүгері егісінің көлемі ұлғайтылады. Ол ең жақсы өңделген жерге тек шаршы-ұялы әдіспен егіледі. Совхоздарда бір механизатор және оның көмекшісі бар жүгері өсіруші звенолар құрылды. Бұл звенолардың құрамын аудандық партия комитеті қарап бекітті. Биыл барлық совхозда да жүгеріден гектарына үш жүз центнерден сүрлемдік азық алу үшін қызу күрес жүріп жатыр.

Алынған міндеттемелерді орындау үшін ұйымдастыру жұмысын мейлінше жақсарту керек. Барлық шаруашылық басшыларын, ауыл шаруашылығының мамандарын, егіншілер мен малшыларды алда тұрған келелі міндеттерді орындауға жұмылдыру — ұйымдастыру жұмысының негізгі мақсаты осы. Бүкіл саяси жұмыс әрбір еңбеккердің ынтасын, күш-жігерін тасыта беруге бағытталады. Әсіресе, коммунистер мен комсомолецтердің авангардтық ролін көтеруге, оларды жұмыстың ен шешуші буындарына қоюға айрықша назар аударылады.



Қазақстан Коммунистік партиясының X съезінде социалистік жарыс туын жоғары көтеріп, бұқараның еңбектегі және саяси белсенділігін арттырудың қажеттігі ерекше атап көрсетілді. Бізде совхоздардың өзара социалистік жарысқа түсуі, алынған міндеттемелердің орындалуын тексеріп отыру дағдылы іске айналып келеді. Жақында аудандық партия комитетінің басшылығымен өткен жылғы қабылданған міндеттемелердің орындалуын, биылғы мал қыстату науқанын аяқтау және көктемгі егіске әзірліктің барысын тексеру жөнінде жаппай рейд ұйымдастырылды. Совхоздар бір-біріне өкілдер жіберді, олардың құрамында шаруашылық басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, еңбек озаттары болды.

«Ешім» совхозының үшінші бөлімшесінде социалистік жарыс жақсы ұйымдастырылған. Бөлімшеде партия тобы бар. Оны зоотехник Шепель жолдас басқарады. Партия тобы малшылар мен механизаторлар арасындағы жарысты ұйымдастырушы бола білген. Фермалардың өкілдері күн сайын бөлімшеге жиналып, жұмыстың қорытындысын шығарып отырады. Мұның өзі жарыста кімнің алда келе жатқанын, кімнің артта қалғанын біліп тұруға, сөйтіп социалистік жарыстың мейлінше ықпалды болуына әсер еткен.

Бұл бөлімшеде болған «Терісаққан» совхозының өкілдері ешімдіктердің социалистік жарысты ұйымдастырудағы тәжірибесін өздерінде пайдаланып, жақсы нәтижеге жетті. Совхоз мал өсірушілері мемлекетке ет тапсырудың бірінші тоқсанға белгіленген жоспарын артығымен орындады.

Біз жарысты пәрменді ұйымдастыру үшін аудандық газетті, қабырға, радио, сәуле газеттерін тиімді пайдалану жағына назар аударамыз. Жақында аудандық газет қызметкерлері мен қабырға газеттері редакторларының кеңесін өткізіп, озық тәжірибені жұртшылыққа кең таратудың жәйін егжей-тегжейлеп талқыладық.

Аудандық комитет жергілікті партия ұйымдарына басшылықты жақсартуды негізгі міндеттердің бірі деп біледі. Жақында бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарын өткіздік. Онда коммунистерді өндірістің шешуші буындарына қою, совхоздарда жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың қосымша мүмкіндіктерін ашып, пайдалану мәселелері талқыланып, бұл жөнінде кең пікір алынды.

Кең арналы өміріміздің алуан саласына әйелдер белсенді ат салысып отыр. Трактор бригадасының бригадирі Ленин орденді Шәрипа Науызқанованың есімі бүкіл облыс жұртшылығына мәлім. Табағұлова, Савельева, Кузьмина, Дәнис, тағы басқа талай әйел жолдастар ауыл шаруашылығы өндірісінде табысты еңбек етуде. Біз жақында әйелдер активінің аудандық жиналысын өткіздік. Активке қатысушылар совхоздар шаруашылығын өркендетуге, селодағы мәдениет-ағарту жұмысын жандандыруға бағытталған шаралар белгіледі.

Біз күнбе-күнгі жұмысымызда жер-жердегі жағдайды жақсы біліп отыруға, жоғарғы партия, совет органдары және өзіміз қабылдаған қаулы-қарарлардың дер кезінде орындалуына, совхоз басшылары мен партия ұйымы секретарьларының жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөлеміз.

Баранкөл ауданының еңбекшілері жетіжылдықтың екінші жылы қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында социалистік жарысты кеңінен өрістетеді. Партия ұйымдары бүкіл ұйымдастыру жұмысын осы бағытта жүргізіп, көздеген нысананың ойдағыдай менгерілуін қамтамасыз етеді.



# Партия насихаты өмірге орайлас жүргізіледі

*О. СҰЛТАНҒАЛИЕВ,*

*Қазақстан КП Мақат аудандық комитетінің секретары*

КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысы — партиямыздың идеологиялық жұмысының нақты программасы. Аудан коммунистері мен еңбекшілері бұл қаулыны қызу қуаттап, оны еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі партиялық қамқорлықтың айқын белгісі деп бағалап отыр.

Еңбекшілер арасында партиялық насихат бұрынғыдан да нақты, әсерлі, өрісі кең болып, бұқаралық сипат алуы үшін біз, ең алдымен, партия Орталық Комитетінің қаулысын бүкіл жұртшылыққа кең түсіндіруді көздедік. Осы мақсатта бұл қаулы барлық жерде партияда жоқ еңбекшілермен бас қосқан, ашық партия жиналыстарында талқыланды. Аудандық партия комитеті Мақат, Байшонас, Қошқар кәсіпшіліктерінде насихатшылардың, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы мүшелерінің, партия, комсомол ұйымдары секретарьларының, үгітшілердің, үгіт пункттері меңгерушілері мен үгіт коллективтері жетекшілерінің жиналыстарын өткізді. КПСС Орталық Комитетінің қаулысына арналып, аудандық партия активінің арнаулы жиналысы болды.

Осы өткізілген жиналыстарда коммунистер мен партияда жоқ жұмысшылар, қызметкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер партия Орталық Комитеті қаулысының негізінде партиялық насихатты күшейте, өмірге ұштастыра түсуге бағытталған көптеген пікірлер, ұсыныстар, тілектер айтты. Осы ұсыныстарды ескере отырып, аудандық партия комитеті партиялық насихатты жаңа сатыға көтеруге бағытталған шаралар белгіледі. Оны партия ұйымдары секретарьларын қатынастыра отырып, аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде бекітті. Кәзір осы белгіленген шаралар жүзеге асырылуда.

Біз басты назарды қандай мәселеге аудардық? Ең алдымен насихаттын бұқаралық сипат алуына, практикалық міндеттермен тығыз байланысты болуына, партия оқуы жүйесін кеңейте түсуге және оған партияда жоқтарды кеңінен тартуға баса көңіл бөлдік.

Соңғы уақыттың ішінде партияда жоқ еңбекшілердің тілегі бойынша, жанадан ағымдағы саясатты үйренетін 14 үйірме, КПСС тарихы жөнінен 1 үйірме, сауда және кәсіпорын экономикасын оқитын 3 семинар ұйымдастырылып, оларға коммунистермен бірге 500-ге жуық партияда жоқ жұмысшы мен қызметші тартылды.

Кадрларға экономикалық білім беру, ғылым мен техника жетістіктерін меңгеру мақсатында Доссор, Байшонас, Мақат сияқты үлкен кәсіпшіліктерде мұнайшылардың тілегіне сай техникалық прогресс университеттері ұйымдастырылып, өз жұмысын бастады. Ашылған 3 университетке 150-дей адам қатысады. Университеттерде мастерлер, операторлар, электр монтерлер, техниктер, слесарьлар тағы басқа жұмысшылар оқиды. Университеттердің оқу жоспарлары тыңдаушылардың тілегіне байланысты жасалды. Университеттердің алғашқы сабақтарында жетіжылдықтың негізгі міндеттері, өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру жолдары, ғылым мен техниканың жетістіктері, өндіріс озаттарының тәжірибесі, мұнай өндірудің озық әдістері, мұнай скважиналарына су айдаудың жолдары сияқты, мұнайды мол өндіруге және оның түсер құнын кемітуге бағытталған аса маңызды мәселелер жөнінде лекциялар оқылды.



Бұл тақырыпты лекцияларды кәсіпшіліктердің директорлары, бас инженерлері, бас геологтары, аудандық партия комитетінің қызметкерлері оқыды. Келешекте университетте кибернетика, есеп машиналары, әлем кеңістігін меңгеру сияқты тақырыптарда лекция оқуға Қазақ ССР Ғылым академиясының Гурьевтегі Мұнай институтының ғылыми қызметкерлерін шақырмақшымыз.

Университеттерде лекциялар үстінде көрнекі құралдар, ғылыми фильмдер, диафильмдер көрсетіліп отырады. Мысалы, Доссор кәсіпшілігінің жанындағы техникалық прогресс университетінде алғашқы сабақта кәсіпшіліктің бас инженері Өржанов жолдастың «СССР-дің мұнай өнеркәсібіндегі техникалық прогрестің негізгі бағыты» деген тақырыпта жасаған лекциясын тыңдағаннан кейін мұнай шығаруға арналған кинофильм көрсетілді.

Техникалық прогресс университеттерінің жұмысына күнделікті басшылық жасап отыру үшін олардың әрқайсысында университет Советі құрылды, ректор тағайындалды. Доссор, Мақат кәсіпшіліктерінде университет ректорлары болып, осы кәсіпшіліктердің геологтары Тоқашев, Телішев жолдастар тағайындалды. Байшонас кәсіпшілігінде университетті бас инженер Балдуев жолдас басқарады. Ректорларды аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде бекітті.

КПСС XXI съезінің шешімдері мен материалдарын, Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған баяндамасын оқып, үйренуге коммунистермен қатар партияда жоқ еңбекші бұқара да зор ынта көрсетті. Партия ұйымдары осыны ескеріп, съезд материалдарын оқып үйренетін жұмысшылар тобын құрған болатын. КПСС Орталық комитетінің партиялық насихат туралы қаулысынан кейін біз осы топтарға да партияда жоқ еңбекшілерді көбірек тарттық.

Орталық электр станциясы, автомобиль және трактор жөндеу зауытының бастауыш партия ұйымдарында съезд материалдарын оқуды аяқтағаннан кейін мұндай топтар жұмысын тоқтатқан болатын. Қазір оларды қайтадан іске кірістірдік. Байшонас кәсіпшілігінің бастауыш партия ұйымында жұмысшылар топтары мұнайшылардың жұмыс орындарына ыңғайластырылып, қайта құрылды. Қазір ауданда жұмысшылар мен қызметшілердің осындай 84 тобы жұмыс істейді. Бұл топтардың насихатшылары болып мұнай шығару учаскелерінің мастерлері тағайындалды. Бұлардың бәрінің орта дәрежелі техникалық білімі бар. Топтардың оқу жоспарын аудандық саяси оқу кабинеті бастауыш партия ұйымдарымен келісе отырып жасайды. Топтарда сабақ айына екі рет өтеді. Мұнай шығару учаскелерінде сабақ вахталар алмасу арасында, ал механикалық мастерской, электр цехтарында, гараждарда, коммуналдық бөлімдерде жұмыстан соң белгілі бір уақытта өтіп отырады.

Жұмысшылар тобында КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының, СССР Жоғарғы Советі IV сессиясының материалдары оқылды. Қазір топтарда Қазақстан Компартиясы X съезінің және СССР Жоғарғы Советі V сессиясының материалдары бойынша сабақ жүріп жатыр. Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары топ насихатшыларының кеңестерін жиі-жиі өткізіп отырады. Топтарда сабақты мазмұнды, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра өткізіп жүрген насихатшылар аз емес. Мысалы, Сағыз кәсіпшілігінің екінші учаскесінде құрылған топтың насихатшысы Матайбаев жолдас Қазақстан Компартиясының X съезі туралы өткізген сабағын скважина қорларын дұрыс пайдалану, кідірістерді болдырмау, геологиялық-техникалық шараларды қатаң жүзеге асыру, сол арқылы еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттермен шебер ұштастырды. Ол сабақты әңгіме ретінде өткізеді.

Бұл учаске коллективі кәсіпшіліктегі озат коллективтердің бірі. Учаске коллективі мұнай шығарудың үш айлық жоспарын артығымен



орындады. Операторлар Жакыпов, Жұмағалиев, слесарь Хасанов, балташы Жұмағалиев сияқты жолдастар өздерінің саяси білімдерін көтеруде де, сол сияқты өндірісте де тамаша үлгі көрсетуде. Өндіріс озаттарының қатары көбейіп келеді.

Насихаттың өрісін кеңейту мақсатында жаңа құрылған оқу жүйелерімен қатар бұрыннан жұмыс істейтін үйірме, саяси мектеп пен семинарларға да қосымша адамдар тартылды. Кәзір саяси оқудың барлық түрлеріне 5 мыңға тарта адамдар қамтылды. Бұл өндірістегі адамдардың 80 процентке жуығы.

Партиялық насихатқа бұқаралық сипат бере отырып, біз партия оқу жүйесіндегі сабақтың идеялық дәрежесін арттыру міндетін алға қойдық. Ол үшін насихатшылармен жұмысты жақсарту шараларын ойластырдық. Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары алдымен насихатшыларды теориялық, методикалық даярлығы бар жолдастардан іріктеп алуға көңіл бөлді. Кәзір насихат жұмысына көптеген инженер-техниктер, кәсіпорындардың басшылары, аудандық партия комитетінің секретарьлары, мұғалімдер белсене қатысып жүр.

Аудандық партия комитеті насихатшылардың жұмысына күнделікті басшылық жасап, оларға көмектесіп отырады. Аудандық партия комитеті жанында насихатшылардың тұрақты семинары жұмыс істейді. Аудандық саяси оқу кабинетінде тандаулы насихатшылардан методикалық топ құрылған, оның мүшелері үйірмелер мен саяси мектептерде болып, насихатшыларға көмектесіп отырады. Олар насихат жұмысының жақсы тәжірибесін зерттеп, қорытады. Насихатшылар Көшкімбаев, Бердіғалиев тағы басқа жолдастардың тәжірибелерін қорытып, аудандық газет бетінде жариялады, бірсыпыра насихатшының сабақ өткізу әдістерін жазып таратты. Міне мұның өзі насихатшыларға үлкен көмек болды.

Біз жақында Байшонас, Мақат кәсіпшіліктерінің бастауыш партия ұйымдары жанынан саяси оқу кабинеттерін құрдық. Бұл кабинеттің қызметкерлері партиялық, қоғамдық тапсырма ретінде ақысыз жұмыс істейді. Кабинеттер аптасына 3—4 күн ашық болады. Ол күндерде кезекші насихатшылар үгітшілермен, насихатшылармен, өздігінен саяси білімін көтерушілермен әңгімелесіп, оларға кеңестер береді, қажетті материалдарды іріктеп алуға жәрдемдеседі. Кабинеттер аудандағы кітапханалар арқылы керекті әдебиетпен толықтырылды. Кәзір бұл кабинеттерде атеистер, үгітшілер, насихатшылар үшін жабдықталған бұрыш бар. Онда теорияны өздігінен оқитындарға, лекторларға, үйірме, семинар және мектеп жетекшілеріне, үгітшілерге арналған материалдар, әдебиеттер жинақталған. Саяси оқу кабинеттерінде кітап қоры бұдан да молайту мақсатында, аудандық партия комитетінің кабинеті келешекте ауыспалы кітап қорын жасақтайды.

Ауданымыздың басқа партия ұйымдары да партия оқуы жүйесінің басшылығын жақсартта түсті. Мысалы, Сағыз кәсіпшілігінің партия бюросының мәжілісінде саяси оқу жүйесіндегі сабақтардың барысы мезгіл-мезгіл талқыланып, басты назар тыңдаушылардың саяси білімін көтеруіне, сабақтарды коллектив алдында тұрған нақты міндеттермен ұштастыра жүргізуге аударып отырады. Ал Байшонас кәсіпшілігінде партбюро мүшелері үйірмелер мен мектептердің сабағына үнемі қатысады. Насихатшылармен, тыңдаушылармен әңгіме өткізіп, оларға кеңестер береді. Бұқараның саяси білімін арттыру жолында насихатшылар Есмағамбетов, Айтжанов, Каплан, Өржанов тағы басқа жолдастардың жемісті еңбек етіп жүргенін атап айту керек.

Насихатшылардың еңбегін жоғары бағалап, олардың тандаулыларын аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінің қарары бойынша әдейі ашылған «Құрмет кітабына» жазып отыратын болдық. Бұл да насихатшылардың ынта-жігерін арттыра түседі.



Қошқар кәсіпшілігінде нақты экономика үйірмесінде 18 адам оқиды. Үйірмеде сабақты кәсіпшіліктің бас инженері Қисметов жолдас жүргізеді. Биылғы оқу жылының басынан бері үйірмеде өндірістік жұмысты жоспарлау, жалақы, өнімнің түсер құны және басқа мәселелер талданды. Бұл сабақтарға тыңдаушылар белсене катынасты.

Өнеркәсіп экономикасын оқып үйрену үйірме тыңдаушыларының өндірістік белсенділігін арттырды. Кәсіпшілікте өткен жылы әрбір тонна мұнайдың түсер құны жоспарлағаннан 3 сом 24 тиынға арзандатылды. Осының нәтижесінде 155 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Бұл үйірменің тыңдаушылары сабақ үстінде өндіріс жұмыстарын автоматтандыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, электр қуатын үнемдеу және тиімді пайдалану мәселелерін көтерді. Екінші учаскенің мастері, үйірме тыңдаушысы Дүйсенғалиев жолдас электр қуатын тиімді пайдалану үшін скважиналарға жеңіл насостар мен трубаларды орнату жөнінде ұсыныс жасады. Бұл тапқыр ой барлық жерде қолдау тауып, көптеген тың ұсыныстарға қозғау салды. Бірінші учаскенің мастері Бурлаков жолдас скважиналарда қуатты моторлардың электр қуаты толық пайдаланылмайтынын көрсетіп, оны қуаты аз моторлармен ауыстыруды ұсынды. Электр цехының бастығы Динов жолдас ескі электр желілерінде кедергінің көбейіп, электр қуатының орынсыз шығын болатынын айтып, оны жаңа желімен ауыстыру жөнінде ұсыныс жасады. Осы ұсыныстарды жүзеге асырудың нәтижесінде электр қуаты тиімді пайдаланылатын болды.

Мұнай скважиналарын басқару жұмысын автоматтандыру Ембі бойынша алғаш рет осы кәсіпшілікте жүзеге асырылды. Кәсіпшілікте мұнай скважиналарын автомат арқылы басқаруға көшіру еңбек өнімділігін еселеп арттырды. Бұрын барлық скважиналарды жұмысқа қосу үшін сағат жарымдай уақыт кетсе, енді 6 — 7 минут қана жұмсалатын болды.

Марксизм-ленинизмді өздігінен оқу—еңбекшілердің саяси білімін көтерудің негізгі түрі. Партия ұйымдары өздігінен білімін көтерушілердің тілегін ескере отырып, партия тарихы, философия, саяси экономика, ғылым мен техника, еліміздің халықаралық және ішкі жағдайы жөнінде лекцияларды жиі-жиі ұйымдастырып тұратын болды. Партияның ХХІ съезінде көтерілген коммунизм құрудың теориялық мәселелері жөнінде бірнеше рет теориялық конференциялар өткізілді.

Партиямыздың ХХІ съезінен кейін лекциялық насихат кең өріс алды. 1958 жылы 734 лекция оқылса, өткен жылы 1 580 лекция оқылды. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында 400-ге жуық лекция оқылды. Біз лекциялық насихаттың өрісін кеңейту мақсатында аудан орталығында және Байшонас кәсіпшіліктерінде «Лекция күндерін» өткізіп тұратын болдық. Лекция оқуға басшы қызметкерлер, инженер-техниктер, мұғалімдер мен дәрігерлер, өндіріс озаттары кең катынастырылады. Заң қызметкері Баконов, Доссор кәсіпшілігінің бас инженері Өржаңов, мұғалімдер Қапашев, Цой, Исатаева, дәрігерлер Елешева, Осипова, Сизова жолдастардың оқыған лекцияларын жұртшылық ерекше қызыға тыңдайды.

Жақында оқытушы Цой жолдас химияның жетістіктері туралы лекция оқыды. Цой жолдас бұл мәселені тыңдаушыларға қарапайым тілмен, әңгіме ретінде, айқын мысалдар арқылы баяндап берді. Лекция кезінде ол тыңдаушыларды катынастыра отырып, оншақты химиялық тәжірибе жасады. Лектор тәжірибе арқылы жаңа заттардың қалай пайдаланылатынын көзбе-көз дәлелдеді, сөйтіп діннің «құдірет» жөніндегі сендірағын әшкереледі.

«Лекция күндері» жергілікті радио тораптары арқылы үй шаруашысындағы әйелдерге арналып лекция оқылады. Бұл лекцияларды аудандық «Қазақстан коммунисті», № 5.



дандық әйелдер советі ұйымдастыра бастады. Әйелдер советі аналардың сырттан оқитын мектебін ашты. Мектепте лекция радио арқылы оқылады. Ондай лекциялар медицина, педагогика және үй шаруасы мәселелері бойынша оқылады.

Әрбір «лекция күні» өткеннен кейін аудандық партия комитеті оған қорытынды жасап, ұйымдастыру жұмысында жіберілген кемшіліктерді ашып отырады. Содан кейін келесі өтетін «лекция күнінің» жоспары жасалып бекітіледі.

Аудандық партия комитеті лекциялық насихаттың шеңберін кеңейте беру мақсатымен келешекте лекторлардың түгелдей жұмысшы поселкесінде болатын күнін ұйымдастыруды ойластырып отыр. Біздің пікірімізше бұл күндері лекторлар үгіт пункттерінде болып, үгітшілердің қатынасуымен тұрғындарға әртүрлі тақырыптарда лекция оқиды.

Еңбекшілерге саяси тәрбие беру ісіне біз мәдени ағарту мекемелерін, баспасөзді, радионы кең пайдалануға тырысамыз. Барлық поселкелерде тұрақты киноқондырғы жұмыс істейді. Еңбекшілер арасында баспасөз де көптеп таратылуда. Әр семья кемінде 3 — 4 газет, журнал жаздырып алып оқиды.

Еңбекшілер арасында саяси тәрбие жұмыстарының жандана түсуі олардың өндірістегі, еңбектегі белсенділігін арттыруда. Социалистік жарыс өрістей түсуде. Ауданның мұнай кәсіпшіліктері мен кәсіпорындарында кәзір коммунистік еңбек бригадасының атағын алу жолындағы жарысқа 24 коллектив қатысады. Онда 300-ден астам адам бар.

Партия ұйымдары коммунистік еңбек бригадалары мүшелерінің арасындағы саяси тәрбие жұмыстарына көп көңіл аударуда. Ең алдымен олардың білім дәрежесін арттыруына көмектеседі. Кәзір коммунистік еңбек бригадасының мүшелерінен 20 адам кешкі мектепте, 12 адам кешкі техникумда, 4 адам жоғарғы оқу орындарында оқиды. Олардың көпшілігі партия, комсомол оқу жүйелеріне тартылған. Партия ұйымдары коммунистік еңбек бригадалары мүшелері мен екпінділерінің кештерін ұйымдастырып отырады. Бұнда оларға ғылым мен техниканың жетістіктері, еліміздің сыртқы, ішкі саясаты туралы, өндіріс мәселелері жөнінде лекциялар оқылады. Артынан ойын-сауық, концерт, кино көрсетіледі.

Партия ұйымдары жүргізіп отырған тәрбие, идеологиялық жұмыстары еңбекшілердің белсенділігін арттыруға, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыстың кең өрістеуіне әсер етіп отыр. Партия насихатының көздеген басты нысанасы да осы. Аудан мұнайшылары жетіжылдықтың бірінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындап шықты. Кәзір барлық күш үстіміздегі жылдың өндірістік тапсырмаларын орындауға жұмылдырылуда. Аудан еңбекшілері бұған зор жігермен кірісті. Бірінші тоқсанның мұнай шығару жоспары артығымен орындалды.

Партиялық насихатты өмірмен тығыз ұштастыра жүргізу жолындағы кейбір тәжірибемізді ортаға сала отырып, біз идеологиялық жұмысымызда әлі елеулі кемшіліктер бар екенін жасырмаймыз. Бізде барлау жұмысында істейтін еңбекшілер арасында саяси тәрбие жұмысы әлі де төмен дәрежеде. Кейбір партия ұйымдарында насихат жұмысы әсерлі, пәрменді емес. Осының салдарынан еңбекшілердің кейбір бөліктері арасында діни ескі салттың қалдықтары әлі де жойылған жоқ.

Біздің ауданның партия ұйымдары еңбекшілер арасындағы партиялық-саяси жұмысты жақсартып отырып, биыл — жетіжылдықтың екінші жылында ауданның экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жаңа табыстарға жетеді.



# Қазақстанның 40 жылдығы қарсаңында

## Индустриялы Қазақстан

*Ғ. ШОЛАНОВ,*

*экономика ғылымының докторы, профессор*

Биыл Қазақ Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына 40 жыл толады. Қазақстан еңбекшілері бұл ұлы мерекені асқан қуанышпен қарсы алмақ. Қырық жыл ішінде қол жеткен ерен табысты қорытындылай келіп, қазақ халқы өткендегі өмірге, революциядан бұрынғы ауыр тұрмысқа көз жібереді, алдағы жарқын болашағымен жігерлене түседі.

Революцияға дейін қазақ елі Россияның көшпелі, мал өсірген, мәдениеті мен экономикасы мешеу қалған бір қараңғы түкпірі еді. Қазақ аулында патриархалдық, феодалдық қарым-қатынас үстемдік құрды. Қазақстан капитализм дәуірін басынан кешірмеген елдердің бірі болатын. Қазақ елі экономикасының негізі ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы болды. Патша үкіметі Қазақстанды Орталық Россия өнеркәсібінің шикізат өндіретін базасы деп қарады. Қазақстан экономика, мәдениет дәрежесі жағынан Орталық Россияны айтпағанның өзінде Белоруссия, Армения, Молдавия сияқты ұлт аудандарынан көп кейін қалып қойған-ды.

Ұлы Октябрь революциясы бүкіл еңбекші халықты құлдықтан босатып, теңдік алып берумен қатар, еліміздің өндіргіш күштерінің еркін өркендеуіне жол ашты. Коммунист партиясы мен Совет үкіметі еліміздің экономикасын социалистік жолмен қайта құрып, кейін қалған ұлт аудандарын алдыңғы қатардағы аудандармен теңестірудің, социалистік тұрғыда өркендетудің жолын белгіледі. Ол жолды данышпан Ленин көрсетіп берген еді. Коммунистік интернационалдың екінші конгресінде 1920 жылы сөйлеген сөзінде Ленин: артта қалған елдер капитализмді арттап өтіп, социализмге тікелей өтуі үшін алдыңғы қатардағы елдің жұмысшыларының туысқандық жәрдемі керек, сонда ғана олар ілгері елді тез қуып жетіп, өз елінде социализм орната алады, деді.

Қазақстан сияқты артта қалған ұлттық өлкелерде социалистік құрылыс жұмыстарын жүргізе отырып, коммунистік партия лениндік осы дана қағиданы басшылыққа алды. Партия мешеу елді озық елдің қатарына жеткізу үшін алдымен онда өнеркәсіпті, оның ішінде ауыр индустрияны оздыра өркендету керек деп тапты. Өйткені өнеркәсіп, әсіресе ауыр индустрия материалдық өндірістің жетекші саласы және ол социалистік экономиканың басқа тарауларын қайта құрып, олардың жедел дамуына жол ашады. Ауыр индустрия күшті өркендегенде ғана еліміздің техника-экономикалық жағынан кейін қалуын, әсіресе ұлт аудандарының мешеулігін тез жоя аламыз.

Өнеркәсіпті өркендету үшін еліміздің жер байлығын, тағы басқа ішкі мүмкіндіктерді жете пайдалану керек болды. Совет геологтары Қазақстанның кең байтақ ту даласын зерттеп, орасан көп түсті, қара металдар, көмір, мұнай, өзге де толып жатқан байлық ашты. Бұған байланысты Қазақстанның Совет Одағындағы маңызы артып, болашағы үлкен ауданның біріне айналды. Сол табылған кен қорын пайдаға жарату үшін Қазақстанда көптеген өнеркәсіп орны, темір



жол, қала, жұмысшы поселкасы салынды. Құрылыс жұмысы тарихт бұрын-соңды болмаған қарқында кең жүргізілді. 1959 жылға дейі республикамыздың халық шаруашылығын өркендетіп, мәдениетін көтеруге 100 миллиард сом жұмсалды, оның жартысынан көбірегі өнеркәсіпті өркендетуге жаратылды. Осының нәтижесінде өнеркәсіптің негізгі өндіріс қоры 1955 жылы 1928 жылмен салыстырғанда 193,3 есе өсті.

Қазақстан кәзір—Совет Одағының индустриялы күшті республикасының бірі. Өнеркәсіп өнімі 1958 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті. Қазақстан өнеркәсіп өнімі жағынан РСФСР мен Украинадан кейінгі үшінші орынға ие. Өнеркәсіптің ішінде социалистік экономиканың негізі — ауыр индустрия оза өркендеп отырды, өйткені ол жеңіл және тамақ өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының тездеп ілгері басуына жағдай туғызады, оларды жаңа машиналармен, құрал-саймандармен жабдықтап отырады.

Кәзіргі уақытта түсті металл өндіруде Қазақстан Совет Одағында бірінші, көмір шығаруда үшінші, мұнай, қара металл, минерал тыңайтқыштарын өндіруде төртінші, электр қуатын өндіруде үшінші орынға ие болып отыр. Республикадағы ауыр өнеркәсіптің кейбір тараулары—түсті металлургия, көмір, мұнай, машина жасау өнеркәсіптері Совет Одағының экономикасында көрнекті орын алады.

Революциядан бұрын Қазақстанның экономикасында ауыл шаруашылығы, оның ішінде әсіресе мал шаруашылығы басым болатын. Соның өзінде ол кезде ауыл шаруашылығы кәзіргідей емес, өте төмен дәрежеде еді. Ал кәзір республика экономикасының негізгі саласы өнеркәсіп болып отыр. 1920 жылы Қазақстанда өнеркәсіптің үлесі небәрі 6,3 процент болса, 1940 жылы 60 процент болды.

Социалистік өнеркәсіптің өркендеуі, колхоз, совхоз, МТС-терді құру, көшпелі қазақ аулын қоныстандыру, тағы сол сияқты шараларды жүзеге асыру арқасында Қазақстанда патриархалды-феодалдық қарым-қатынас, рушылдық сияқты ескінің қалдығы жойылды. Сөйтіп аз уақыттың ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық сипаты мүлде өзгерді.

Қазақ халқы бұрын жаппай дерлік сауатсыз болған болса, осы кезде халқымыз түгел сауатты болып отыр. Көптеген мектептерде кәсіби білім беретін мектептерде, техникумдарда, жоғары оқу орындарында мыңдаған жас оқып жүр. Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық ғылымы академиясы, көптеген ғылыми-зерттеу институты, кітапхана, театр, клуб, басқа да мәдениет орындары бар.

Революциядан бұрын Қазақстанда жұмысшылардың саны 20 мыңдай ғана болатын, ал қазақ арасынан шыққан инженер-техник қызметкер бірлі-жарым еді. Совет өкіметі тұсында Қазақстанда жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің саны әлдеқайда көбейді, оның ішінде қазақтардың саны өсті. Бұрын өндірістен хабары жоқ көшпелі қазақ еңбекшілері бұл күнде өнеркәсіпте, темір жолда, құрылыста жұмысшы, инженер болып істейді. Осы кезде өнеркәсіп пен құрылыста жеті жүз мыңнан астам жұмысшы және қызметші, 70 мыңдай инженер-техник бар.

Қазақстан тарихи қысқа мерзім ішінде капиталистік дәуірді аттап өтіп, коммунизм дәуіріне аяқ басты. Республикамызда социализм құрудың практикасы Лениннің айтқан данышпан сөздерінің түгелдей дұрыс екенін толық дәлелдеді. Капитализмге соқпай, тікелей социализмге ұштасудағы Қазақстанның тәжірибесі басқа елге үлгі боларлықтай, Қазақстанның тез арада социализм құрып, коммунизмге аяқ басуына совет халқының, оның ішінде ұлы орыс халқының жанжақты жәрдемі көп себеп болды. Қазақ Автономиялық Республикасы құрылған (1920 ж.) күннен бастап одақтас республикаға (1936 ж.) айналған уақытқа дейін Қазақстан Россия құрамында болды. Сол кезде РСФСР



Қазақстанның халық шаруашылығын құрал-жабдықтармен, машиналармен жабдықтауға көмектесіп, маман кадрлар жіберіп, оның индустриялы елге айналуына ат салысты.

Өнеркәсіпті, әсіресе оның ішінде ауыр индустрияны құруда Қазақстанның өз қаржысы аз болды. Сол кезде Совет үкіметі Қазақстанда ірі өнеркәсіп орындарын салуға жыл сайын көптеген қаржы бөліп отырды. Дұрысын айтқанда, республиканың бүкіл ауыр өнеркәсібі Совет Одағының күшімен салынды десек қателеспейміз.

Қазақстанның индустриялы елге айналуы арқасында оның Совет Одағындағы экономикалық маңызы күшейді. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерімен қатар, өнеркәсіп өнімдерін де басқа аудандарға көптеп шығарады. Оны темір жолмен тасылған өнімдер мөлшерінен-ақ көруге болады. 1913 жылы Қазақстаннан басқа аудандарға шығарылған жүктің ішінде өнеркәсіп товарлары 6,6 процент еді, ал 1955 жылы 85 процент болды.

Қазақстанның бұрын артта қалған басқа да елдердің қысқа мерзім ішінде индустриялы елге айналуы социалистік системаның, капиталистік системадан анағұрлым артық екенін тағы бір рет айқын дәлелдейді. Қазақстан — совет еліндегі 15 одақтас республиканың бірі, сондықтан оның экономикасы бүкіл совет экономикасымен бірге дамиды. Қазақстанның алға басуы бүкіл Совет Одағының өркендегенін көрсетеді.

Республикада осы кезде түсті және қара металлургия, көмір, мұнай, машина жасау, химия, энергетика, құрылыс материалдары, жеңіл қамақ өнеркәсібі бар. Бұлардың ішінде қара металлургия, машина жасау, кен химиясы, мұнай, цемент өнеркәсібі, қант шығаратын, аяқ киім тігетін, кездеме тоқитын, балық консерві кәсіпорындары, өнеркәсіптің басқа тараулары совет өкіметі тұсында туған. Мыс, қорғасын, мырыш, көмір, мұнай сияқты өнеркәсіптің Октябрь революциясынан бұрын болған кейбір салалары бұрынғыдан мүлде өзгерді, жаңа техникамен қаруланып, қайтадан құрылды.

Қазақстанның өнеркәсібі ғылым мен техниканың үздік табыстары негізінде дамып, оның көптеген саласы механикаланып, автоматтандырылып келеді.

Республика халық шаруашылығының жетекші және күшті саласының бірі — түсті металлургия. Ол совет өкіметі тұсында құрылып, дамыды. Түсті металлургия жағынан Қазақстан Совет Одағында бірінші орын алады. Елімізде өндірілетін қорғасынның 75, мыс пен мырыштың 40 процентін республика береді. Сонымен қатар алтын, күміс, молибден, вольфрам, сурьма, тағы сол сияқты сирек кездесетін өте бағалы металдар көптеп алынады.

Түсті металлургия Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарында күшті өркендеген. Шығыс Қазақстанда Өскемен қорғасын-мырыш, Лениногор, Зырян, Ертіс түсті металл кәсіпорындары жұмыс істейді. Алтай кен байлығы жағынан Совет Одағының таусылмас үлкен бір бай қазынасы. Алтайдың кені XVII ғасырдың алғашқы жартысынан бері пайдаланылып келеді, оның әлде де көп жылға жететін қоры бар.

Оңтүстік Қазақстанда 1934 жылдан бері Шымкент қорғасын заводы жұмыс істейді. Ол Совет Одағындағы ең үлкен заводтың бірі. Заводқа шикізатты Ащысай кен байыту фабрикасы беріп тұрады. Ал Алматы облысындағы Текелі түсті металлургия комбинаты Өскемендегі комбинатты қорғасын, мырыш концентратымен қамтамасыз етеді.

Республикадағы мыстың көпшілігі Қарағанды облысында өндіріледі. Онда Балқаш және Қарсақпай мыс заводтары жұмыс істейді. Қарсақпай мыс заводы совет өкіметі тұсында қайта құрылып, кеңейтілді.



1928 жылы совет геологтары Қоңырат мыс кенін ашқан болатын. Бұл байлықты пайдалану үшін Балқашта мыс қорытатын үлкен завод салынды. Завод 1938 жылдан бері елімізге көптеген мыс беріп келеді. Балқаштағы заводтың еліміздің экономикасында алатын орны үлкен. Қара металлургияда Магнитогор металлургия комбинатының маңызы қандай болса, түсті металлургияда Балқаш мыс заводының маңызы сондай зор. Қоңырат мыс рудасы ашық әдіспен шығарылады.

Көмір өнеркәсібі Октябрь революциясынан бұрын Қазақстанда мардымсыз еді. 1913 жылы Қазақстанда шығарылған көмірдің бәрі 90 мың тоннаға әрең жететін. Совет өкіметі тұсында көмір өнеркәсібі мықтап өркендеді. Көмір кәзір көбінесе Қарағандыда, Екібастұзда шығарылады. Бұлардан басқа Ленгір, Бершігүр, Келтемашат, Боралдай сияқты ұсақ кендер көбінесе жергілікті қажетке пайдаланылып жүр.

Қарағанды көмір кені ХІХ ғасырдың орта шенінен бері пайдаланылып келе жатыр. Революциядан бұрын (1913 жылы) Қарағандыда 65,1 мың тонна көмір шығарылды. Бұл күндері Қарағанды СССР-дің үшінші көмір базасы деген атаққа ие болды. Қарағанды көмірі республика халық шаруашылығының қажетін өтеумен қатар, Оралға, Сібірге, Орта Азия республикаларына жөнелтіледі.

Екібастұз көмір шығаруда республикада екінші орын алады. Оның шығарған көмірі Қазақстаннан тыс жерлерге де жіберіледі. Мұнда көмір ашық әдіспен шығарылады. Сондықтан да Екібастұз көмірі бүкіл еліміздегі ең арзан көмір болып саналады.

Мұнай өнеркәсібі — Қазақстан халық шаруашылығының көрнекті бір саласы. Мұнай тек Ембі ауданында шығарылады. Революциядан бұрын Ембіде Мақат пен Доссор кәсіпшілігі ғана болатын. Совет үкіметі тұсында мұнда үлкен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұшан-теңіз мұнай қоры табылды. Соның негізінде жаңадан кәсіпшіліктер салынып, жаңа техникамен жабдықталды. Осы кезде Ембі ауданында 16 кәсіпшілік жұмыс істейді.

Гурьевте мұнай өңдейтін завод салынды. Бұл Ембі мұнайын өңдеп, сапасы жоғары, суықта қатпайтын алуан түрлі май шығарады. Бұрнағы жылы Қазақстанда мұнай 1913 жылғыдан 12,8 есе артық шығарылды.

Қара металлургия республикада революциядан бұрын болған емес. Өнеркәсіптің бұл саласының негізі ұлы Отан соғысы кезінде қаланды. Сондықтан бұл уақытқа дейін Қазақстанның халық шаруашылығына керекті металдар Совет Одағының басқа аудандарынан, әсіресе Орал мен Сібірден, Украинадан әкелініп жүрді. Ал кәзір Ақтөбе ферросплав заводы, Қазақ металлургия заводы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Атасу, Қаражал темір рудасы, Донской хромит, Жезді марганец рудниктері бар. Қарағанды металлургия заводы салынып жатыр.

Қазақстанда Отан соғысына дейін машина жасайтын үлкен заводтар болмады. Оның орташа және кішірек механикалық, шойын-күю заводтары, жөндеу мастерскойлары ғана болатын. Олар көбінесе машиналарға запас бөлшектер, темір кровать сияқты тұтыну заттарын жасап шығаратын. Ал станоктер, түрлі ауыр машиналар басқа республикалардан әкелінетін.

Отан соғысы кезінде СССР-дің батыс аудандарынан Қазақстанға машина жасайтын үлкен заводтар көшіп келді. Енді Алматыда күрделі машиналар заводы, Шымкентте пресс-автомат заводы, Ақмолада ауыл шаруашылық машиналар заводы, Қарағандыда шахталарға керекті құрал-жабдық жасайтын, Ақтөбеде рентген-аппарат жасайтын, Гурьевте мұнай кәсіпшіліктеріне керекті жабдықтар әзірлейтін заводтар, өзге бір қатар ірі кәсіпорындар бар. Бұлар республиканың халық шаруашылығы



ғының мұқтажын өтеумен бірге шет елдердің заказдарын да орындайды.

Химия өнеркәсібі тек совет өкіметі тұсында құрылды. Бұрын химия өнеркәсібі дегенде жалғыз ғана Шымкенттегі сантонин заводы аталатын. Бұл күндері Ақтөбе химия комбинаты, Жамбыл суперфосфат заводы, Теміртау жасанды каучук заводы, Қаратау химия комбинаты, тағы басқалары өнім беруде. Химия өнеркәсібі осы кезде минералды тыңайтқыштар, қышқыл тағы басқа заттар шығарады. Қазақстанда өндірілген минералды тыңайтқыштарды Орта Азия республикалары да пайдаланады.

Халық шаруашылығын дамытуда, оны жаңа техникамен қаруландыруда энергетиканың маңызы зор. Қазақстан экономикасының ілгерілеуімен бірге, оның энергетикалық базасы да өсіп келеді. 1955 жылы республикада үлкенді-кішілі 5 мыңнан астам электр станция жұмыс істеді. Олар 1958 жылы 8,5 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндірді. Бұл 1913 жылғымен салыстырғанда 6,581 есе көп. Тек бұрнағы жылы Қазақстанда өндірілген электр қуаты революциядан бұрынғы бүкіл Россияда өндірілген электр қуатынан 4 есе асып түсті. Осы күні республиканың электр станцияларының бір сағат ішінде өндірген электр қуаты революцияға дейінгі Қазақстанның электр станцияларының бір жылда өндірген электр қуатынан көп. Қазақстан электр қуатын өндіру жөнінен елімізде РСФСР мен Украинадан кейін үшінші орын алады.

Елімізде көптеген өнеркәсіп орнын, темір жол, колхоз, совхоз, МТС үйлерін және тұрғын үй салу керек болды. Бұған байланысты құрылыс материалдарын көп шығаратын өнеркәсіп орындары салынды. Олардың ішінен цемент, кірпіш, әк, алебастр, құрастырмалы темірбетон, тағы сол сияқты құрылыс материалдарын жасап шығаратын көптеген кәсіпорындарды айтуға болады.

Коммунист партиясы мен Совет үкіметі әрдайым халықтың тұрмысын жақсартудың қамын ойлап, қамқорлық жасап келеді. Халық шаруашылығында істейтін жұмысшылардың, қалада тұратын халықтың саны көбеюіне, еңбекшілердің әл-ауқаты жақсаруына байланысты көпшілік тұтынатын заттар мен азық-түлікті көп шығару қажет болды. Соған сәйкес жеңіл және тамақ өнеркәсібі кең өріс алды.

Тамақ өнеркәсібі Қазақстанда совет заманында ғана құрылып, көп салалы болып өсті. Осы кезде тамақ өнеркәсібінің өзі: ет, балық, май, сүт ұқсататын, қант қайнататын, ұн тартатын, нан пісіретін, шай өлшейтін, кондитер тағамдарын, жеміс консервін жасайтын, темекі өндейтін салаларға бөлінеді.

Қазақстан сықылды жері кең, халқы сирек, бұрынғы мешеу түкпірде революцияға дейін жол қатынасы нашар болды. 2,7 миллион шаршы километр жері бар Қазақстанда 1913 жылы темір жолдың ұзындығы 2081 километр ғана еді. Оның өзі де Қазақстан жерінің шетін қамтитын. Совет өкіметі тұсында республика жері жаңа темір жолдармен айқыш-ұйқыш кестеленді. Олар көптеген өнеркәсіпті аудандар мен қалаларды қамтып, республиканың экономикасы мен мәдениетін көтеруге мүмкіндік берді. Түркстан—Сібір, Петропавл—Көкшетау—Ақмола—Қарағанды, Мойынты—Шу темір жолы, тағы басқа жолдар ішкі және сыртқы байланысты үздік жақсартты. Кәзір Қазақстанда 9,6 мың километр темір жол бар.

\* \* \*

Партияның XXI съезі халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын белгіледі. Жетіжылдықтың бірінші жылының тапсырмасы ойдағыдай орындалды. Жетіжылдықта Қазақстанның үлесі зор. Республиканың халық шаруашылығына жеті жылда 116—119 миллиард сом қаржы жұмсалады; бұл бұрынғы жеті жыл ішінде жұмсалған қаржыдан 2,3 есе артық; тек өнеркәсіпке 64 миллиард сом, оның



48 миллиард сомы ауыр индустрияға жаратылады. Халық шаруашылығына жұмсалатын қаржының мөлшері жағынан Қазақстан Совет Одағында РСФСР мен Украинадан кейін үшінші орын алады.

1965 жылы Қазақстан өнеркәсібінің өнімі 1958 жылмен салыстырғанда 2,7 есе, ал 1913 жылға қарағанда 100 есе өседі. Түсті металл кәсіпорындары жаңа техникамен қаруланып, қуаты артады.

Қазақстанда жаңадан 35 шахта салынады, оның 24-і осы жеті жылдың ішінде жұмысқа қосылады. 1965 жылы көмір шығару 1958 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артады. Шығарылған көмірдің сапасын жақсартып, көмірді тазалайтын 4 байыту фабрикасы салынады.

Республиканың мұнай және газ өнеркәсібі жеті жыл ішінде бұрынғыдан көп ілгері басады. Зерттеу және бұрғылау жұмыстарына көп қаржы жұмсалады. Бірнеше мұнай кәсіпшілігі салынады. Бұрынғы мұнай қорытатын заводтың, басқа да кәсіпшіліктердің қуаты артады. Жетіжылдықтың аяғында мұнай шығару 1958 жылмен салыстырғанда 1,3 есе, газ шығару — 1,5 есе артады.

Жетіжылдық ішінде Қазақстанда қара металлургия күшті өркендейді. Ақтөбе ферросплав заводы, Қазақ металлургия заводы, Донской хромит руднигі кеңейтіледі, олардың шығаратын өнімі бұрынғыдан артады. Павлодар облысында ферросплав заводы салынбақшы.

Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының бірінші кезегі іске қосылды. Ол жылына 5 миллион тонна темір рудасын шығарады. Сондай-ақ жетіжылдықта Лисаков және Қашар кендерінде байыту комбинаттары салынады, олар жылына 5—5,5 миллион тонна руда беріп тұрмақ.

Машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің өнімі жеті жыл ішінде 4 есе өседі. Сонымен қатар шығарылатын заттардың түр-түрі көбейеді, бірнеше жаңа завод салынады. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылық машиналарын жасайды, жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Павлодарда машина жасау заводы, Өскеменде конденсатор заводының екінші кезегі салынып, жұмысқа кіріседі. Семейде арматура, Талдықорғанда кабель, Қентауда экскаватор заводы, Петропавлда прокат жабдықтары, Көкшетауда электр аспабы, Ақмолада диірмен-элеватор жабдықтары заводы, тағы сол сияқты өнеркәсіп орындары салынады.

Химия өнеркәсібі де үздік алға басады. Оған 6 миллиард сом қаржы жұмсалады. Соның нәтижесінде жаңадан бірнеше өнеркәсіп орны салынып, бұрынғылары кеңейтіледі, жаңа техникамен жабдықталады. Бұл химия өнеркәсібінің өнімін 4 есе көбейтуге жағдай жасайды.

Халық шаруашылығының энергетика базасы мықтап дамиды. Жеті жылда республикада 20 электр станциясы салынады. Олардың ішінде Бұқтарма су электр станциясы, Қарағандының № 2 қуатты бу электр станциясы, Петропавл, Орал бу электр станциялары бар.

Жетіжылдықтың құрылыс жоспары өте үлкен. Соған сәйкес құрылыс материалдарын жасап шығаратын жаңа өнеркәсіп орындары жұмысқа қосылады. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімі жеті жыл ішінде 3,7 есе өседі.

Жеті жыл ішінде жеңіл өнеркәсіп шығаратын көпшілік қолды товарлар, олардың түр-түрі көбейіп, бірнеше фабрикалар мен комбинаттар салынады.

Қазақстан еңбекшілері партияның XXI съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, жетіжылдықтың бірінші жылының жоспарын орындауға лайықты үлес қосты. Бұл күндері қазақ халқы бүкіл совет халқымен бірге елімізде коммунистік қоғам орнату жолында қажырлы еңбек етіп келеді.



# Халықтың демократия елдерінде

## Бүгінгі Чехословакия

А. МАЛКОВ,

*тарих ғылымының кандидаты*

Бұдан он бес жыл бұрын майдың 9-күні Совет Армиясы неміс-фашист басқыншыларды біржола талқандап, Чехословакиядағы туысқан халықтарды фашистік құлдықтан құтқарды. Бұл оқиға мызғымас чехословак-совет достығының айғағы болды. Содан бері достық ынтымақ үздіксіз ұлғайып, нығайып келеді.

«Бұл күн, — дейді Чехословакия үкіметінің председатели, Чехословакия Компартиясы Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі В. Широкий жолдас, — біздің бүкіл халқымыздың жүрегіне мәңгі ұялады. Біздің Отанымыздың бостандығы үшін өз өмірін құрбан еткен совет батырларының есімі мәңгі өшпейді».

Совет Армиясының Чехословакияны фашистік құлдықтан азат етуі оның халықтарының тағдырындағы түбірлі бетбұрыс болды. Содан бергі тарихи қысқа мерзімнің ішінде чехословак халқы өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен өмірдің барлық саласында революциялық үлкен өзгерістер жасады, қоғамды қайта құру, социализм орнату жөніндегі ұлы істе үздік табыстарға жетті.

Совет Армиясының Чехословакияны азат етуі жеңімпаз ұлттық-демократиялық революция үшін қолайлы жағдай туғызды. 1945 жылы Чехословакия еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен халықтық-демократиялық құрылыс орнатты. Буржуазиялық мемлекет аппараты қиратылып, халықтық-демократиялық мемлекеттік аппарат құру үшін жол ашылды. Өкімет билігі ұлттық комитеттердің қолына көшті. Еңбекшілер комитеттер арқылы революциялық шараларды жүзеге асырды. Фашистерге қарсы күрестің от-жалынында туған ұлттық комитеттерді құруға, олардың жұмысына ондаған мың жұмысшылар мен шаруалар, еңбекшілердің басқа да топтары қатысты.

Ұлт мәселесін демократиялық жолмен шешу халықтық-демократиялық өкіметтің маңызды міндеті еді. Халықтардың тең праволылығы қамтамасыз етілді. Словак халқы іргелі, терезесі тең автономиялық республика құрды, ал украин халқы советтік Украинаға қосылуға мүмкіндік алды.

1945 жылы фашистермен ауыз жаласып, олардың сойылын соққан партияларға және ұйымдарға тиым салынды. Фашист тектес топтарға және реакцияға күшті соққы берілді.

1945 жылдың октябрь айында ірі өнеркәсіп, банктер, хауіпсіздендіру қоғамдары, кен және соғыс өнеркәсібі бүкіл халық меншігіне алынды. Монополистік буржуазияның экономикалық үстемдігі жойылды.

1945 жылғы июнь айында аграрлық реформа туралы заң қабылданды; бұл заң бойынша герман, венгер жер иелерінің, сондай-ақ отанын сатқан опасыздардың меншігі конфискаланды. Бір миллион 200 мың гектар жер 400 мың шаруалар шаруашылығына бөліп берілді.

Алғашқы демократиялық өзгерістерді ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде ұлттық-демократиялық революцияның міндеттері негізінен орындалды. Халықтық-демократиялық құрылыс едәуір нығайды. Жұмысшы табының еңбекшілердің басқа топтарымен одағы күшейді. Мұны



көре алмаған контрреволюциялық күштер 1948 жылғы февраль айында империалистік мемлекеттердің қолдауымен төңкеріс жасауға әрекеттеніп бақты. Бұл қаскүнемдік халықтың зығырданын қайнатты. Коммунистік партияның шақыруымен елде реакционерлерге қарсы жүздеген демонстрация болып өтті. 21 февральда Прага қаласының жұмысшы табы митингіге жиналды; оған 150 мың адам қатысты. Митингіге қатысушылар қабылдаған қарарында өздерінің реакционерлерге батыл қарсы екенін ашық мәлімдеді.

Миллиондаған еңбекшілер қатысқан бұл бұқаралық қуатты қозғалыс революцияға қарсы күштерді күл-талқан етті.

Контрреволюциялық қастандықты жою елдегі революциялық әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жоғары қарқынмен жүргізуге мүмкіндік ашты. 1948 жылғы мартта аграрлық реформаны өрістете түсу туралы заң қабылданды. Осы заңға сәйкес 50 гектардан асатын ірі жер меншігінің бәрі конфискеленіп, шаруаларға үлестіріліп берілді.

Осы жылдың апрель айында 50 адамнан артық жұмысшысы бар кәсіпорындарды, ал өнеркәсіптің кейбір саласында кәсіпорындардың бәрін түгел халық меншігіне айналдыру, көтерме сауданы мемлекет қарамағына алу және сыртқы саудада мемлекет монополиясын енгізу туралы заң қабылданып, жүзеге асырылды.

Бұлардың нәтижесінде Чехословакияның жұмысшы табы негізгі қанаушы таптарды — помещиктер мен буржуазияны жою міндетін ойдағыдай орындап шықты.

1948 жылы 9 май күні бүкіл халық болып талқылағаннан кейін Ұлттық жиналыс жаңа Конституция қабылдады. «Халық, — делінген Конституцияда, — мемлекеттегі бүкіл өкіметтің бірден-бір қожасы». Конституция еңбекшілердің барлық жеңісін заң жүзінде баянды етті.

Сол жылғы май айының аяқ шенінде жаңа Конституцияның негізінде Ұлттық жиналыстың сайлауы өткізілді. Сайлауда Коммунистік партия үлкен жеңіске жетті. Партия Ұлттық жиналыстағы 300 орыннан 214 депутаттық орынға ие болды. Чехословак коммунистерінің басшысы Қ. Готвальд жолдас президент болып, аса көрнекті қайраткер, жұмысшы қозғалысы жетекшілерінің бірі А. Запотоцкий жолдас үкімет председателі болып сайланды.

Февраль айындағы толқу күндерінде ұлттық-демократиялық революция социалистік революцияға ұласты. Буржуазияға күшті соққы беріліп, оның саяси және экономикалық тірегі талқандалды. Пролетариат диктатурасы орнатылды.

Өкімет билігін өз қолына алып, оны нығайтқаннан кейін жұмысшы табы еңбекшілердің басқа топтарымен одақтаса отырып, социалистік құрылысқа кірісті. Елде социализмнің негізін қалау жолындағы күрес программасын Чехословакия Коммунистік партиясының 1949 жылғы май айында болып өткен ІХ съезі жасап берді. Съезд партияның саяси жолы — социализм орнату деп тұжырымдады.

Партияның ІХ съезі шешімдерін жүзеге асыра отырып, Чехословакия республикасының еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен социалистік өзгерістерді жүргізу үстінде үздік табысқа жетті. Кәзіргі уақытта өнеркәсіпте, құрылыста, транспортта, саудада, финанс саласында капитализмнің тұғыры толық жойылды. Чехословак деревнясында социалистік революция үздік дамып келеді. Елде қарамағында ондаған мың тракторы, өзге де көптеген ауылшаруашылық техникасы бар жүздеген МТС және мемлекеттік шаруашылық құрылды. 1948 жылдан бастап жеке шаруалар шаруашылығын өндірістік кооперативтерге біріктіру ісі қолға алынды. 1948 жылы олардың саны 28 болса, биылғы жылғы майдың 1-не дейін 11 358-ге жетті. Кәзір барлық өңделетін жердің 86,2 проценті кооперативтер мен мемлекеттік шаруашылықтардың үлесіне тиіп отыр.



Сонымен, Чехословак республикасында капиталистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласындағы социалистік революция аяқталды. Социалистік ауыл шаруашылығы саласында да аяқталуға жақын.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында социалистік өзгерістердің ойдағыдай өткізілуі өндіргіш күштерді дамытуға кең жол ашып берді. Халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің 1947—1948 жылдарға арналған жоспарының орындалуы нәтижесінде өнеркәсіп өнімінің өндіру соғыстан бұрынғы дәрежеден 8,5 процент артты. Мұнан кейін 1949—1953 жылдары бірінші бесжылдық жоспар ойдағыдай орындалды. Бұл бесжылдық ішінде өнеркәсіп өнімінің көлемі екі есе, ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 14 процент артты.

Халық шаруашылығын өркендетудің 1956—1960 жылдарға арналған екінші бесжылдық жоспары республикада социализм орнату жолындағы ірі қадам болды.

Чехословакия Коммунистік партиясы екінші бесжылдықтың мынадай басты мақсаттарын белгіледі: социализмнің материалдық-техникалық базасын жасауды негізінен аяқтау және ауыл шаруашылығында да социалистік сектордың әбден басым болуына жету, өндіргіш күштерді жедел дамытуды қамтамасыз ету және қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру негізінде халықтың материалдық және мәдени дәрежесін көтеру.

Екінші бесжылдық жоспарды орындай отырып, Чехословакия еңбекшілері ел экономикасының барлық саласын өркендетуде ірі табыстарға ие болды. 1960 жылғы май айына дейін өнеркәсіп өнімі соғысқа дейінгі жылдарға қарағанда төрт еседей артық шығарылды.

Чехословакия Халық Республикасы өнеркәсіп жағынан дүние жүзіндегі ең өркендеген елдердің біріне айналды. Жан басына өнеркәсіп өнімін шығару жөнінен ол жоғары өркендеген капиталистік елдердің көбінен озып кетті. Күрделі машина, турбина жасау жөнінен Чехословакия 1958 жылы дүние жүзінде бірінші, көмір шығарудан үшінші-төртінші, болат өндіру жөнінен жетінші орынға шықты. Ал жан басына аяқ киім және жүн мата шығару жөнінен ол Америка, Батыс Германия сықылды өнеркәсібі мықты дамыған елдерді басып озды. Өткен жылы Чехословакия 26,5 миллион тонна тас көмір, 21,9 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндірді.

Бірақ республика еңбекшілері табысқа тоқмейілсіп отырған жоқ. Олар бұрынғыдан да зор табысқа жетудің жолын талмай іздестіріп келеді. Мәселен, партияның Орталық Комитеті Пленумдарында бірнеше рет қаралып, 1958 жылы бүкіл халық болып талқылағаннан кейін өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісінде экономикалық тиімділікті арттыру принциптері туралы шешім қабылданды. Бұл шешім бойынша министрліктердегі басқармалар жойылады, жоспарлау тәртібі өзгереді. Бұдан былай кәсіпорындардың жұмысы жалпы өнімнің көлемі бойынша емес, өткізілген товардың жалпы құны бойынша бағаланады.

Чехословакия еңбекшілері ауыл шаруашылығында да ірі табысқа жетті. Мал өнімі көбейді, барлық дәнді дақылдың шығымдылығы артты. Біртұтас ауылшаруашылық кооперативтерінде барлық егіс көлемінің әр гектарынан орта есеппен 20 центнерден астам дәнді дақыл алынды.

Коммунистік партия таяудағы жылдарда ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуді бірінші кезектегі міндет етіп алға қойды. Ауыл шаруашылығында еңбекті ұйымдастыру, техниканы пайдалану ісін өнеркәсіптегі дәрежеге жеткізу жөнінде шара қолданылуда. Ауыл шаруашылығын нығайтудың басқа да бірқатар жолы табылды. Мәселен, кооперативтер мен совхоздар арнаулы жер құрғату кооперативтеріне біріктірілуде. Біртұтас ауылшаруашылық кооперативтері де іріленуде.



Екі жыл ішінде ауылшаруашылық машиналары МТС-тен кооперативтерге түгел беріліп болады. МТС енді машиналарды жөндеу, механизатор даярлау, жер құрғату тағы басқа сондай жұмыстармен шұғылданады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қол жеткен ірі табыстар еңбекшілердің тұрмыс халін үздіксіз жақсартуға мүмкіндік берді. Бөлшек сауда бағасы жеті рет кемітілді. Соның нәтижесінде халық жылына 2,3 миллиард крон үнемдеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы жылдан жылға артып келеді. Олардың жалақысы көптеген капиталистік елдердегі, оның ішінде күшті дамыған Батыс Германия мен Швейцариядағы жұмысшылардың нақты жалақысынан едәуір артық. 1956—1959 жылдардың өзінде халық азық-түлік және өнеркәсіп товарларын бұрынғыдан 24 процент көп тұтынды. Бұл Чехословакияның бүкіл тарихында бұрын сонды болып көрмеген дәреже.

Халық өкіметі тұсында мәдениеттің сипаты түбірінен өзгерді. Ол барлық еңбекшілердің қолы жететін социалистік мәдениетке айналды. Елдің 13 миллион халқына 75 театр қызмет етеді. Тек деревняда 10 500 мәдени ағарту мекемесі мен 16 мың ерікті көркемөнер ансамблі жұмыс істейді. Жан басына есептегенде телевизорлардың саны жөнінен Чехословакия бүкіл әлемде алдыңғы орынның біріне ие. Оқу, жоғары білім беру ісінде де жетістік мол. Кәзір міндетті тоғызжылдық оқу жүзеге асырылып жатыр. Елде 12 жылдық арнаулы мектептер бар. Халықтың жалпы саны жөнінен алып қарағанда елдің жоғары оқу орындарында студенттер дүние жүзінің қай еліндегіден болса да көп оқиды.

1958 жылғы июньде партияның XI съезі болып өтті. Съезд республика еңбекшілерінің өміріндегі үлкен оқиға болды. Съезд Чехословакия Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный жолдастың баяндамасын тыңдады. Съезд 1954—1958 жылдары арасындағы социалистік құрымыстың қорытындысын шығарып, елдің экономикасы мен мәдениетін, ғылымын жаңадан мықтап өркендетудің программасын белгіледі. 1965 жылы өнеркәсіп өнімі 1957 жылға қарағанда екі есе, ауылшаруашылық өнімі 40 проценттей, халықтың товарларды тұтынуы 45 процент артады. Үшінші бесжылдықта 500 мың тұрғын үй салынады.

Чехословакия Компартиясы Орталық Комитетінің үстіміздегі жылдың апрель айында болып өткен пленумы капитализмнен социализмге өтудің негізгі міндеттері орындалды, экономиканың барлық саласында жаңа социалистік өндіріс қатынастары қалыптасып, қанаушы таптар жойылды деп тұжырымдады.

Чехословакия Халық Республикасы еңбекшілерінің ерен табысы совет халқының, социалистік лагерьдегі елдер халықтарының туысқандық көмегімен, бұл елдердің өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Совет Одағымен, басқа да халықтың демократия елдерімен тығыз экономикалық ынтымақ орнатпаған болса, олардың зор туысқандық көмегін алмаған болса, — Чехословакия мұншалық ірі табыстарға жете алмаған болар еді. Чехословакияның өзі де туысқан социалистік елдерге өнеркәсіп жабдығы жағынан үлкен көмек көрсетіп отыр.

Чехословакияның ірі табыстары оның халықаралық беделін арттырды. Ол империалист мемлекеттердің жаңа соғысты әзірлеуіне қарсы бейбітшілік жолында табандылықпен күресіп келеді, отар және тәуелді елдердің ұлт-азаттық қозғалысын қолдап, нашар дамыған елдерге экономикалық көмек көрсетіп отыр. Қазіргі уақытта Чехословакия 70-тен астам капиталистік елмен сауда жасайды.

Чехословакия республикасының неміс-фашист басқыншылар құлдығынан азат етілуінің 15 жылдығын қуанышпен атап өтіп, совет халқы туысқан чехословак халқының табыстан табысқа жетуіне шын жүректен тілектестік білдірді.



# Хат және корреспонденция

## Жетіжылдықтың алып құрылысында

Қазақстан жері қазынаға жомарт. Оның қойнында темір, қорғасын, көмір, мұнай, алуан-алуан сирек металл, басқа да сан түрлі байлық бар. Туысқан Коммунистік партияның бастауымен, қаһарман совет халқының қалауымен бұл күнде республикада мол да асыл қазынаға кәдеге жарап жатыр.

Қазақстанның астық десе астыққа, кен десе кенге бай өлкесінің бірі Қостанай. Мұнда Торғай атырабының қойнауынан күні кеше асыл қазына — темір рудасы, сапалы да шексіз мол руда табылды.

Жаңа іске, алып құрылысқа қашаннан бойы үйір совет халқы мұны да ел игілігіне айналдыруға кірісті. Бұл күнде, еліміз коммунизмнің нұрлы шыңына қарай алып адыммен өрлеп бара жатқан шақта, темір қаншалықты мол болса да, көптік қылмайды. Қара металл — бүкіл халық шаруашылығының материалдық тұтқасы. Қайсы ел шойын мен болатты көп шығарса, сол ел күшті, қуатты болады. Партия неғұрлым дамыған капиталистік елдерді өнімнің жалпы көлемі жөнінен он жыл шамасында қуып жетіп, басып озу міндетін алға қойды. Бұл міндетті орындауда металлургия шешуші орын алатын болса, оның ішінде жетіжылдықтың алыбы — Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатына елеулі үлес тиеді.

Комбинат құрылысшылары партия тапсырмасын абыроймен орындау нысанасын көздеп, жапан тұз, ең далада, үскірік аяз, ақ түтек боранда жан аямай еңбек етті. Олардың ерлік еңбегі аз уақытта тамаша жемісін берді. Жапан далада зәулім, сәнді үйлі, кең көшелі жаңа қала — Рудный қаласы орнады. Комбинаттың бірінші кезегі — Соколов кені үкімет белгілеген мерзімде іске қосылды. Бұл үлкен табысы үшін кеңшілер мен құрылысшыларды КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі, Никита Сергеевич Хрущев жолдас құттықтап, олардың еңбегіне зор баға берді.

Табыстың ұйымдастырушысы, оның ұйтқысы — коммунистер. Олар жұмыстың ең жауапты, ең шешуші жерлеріне жіберілді. Цехтардың, учаскелердің, сменалардың арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы үнемі шығарылып тұрды. Үздік табысты насихаттап, үлгілі істі мадақтауда, кемшілікті, тәртіп бұзғандарды сынап-мінеуде қабырға газеттер, сықақ листоктар көп көмекші болды.

Комбинатта үш цех, үш учаске, 13 смена, 65 бригада, 309 екпінді жұмысшы — барлығы 1200-ден астам адам коммунистік еңбек коллективі мен екпіндісі деген құрметті атақ алу үшін күресіп келеді. Соның бірі коммунист Л. Ф. Петров. Оның бригадасы коммунистік еңбек бригадасы деген атақ алу үшін жарысқа комбинатта бірінші болып қосылды. Бір миллион текше метрден астам топырақ қазып шығарып, тұңғыш «миллионер» бригада атанды. Оған коммунистік еңбек бригадасы атағы берілді. Солтүстік Соколов руднигінің экскаваторшысы А. В. Алексеев жолдас бастаған коммунистік еңбек бригадасы да осындай атаққа ие болды.

Оңтүстік Соколов кені партия ұйымының (секретары В. И. Шитов жолдас) бастауымен комбинатта тұңғыш комплексті еңбек сменалары



ұйымдастырылды. Еңбек ұйымдастырудың бұл соны әрі тиімді тәсіліне кенде ең алдымен техник Юрий Маккавеев жолдастың сменасы көшті. Мұндай сменаның мүшелері «бәріміз біреу үшін, ал біреу бәріміз үшін» деген ережені басшылыққа алады. Смена мүшелеріне ақы төлеу ісі де осы ережеге сәйкес қойылған. Әрбір кеншінің табысы бүкіл сменаның жұмысына сабақтас. Смена тапсырманы асыра орындаса, кеншінің табысы да көп болғаны.

Тәжірибе комплексті сменаның ерен артықшылығын көрсетті. Экскаваторлардың, автомашиналардың өнімділігі артты. Бұрынғыдан азырақ машинамен көп жүк тасылатын болды. Жұмыс уақытын үнемдеу есебінен смена мүшелерінің саны азайтылып, басқа жұмысқа ауыстырылады. Техника дер кезінде сапалы жөнделіп, мұқият күтімге алынатын, түрлі кірме жол, забой мезгілінде даярланатын болды. Бұл жұмыстардың бәрін кен басшыларымен қатар бүкіл смена мүшелері қадағалап бақылап тұрады. Соның нәтижесінде тапсырма артығымен орындалып, кеншілер табысы артты. Жұмыстың сапасы жақсарып, ол арзанға түсетін болды. Маккавеев жолдастың сменасында қыс айларының өзінде әр автомашинаның жұмыс өнімділігі басқаларға қарағанда 7 процент жоғары болды; әрбір кеншінің еңбек өнімділігі 10 процент артты.

Кәзір кенде осындай төрт смена бар. Оларды тәжірибелі инженерлер басқарады. Сменалар құрамындағы бригадаларды да жігерлі мамандар басқарады.

Еңбек ұйымдастырудың едәуір жақсарып, сменалардың жұмысты ширақ істей бастауы нәтижесінде комбинат еңбекшілері елеулі табысқа жетті. Руда шығару тапсырмасы үнемі асыра орындалып келеді. Руданың және құрылыс-монтаж жұмыстарының құнын кеміту есебінен ғана 11,8 миллион сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Осындай табыстармен қатар комбинатта ірі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Әсіресе руда бетін аршу жұмысының барысы нашар. Топырақ қазып шығару жоспары өткен жылы 84, биылғы жылдың екі айында 89 процент қана орындалды.

Комбинатта Сарыбай, Солтүстік Соколов кендері руданың бетін ашумен шұғылданады. Ал Оңтүстік Соколов кені руда шығарады. Топырақ алу жөнінен әсіресе алдыңғы екі кен кенже қалды. Оның себебі негізінен Біріншіден: Соколов кен құрылысы басқармасы мен комбинаттың құрылыс басқармасы подстанциялардың, электр желілерінің, темір жолдардың, техника жөндеу мастерскойларының құрылысын мезгілінде аяқтамады. Екіншіден: комбинат, кен басшыларының кінәсінен учаскелердегі сменаларда, бригадаларда еңбек ойдағыдай ұйымдастырылмай келеді, техника өнімді пайдаланылмай жүр.

Техникалық жоба бойынша комбинат ішінде 285 километр темір жол салынуға тиісті еді, кәзір оның небәрі 159 километрі пайдалануға берілді. Сарыбайда әлі де кемінде 100 километрдей темір жол салынуы керек. Кен құрылысы тресі (бастығы Гиммельфарб жолдас) темір жол салу жөніндегі тапсырманы жыл сайын орындамайды. Мысалы, үш жыл ішінде салынуға тиісті 89 километр жолдың 36,3 километрі ғана төселді. Топырақ алу жұмысы өнбеуінің негізгі себебінің бірі осы. Бұл олқылықты көре біле, комбинат басшылары Сандригайло, Көсембаев, темір жол транспорты бөлімінің бастығы Емельянов жолдастар құрылысшыларға талап қоя алмады.

Рас, Сарыбай кеншілері құрылыс тресіне сеніп қарап отырған жоқ. Мұнда тәулігіне 16—18 мың текше метр топырақ үюге мүмкіндік беретін төрт жолды алаң ашылды. Топырақ алынып жатқан жерде 6—7 экскаватор жұмыс істейді. Бұл, әрине, жеткіліксіз. Оның үстіне транспорттағы еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы, жолдың сапасыз жасалуы, электр қуатының үздік-создық жіберілуі салдарынан кен өзіне жүктелген міндетті атқара алмай келеді. Тек февраль айында осы себептерден экска-



паторлар 1 474 машина-сағат жұмыссыз тұрды. Мұнда забойлар да әрдайым мезгілінде даярланбайды. Бұл электровозшылардың да, экскаваторшылардың да қолын бөгеп жүр.

Биыл Сарыбай кеншілері 17 миллион текше метр топырақ қазып шығарып, оның 5 миллион текше метрін темір жол транспортымен тасымалдауға тиіс. Егер темір жол, электр желісінің құрылысы мезгілінде даяқталмаса, ал пайдалануға берілген жолдағы транспорт күші сарқа пайдаланылмаса, бұл міндеттің орындалмай қалуы да ықтимал.

Құрылыс тресі кенде подстанциялар салу тапсырмасын да орындамады. Онсыз да кеш қолға алынған № 1 және № 2 подстанция әлі салынып болған жоқ. Жоспар бойынша 25 километрдің орнына 5 километрдей-ақ электр желісі тартылды. Бұған бір жағынан комбинат басшылары да кінәлі. Комбинаттың Гусак жолдас басқаратын күрделі құрылыс бөлімі электр желісін тарту жөніндегі жобаны мезгілінде зерттеп, менгере алмады.

Құрылыс тресінен қайыр болмаған соң комбинат көптеген қосымша қаржы жұмсап, шағын-шағын уақытша подстанциялар салып, электр желісін тартуға мәжбүр болды. Бірақ олардың қуаты өте аз. Соның салдарынан да топырақ алып жатқан жерде бір, әрі кеткенде екі экскаватордың орнына кәзір 8—9 экскаватор бір электр желісі арқылы ток алады. Егер бір машинаның кабелі істен шықса, экскаватордың бәрі тоқтап қалады. Бұл экскаватордың да, оны қамтитын темір жол транспортының да жұмыс өнімділігін төмендетіп отыр.

Солтүстік Соколов кенінің кеншілері кенді мерзімінен бұрын іске қосу мақсатымен көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Бірақ мұның бірде-бірі орындалмады. Міндеттеме түгіл еңбек өнімділігі, темір жол транспортының жүріс айналымы жөніндегі жоспарлар да орындалмады. Өйткені күрделі техника өнімсіз пайдаланылады. Тек бір айдың ішінде экскаваторлар орта есеппен әрбір жұмыс күнінде 3 882 машина-сағат уақытты босқа өткізді.

Техниканың жұмыссыз тұруына теміржолшылар да кінәлі (мұнда топырақ темір жол транспортымен тасылады). Кен бастығы Шаламов, бас инженері Попов жолдастар жұмыстың бұл саласына жете көңіл бөлмейді, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын үнемі қадағалап отырмайды. Забой жолы уақтылы салынбайды.

Электр желісі әр кез сапалы орнатылмайды, соның салдарынан жиі-жиі авария болады. Бұл жұмысқа басшылық ететін Гаврилов жолдас өз ісіне салақ қарайды. Қолында қажетті жабдығы болмағандықтан жұмысшылар желінің бұзылған жерін тез жөндей алмайды.

Теміржолшыларға тұсау болып жүрген тағы бір кемшілік бар. Ол мынау: жобалау ұйымдары комбинат басшыларының келісімімен кенде 3 мың вольттік электр тогымен жұмыс істейтін электровоздар пайдаланылуға тиіс деп шешкен. Подстанцияларда осыған сәйкес жабдықтар, қорғау тетіктері орнатылған. Ал іс жүзінде мұндай электровоздар алынбағандықтан 1 500 вольттік электр қуатымен жұмыс істейтін электровоздарды уақытша пайдалану ұйғарылды. Кәзір олардың саны 40-тан асып кетті. Бірақ осы күнге дейін подстанциялар қайта құрылмады, қосымша электр желісі тартылмады. Соның салдарынан түрлі жабдықтар мен бөлшектер тез бұзылып, аварияға ұшырай береді, электр сымы күйіп кетеді.

Еңбек ұйымдастыру жайы да нашар. Кен мастерлері забойды алдын-ала бұрғылауды қамтамасыз етпейді. Сондықтан көп ретте забой әзір болмай қалады. Кеннің техника жөндеу тобы өз міндетін ойдағыдай атқара алмай келеді. Механик экскаваторды жөндей жатқанда электрші қарап тұрады. Жөндеу жабдығы, запас бөлшектер мүлде жеткіліксіз. Экскаваторларды әрі шапшаң, әрі сапалы жөндей алатын ар-



наулы жөндеу бригадасын құру мәселесін комбинат басшылары көптен бері шешпей отыр.

Тіпті мынадай жайтты алайық. Қыста, әсіресе аязды күндері экскаватордың шөмішіне топырақ қатып қалады. Оны жібіту үшін шөмішті қыздыру керек. Ал бұған қажетті май экскаватордың жанына әкеліп қойылмайды. Сонау қоймадан май әкелуге де, шөмішті қыздыруға да уақыт көп кетеді. Сол кезде электровоз қарап тұрып қалады.

Кеннің партия ұйымы (секретары Ф. Т. Полтавцев жолдас) кемшіліктерді жоюдың шын мәнінде ұйтқысы бола алмай келеді. Олқылықтан арылып, кеншілердің жоспарды орындауы жөніндегі мәселе партия ұйымында жиі талқыланып, қаулы қабылданғанымен, оның іске асуы тексерілмейді, бақылауға алынбайды.

Мұнда жұртқа үлгі боларлық, озат кеншілер, өндіріс жаңашылдары, алдыңғы қатарлы бригадалар жоқ емес. Мысалға экскаваторшы Алексеев жолдастың бригадасын, Социалистік Еңбек Ері электровоз машинисі Политкина жолдасты, смена бастығы Қойшыбаев, экскаватор машинисінің көмекшісі Қоюбаев жолдастарды атауға болады. Бірақ озат тәжірибені насихаттау, жұртшылық арасына тарату ісі ойдағыдай емес.

Еңбек ұйымдастыру ісіне Сарыбай кенінің бастығы Усов, бас инженері Галыгин жолдастар да жете мән бермейді. Бұған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Кенде руда бетіндегі топырақ көбінесе автомашинамен тасып шығарылады. Тек автотранспорт үшін 13—15 экскаватор жұмыс істейді. Бірақ шоферлер жұмысқа бір сағат кешігіп шығады. Бір сағат ішінде машина кемінде 5—6 рет қатынап, тек бес тонналық машинамен 18 тоннадай топырақ тасымалдай алады. Әдетте мұнда күніне 20 машина жұмыс істейді. Демек, босқа кеткен уақытта олар сыртқа 360 текше метр топырақ апарған болар еді. Мұны 13 экскаваторға есептесек, сменасына 4 680, айына 93 600, жылына бір миллион текше метрдей топырақ кем шығарылады. Ал кенде бес тонналық машинадан басқа он, жиырма бес тонналық машиналар істейді.

Сулы қабаттан алынған дымқыл топырақ қыста машина қорабына жабысып қалады. Оны түсіруге шофердің уақтысы көп кетеді. Экскаваторшы онсыз да жетіспей жатқан автомашинаны күтіп жұмыссыз тұрады. Кейде шоферлер бір мезгілде оралып, экскаватордан кезек күтіп кідіреді. Мұның бәрі іске кедергі болып, жұмыс өнімділігін төмендетеді. Жинала келе сменада бір жарым-екі сағат зая кетеді.

Сарыбай кенінде бұл күнде жер асты суы жұмысқа көп кесірін тигізіп отыр. Ор, апан қазып, су жинау, су проводын орнату, су қоймасын жасау ісі бетімен жіберілген. Жоғарғы сулы қабатты құрғатудың жобасын жасау арнаулы ғылыми-зерттеу институтының жобалау ұйымдарына тапсырылмай, Ленинградтағы кен жобалау институтының бір топ кеншілеріне жүктелген. Осыған байланысты сулы қабатты құрғату ісімен комбинаттың өзі шұғылданды. Бірақ іске көп кешігіп кірісті. Оның үстіне тиісті құрғату жұмыстарын істеу орнына бірден руда бетіндегі топырақты аршуға кірісті. Соның салдарынан топырақ алу сулы қабатқа жетісімен-ақ кенді су қаптап кетті.

Су тартатын насостар жеткіліксіз. Ал бар насостардың өзі тиімді пайдаланылмайды. Көптеген экскаватор суға белшесінен батып тұр. Қиыншылықтан құтылу үшін комбинат басшылары қосымша қаржы жұмсап, өте қымбат болат понтондар сатып алды, оларды экскаваторлардың табанына төсеуге мәжбүр болды. Тиісті жұмысын аяқтағаннан кейін саз-балшықтан біресе экскаваторды, біресе понтонды шығару үшін машинистің сменада кемінде үш-төрт сағат уақыты кетеді. Бұл кезде транспорт та тұрып қалады. Жер қабатын құрғатудың тағы бір жолы—терең құдықтар қазып, қуатты насостармен суды тартып шығару. Бұл жұмыспен Одақтық шахта құрғату тресінің комбинат жанын-



дағы құрылыс-монтаж басқармасы шұғылданады. Бірақ құдық қазу ісі жобада көрсетілген мерзімнен бір жылдай кеш қолға алынды. Мұнда құдық қазу жоспары асыра орындалғанымен, негізгі міндет — суды азайту ісі артта қалып отыр. Қазір бұрғыланған 64 құдықтың 18—20-нан ғана су тартылады. Өйткені комбинаттың А. Ф. Трефилов жолдас басшылық ететін құрылыс басқармасы су проводтарын өте баяу салуда. Су проводының батыс жақтағы тармағы өткен жылдан бері әлі іске қосылған жоқ, ал шығыс жақтағы тармағын салуға монтажшылар жаңа ғана кірісті.

Құрғату жұмысына электр желісінің де қатысы бар. Насостарға ток беретін электр желісі кендегі желімен ұштасып жатыр. Титтей кідіріс бола қалса екі құрылыс бірдей тоқтайды. Тек февраль айында осы себептен 74 мың текше метр су кем шығарылды.

Міне осының бәрі жұмысқа залалын тигізіп жүр. Жер астындағы су әлі көп. Барлық құдықтағы насостарды дереу іске қосып, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз еткенде ғана суды тез азайтуға болады. Тек сонда кеннің бірінші кезегіндегі учаскеден руда алуға болады.

Жер асты суын азайту жайы Солтүстік Соколов кенінде де мәз емес. Мұнда да бұрғыланған құдықтардың тең жартысы жұмыс істемейді, су проводтары салынбаған. Бұл жұмыспен шұғылданушы комбинаттың құрылыс басқармасы мен Оңтүстік Соколов кені тапсырманы айдан айға орындамай келеді. Дамба жасау, насос станциясын, су проводын салу мерзімі әлдеқашан өтіп кетті. Оңтүстік Соколов руднигі бір ғана дамбаның өзін бір жылдан бері салып бітіре алмай жүр.

Тіпті іске қосылған құдықтардың өзі жете пайдаланылмайды, олардың жұмыс өнімділігі төмен. Насостардың, су проводтарының дер кезінде жөнделмеуінен, электр қуатының жоқтығынан құдықтар екі ай ішінде ғана 7 876 машина-сағат жұмыссыз тұрған. Соның салдарынан кеннің батыс бағытында су небәрі 2,9 метр төмен түсірілген.

Осы кемшіліктердің бәрі кендердің жұмыс жоспарын орындауына бөгет болып отыр. Қазір кеншілер жұмыс істеп жатқан қабатты судан арылту, жер астындағы суды азайту, оған байланысты құрылыс жұмыстарын мезгілінде аяқтау мәселелері әрі тез, әрі дұрыс шешуді керек етеді.

Комбинаттағы ең үлкен құрылыстың бірі — орталық бу электр станциясының құрылысы. Рудный қаласында, комбинатта салынып жатқан құрылыстардың ішінде оның алар орны ерекше. Ол қаланың кәсіпорындарына, мәдени-тұрмыс, тұрғын үйлеріне электр қуатын, ыстық су беруге тиіс.

Қазір Рудный қаласында 6 котельный, Соколов, Сарыбай кендерінің поселкелерінде бірнеше котельный бар. Ал кен ұқсату фабрикасы мен станция құрылысының өзінде жұмыс орнын жылыту үшін паровоздар пайдаланылады. Бұлардың қуаты аз, оның үстіне мемлекетке қымбатқа түсіп отыр. Тек бір ғана уақытша котельныйдың құны 800 мың сом тұрады. Котельныйдан алынатын тек бір миллион килокалорий будын түсер құны бу электр станциясындағыға қарағанда қазір 92 сом қымбат. Осының өзінен ғана 1958 — 1959 жылдары 10,2 миллион сом қаржы шығын болды. Міне осы, тағы басқа шығындар жинала келе тек екі жылда 50 миллион сомға жетті. Өйткені станцияның бірінші кезегін салу мерзімі үш жыл бұрын өтіп кетті. Станция дер кезінде салынып болмады. Қостанай Халық шаруашылығы советі енді лажысыздан төртінші мерзімді (1960 жылдың үшінші тоқсаны) белгілеп, оны екпінді құрылыс деп жариялады.

Содан бері бірсыпыра уақыт өтті. Бірақ құрылыс қарқыны әлі баяу. Қабырға блоктарын, темірбетон бұйымдарын жасайтын завод-б. «Қазақстан коммунисі», № 5.



тар, жөндеу-механика және орталық бетон заводы станция құрылысына басқармасының тапсырмасын үнемі орындамайды. Ал Соколов кен құрылысы тресінің басшылары оларға тиісті талап қоймайды. Құрылыс материалдары жетімсіз, жұмыс ақсап жатыр. Оның үстіне бұрын істелген кейбір жұмыстардың сапасы төмен. Мысалы, түтін мұржасы ірге табаны жобада көрсетілген жерден 2,6 метр ауытқыған; котелдің ірге табаны алып тасталынған.

Соңғы кезде құрылыс-монтаж жұмыстарының комплексті графигі бұзылып, көптеген жұмыс аяқталмады. Бас корпусстың, суды химиялық жолмен тазалау, жүк түсіру қондырғысының құрылысы кешеуілдеп қалды.

Бу электр станциясының құрылысына қатысатын бірнеше арнаулы ұйымдар жұмысты сылбыр істейді. Бұлардың монтаждау жұмысында алшақтық бар. Олардың қимылы әрдайым үндесіп, қабысып жатпайды. Бұған бір себептен комбинат басшылары Сандригайло мен Көсембаев жолдастар кінәлі. Олар кейбір жабдықты, әсіресе суды химиялық жолмен тазалау қондырғысына қажет электр жабдықтарын толықтырып, құрылыс орнына дер кезінде жеткізуге зер салмай отыр.

Станция құрылысында тамаша мамандар, бригадирлер, монтажшылар жұмыс істейді. Олар өздеріне жүктелген жауапты әрі абыройлы міндетті орындауға әрқашан әзір. Құрылыс басқармасы, партия ұйымы құрылысшыларды бастай білуі, екпінді құрылысты тез де сапалы аяқтауға жұмылдыра білуі керек. Ал Соколов кен құрылысы тресі басшыларының құрылысты қажетті материалдармен, механизмдермен үздіксіз қамтамасыз ету ісіне айрықша назар аударғаны жөн.

Бұл күнде кеншілер мен құрылысшылар мекені — Рудный 50 мыңдай халқы бар сәнді шаһарға айналды. Екі-үш қатарлы үйлер, сәнді кең көшелер көздің жауын алады. Түн баласында электр шамы нұр шашады. Мәдениет сарайы думан құрып, көңіл ашады, жұртшылық санасына коммунистік тәрбие рухын егеді. Магазин біткен майға, етке, нанға толы. Асханаларда тамақ көп те арзан.

Жас болса да қаланың 238 мың шаршы метр тұрғын үй қоры бар. Оның 184 мың шаршы метрін мемлекет салып берді; 54 мың шаршы метрін мемлекеттің көмегімен жұмысшылар өздері салып алды. Тек өткен жылы жүздеген семья жаңа үйлерге кірді.

Егер Соколов кен құрылысы тресі күрделі қаржыны толық игерсе, тұрғын үйді кәзіргіден де көп салуға болатын еді. Бірақ кеншілерге тұрғын үй салып беру жоспары орындалмады. Әсіресе мәдени-тұрмыс құрылыстарын салу жайы нашар. Құрылыс мерзімі ұзаққа созылады. Мәселен, нан заводының, балалар яслиінің, тағы басқаларының құрылысы қолға алынғанына табаны күректей үш жыл болды. Қалада осы уақытқа дейін кинотеатр, кір жуатын орын, жақсы монша жоқ; балалар бақшасы мен яслиі, емхана, мектеп, магазин, асхана жетіспейді. Тұрғын және мәдени-тұрмыс үйлерінің жартысында, әсіресе жеке меншік үйлерде су тапшы. Негізгі су құбырынан су әрбір үйге жеткізілмеген. Комсомольск, Аварийная, Павловск поселкелерінің халқы суды көбінесе машинамен тасып ішеді. Қуаты аз, ұсақ котельныйлар тұрғын және мәдени-тұрмыс үйлерін мардытып жылытпайды.

Тұрғын үй құрылысы біркелкі жүргізілмейді. Өткен жылдың бірінші тоқсанында 8 мың, үшіншісінде — 18 мың, төртіншісінде — 26 мың шаршы метр үй салынды; ал екінші тоқсанда, жаз айларында бірде-бір үй салынған жоқ. Бұл көрінеу көзге құрылыс сапасын төмендетті. Үйлердің көпшілігінің сырты сыланбаған, еден, есік, терезе жақтаулары су тақтайдан жасалған. Ал трестің ағаш кептіретін орны — шағын, әлсіз.

Биыл трест жұмысшыларының алдында зор міндеттер тұр. Олар жыл аяғына дейін 60 мың шаршы метр тұрғын үй салуға, қыс айларын-



да пайдалануға берілген үйлердің сыртын сылап, тәртіпке келтіруге тиіс.

Тұрғын, мәдени-тұрмыс үйлерінің жетімсіздігі комбинат кеншілері мен құрылысшыларының жұмысына едәуір әсер етіп келеді.

Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты — жетіжылдықтың екпінді де алып құрылысының бірі. Оның дер кезінде іске қосылуын бүкіл совет халқы асыға күтіп отыр. Комбинат салуда кейбір табыстарға қол жетті. Бірақ оның жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Техника, құрал-жабдық жеткілікті бола тұрса да мұнда бүгін таңдағы басты міндет — руда бетіндегі топырақты аршу жоспары үнемі орындалмай келеді. Экскаваторлардың, электровоздардың, паровоздардың, жүкті өздігінен түсіретін автомашиналардың, өзге де машиналардың орынсыз көп тұрып қалуына жол беріліп жүр. Еңбек ұйымдастыру жайы да ойдағыдай емес. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту үшін күнделікті күрес жүргізілмейді. Комбинат пен Соколов кен құрылысы тресінің, Қостанай Халық шаруашылығы советінің басшылары кемшіліктерді тез жою үшін жедел шара қолдануға міндетті.

Қ. ӘЛИАСҚАРОВ.

Қостанай облысы, Рудный қаласы.

## Физкультура мен спорт дүйім көпшіліктікі

Партия мен үкімет совет адамдарының дені сау, қажымас қайратты болуына үнемі қамқорлық жасап келеді. Кәзір ұлан байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінде миллиондаған адам физкультурамен және спортпен шұғылданады. Еліміздің 200 мыңға жуық төменгі физкультура коллективтерінде 20 миллионнан астам адам спорттың өзі қалаған түрімен айналысады. Алдағы жетіжылдықта совет халқының ал-ауқат күйінің жақсаруы, жұмыс күнінің қысқаруы, физкультура мен спорт жұмысына кәсіподақтар, колхоздар, кәсіпшілік кооперациялары тарапынан қаржының мол бөлінуі, спорт құрылыстарының бұрынғыдан анағұрлым көп салынуы — міне осының бәрі елімізде физкультура мен спорттың шын мәнінде бұқаралық, әртүрлі жастағы миллиондаған совет адамдарын кең қамтыған бүкілхалықтық қозғалысқа айналғанын дәлелдейді.

Мәселен, астанамыз Алматыда соңғы жылдары салынған сәулетті стадионды әбден мақтан ете аламыз. Жұртшылық оны «Кіші Лужники» деп атап жүр. Сол сияқты Қарағанды қаласындағы қысқы жүзу бассейні бар Спорт сарайы, Өскемен қаласындағы үлкен спорт павильоны шын мәнісінде көрікті спорт құрылыстары екені, сайып келгенде мұның өзі Коммунистік партия мен Совет үкіметінің спортшыларға берген тамаша тартуы екені анық.

Өткен жылдан бастап бұрынғы физкультура мен спорт комитеттері спорт қоғамдары мен ұйымдары одағы Советтері болып қайта құрылды. Кәзір физкультура қозғалысына қоғамдық ұйымдар басшылық етеді. Бұл істе кәсіподақ және комсомол ұйымдарының ролі артты.

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1959 жылы 9 январьдағы «Елімізде физкультура мен спортқа басшылық туралы» қаулысында физкультура қозғалысын жаңа талапқа сай онан әрі өрістетудің келелі міндеттері белгіленді. Осы қаулы жарияланғаннан бері кәсіпорындарда, совхоздарда, колхоздарда, мекемелерде, оқу



орындарында физкультура мен спорт жұмысы едәуір жақсарды, жаңадан көптеген коллективтер құрылды.

Елімізде физкультура мен спорттың шын мәнінде бұқаралық болуы жолында тамаша бастамалар, тамаша игілікті істер қанат жайды. Өткен жылы жазда «Иркутск-алюминстрой» тресінің жас құрылысшылары комсомол және физкультура активінің жиналысында әрбір спортшы өзінің екі жолдасын спортпен шұғылдануға тартуы керек деген ұран көтерді. Жас спортшылар сонымен бірге спорт құрылыстарын да өз күштерімен салуға ұйғарды. Олардың бұл қозғалысы «1 — 2» деген атақ алып, Отанымыздың түкпір-түкпірінде қолдау тапты. Спорттың бұқаралығы жолындағы осы қозғалысқа біздің республикамыздың спортшылары мен төменгі физкультура коллективтері де қызу үн қосып, оны тез іліп әкетті. Көмірлі Қарағандының, кенді Алтайдың, астықты Қостанайдың және басқа облыстардың спортшылары өз қатарларына жаңадан жас толқын қосты. Қостанайлық тренер В. Петров «әрбір тренер, разрядты спортшы спорттың бір командасын ақысыз даярлап шығаратын болсын» деп бастама көтерді. Петровтың үлгісімен кәзір республикамыздың көптеген тренерлері, спорт мастерлері, разрядты спортшылары негізгі жұмыстарынан бос уақытта көптеген жастарды ақысыз спорт өнеріне баулып жүр.

Жетіжылдықтың аяғында елімізде физкультурамен шұғылданушылардың саны 50 миллион адам болуы керек, ал Қазақстанда 2 миллионға жетуі керек. Бұл оңай жұмыс емес. Осы міндетті орындау үшін қажымай-талмай жұмыс істеу, әрбір физкультура коллективіне үнемі нақты басшылық жасау, спортшылардың өнерін бұрынғыдан да жетілдіре беру — біздің төл ісіміз.

Өткен жыл еліміздің спорт өмірінде елеулі жыл болды. Бұл жылы СССР халықтарының II Спартакиадасы өткізілді. Осы дүбірлі жарыс алдында бүкілқазақстандық IX спартакиада болып өтті. Төменгі физкультура коллективтерінде жаппай жарыстар, ал аудандарда, облыстар мен қалаларда спартакиадалар өткізілді. Оларға 500 мыңнан астам адам қатысты. Сөйтіп үлкен сындарда республикамыздың спорт намысын қорғай алатын ең таңдаулы спортшылар СССР халықтарының II Спартакиадасына қатынасу правосын алды.

Республикамыздың 1959 жылғы чемпиондары боксшы Әбдісәлан Нұрмаханов, гимнаст Мария Вишнякова, жеңіл атлет Әмин Тұяқов СССР халықтарының Спартакиадасына қатысып, жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Тағы бір қуанарлық жай, биыл «Қайрат» футбол командасы «А» класында ойнай бастады, ал үш команда: Алматының «Спартак», Шымкенттің «Еңбек», Қарағандының «Шахтер» футбол командалары «Б» класында ойнайды.

Қазақстанның командасы СССР халықтарының II Спартакиадасына 72 спорт мастерін алып барды. Ал команданың қалған мүшелері бірінші разрядты спортшылар еді. Қазақстан спортшыларының едәуірі спартакиада жарыстарында өздерінің шеберлігін көрсетіп, жақсы нәтижеге жетті. Спартакиадада республикамыздың спортшылар командасы жалпыкомандалық II орынға шығып, Орта Азия республикаларының сондай-ақ Молдавия мен Литваның командаларынан озып шықты. Әрине, бұл жақсы қорытынды. Бірақ мұның өзі Қазақстан спорт әуесқойларының өскелең талабын қанағаттандыра алмайды. Республиканың партия, совет, қоғам ұйымдары, еңбекшілері өз спортшыларынан бұдан да жоғары көрсеткіштерді күтеді. Сондықтан барлық физкультура ұйымдарының, әрбір спортшының борышы — осы талапты, осы сенімді абыроймен ақтау.

Сонымен бірге Спартакиада республикамыздағы физкультура қозғалысының көптеген кемшіліктерін де айқын байқатты. Жасыратыны



жоқ, бізде күні бүгінге дейін барлық мүмкіндік бола тұрса да, спорттың кейбір түрлері өрістей алмай отыр. Соның бірі—су спорты. Тіпті бір жағы теңіз, бір жағы арналы өзен Гурьевтің өзінде де су спортының түрлері кенже қалып келеді. Спартакиаданың тағы бір үлкен сабағы — төменгі физкультура коллективтеріндегі ұйымдастыру жұмысының әлсіздігі, әсіресе ауыл-селолық жерлерде шебер спортшылардың аздығы. Көп жерлерде, әсіресе солтүстік облыстардың жеке колхоздары мен совхоздарында физкультура-спорт ісі дұрыс жолға қойылмаған, спорт құрылыстарын салу жайы мәз емес.

Сөз жоқ, Қазақстанның экономика және мәдени өсу дәрежесінен физкультура мен спорттың кейін қалуы — төзгісіз жағдай. Сондықтан партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының тікелей басшылығы, көмегі арқылы спорт қоғамдары мен ұйымдарының советтері республикада спорттың барлық түрін қатар өрістетуге, ол үшін қолда бар мүмкіндіктердің бәрін пайдалануға міндетті.

Физкультура мен спортты дамытуда еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық, облыстық Советтері көп көмек көрсете алады. Әсіресе жаңа спорт алаңдарын, спорт құрылыстарын салуда, орналастыруда олардың көмегі қажет-ақ. Егер республикамыздағы физкультура мен спорт ісі нағыз бұқаралық болсын десек, оған ең алдымен облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері кәсіподақ, комсомол, физкультура ұйымдарына қамқорлық жасап, күнбе-күн көмек көрсеткені жөн демекпіз.

Бізде мұндай қамқорлық, көмек болған жерде физкультура жұмысының алға басатынына көптеген мысалдар бар. Мысалы, Ақтөбе ферросплав зауытында бұрын спортшылар саны аз еді. Бұл іске завод дирекциясы, партия комитеті тікелей араласып, нақты шараларды жүзеге асырғаннан кейін заводта кәзір спортшылар саны көбейді, олардың ішінде разрядты спортшылар, тәжірибелі тренерлер бар. Ал завод стадионы, спорт залы кәзір осы облыстағы ең жақсы спорт құрылыстарының бірі. Гурьев облысында да жергілікті партия, совет ұйымдары облыстағы физкультура мен спорт қозғалысына әрдайым көңіл бөліп отырады. Сондықтан мұнда спортшылар саны көбейіп, олардың шеберлігі артып келеді. Ақмола облысындағы «Двуречный» астық совхозында кәзір екінің бірі спортшы. Ал совхоз жастарының өз күшімен салған стадионы шынында да мақтауға тұрарлық. Совхоз дирекциясы, партия, кәсіподақ ұйымдары жастардың көңілді дем алуына, спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасады, ал жастар мұндай қамқорлыққа өндірістік тапсырманы асыра орындаумен жауап беруде.

Шынын айту керек, мұндай коллективтер республикамызда әлі аз. Расында да кәзір жылдан-жылға дәулеті шалқыған, табысы тасыған әрбір колхозда, әрбір совхозда, ірі кәсіпорындарда жақсы жабдықталған спорт құрылыстарын салуға, сөйтіп өз коллективіндегі спортшылардың санын көбейтіп, өнерлерін ұштай түсуге болмай ма? Әбден болады. Оған тек нақты басшылық пен көмек, ынта-жігер керек.

Спорттың тірегі жастар. Сондықтан шебер спортшыларды көптеп даярлауда мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының ролі күшті. Бірақ, республика мектептерінде әлі күнге дейін тәжірибелі, спорттан арнаулы білімі бар дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері жетіспейді. Соның салдарынан мектеп оқушылары арасынан тәжірибелі, үміт күттіретін спортшылар аз шығып жүр. Мектеп оқушыларының жыл сайын өткізілетін спартакиадаларында республика командасының кейінгі орындарда жүруі осыдан деп білу керек. Көптеген мектептерде қарапайым спорт алаңдарының өзі жоқ. Жыл сайын мектептерді жаңадан салғанда немесе оны жөндегенде спорт алаңдары, спорт залдары ескерусіз қалады.



Кәзір республикамыздың көптеген кәсіпорындарында өндірістің гимнастика кеңінен жүргізілуде. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға, жұмысшылардың сергек болуына үлкен септігін тигізеді. Бірақ, әлі де болса кейбір кәсіпорындар мен мекемелерде бұл іске тиісінше көңіл бөлінбей отыр.

Соңғы жылдары еңбекшілердің көптеген талап-тілектері ескеріліп, спорттың ұлттық түрлері де жандана бастады. Расында, көкпар тарту, бәйгі, сайыс, қыз қуу, палуан күрестіру, тоғыз құмалақ сияқты халықмыздың қашаннан бері келе жатқан спорт өнері жанжақты қолданылды, оны ұмытпай, қашан да өрістетіп отыруды керек етеді. Бірақ, гәп спорттың әр түрінен ұлттық кадрлардың өте аздығында. Талай той думандарда ат құлағында ойнайтын, палуандар күресінде жауырыны жерге тимейтін қазақ жастары спорттың басқа түрлерімен шұғылдана алмайды дегенге кім сенеді? Мәселе олардың арасында спортты кеңінен насихаттауда, оларды тәрбиелеп, баулуда болып отыр. Ал қазақ қыздары ше? Үлкен жарыстарда біз оларды өте сирек көреміз. Тіпті, Қазақстанда спорт өнерімен танылған қазақ қыздары санаулы-ақ. Мұның да негізгі себебін ауыл-селоларда қыздардың спортпен шұғылданбайтынынан іздеу керек.

Осы мысалдардан қазақ жастары арасында спорт насихатының нашар жүргізілетінін, ал бастауыш партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары бұған белсене араласпайтынын аңғару қиын емес. Бұдан былай физкультура ұйымдарының да, қоғамдық ұйымдардың да, тіпті бүкіл жұртшылығымыздың тікелей араласатын үлкен де абыройлы ісі осы болмақ.

Биыл Советтік Қазақстан өзінің 40 жылдығын тойлайды. Осыған орай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі оныншы мерекелік бүкілқазақстандық спартакиада өткізуді тапсырды. Бұған кәзір барлық жерде қызу әзірлік жүріп жатыр. Ал осы спартакиаданың қысқы программасы бойынша жарыстар өткізілді. Республикамыздың 40 жылдық мерекесін биыл спортта елеулі табыстармен, жаңа, өрелі рекордтармен қарсы алу — барлық спортшының міндеті. Жарыс жүлдесі өнері озғандікі. Олай болса, бұл мерекелік спартакиадаға әр коллектив спортшылар санын көбейтумен, олардың үздік өнерімен келуі керек.

Партия ұйымдарының басшылық, көмегімен республика спортшылары өз өнерлерін бұрынғыдан да шындай түсіп, мерекелік спартакиадаға жаңа рекордтарын тарту ететінінде, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің аталық қамқорлығына спорттың шын мәнінде бұқаралық болуына жетумен жауап беретінінде күмән жоқ.

К. АХМЕТОВ,

Қазақ ССР Спорт қоғамдары мен ұйымдары одағы Советінің председателі.

## Бізде де тың мүмкіндіктер бар

Партияның XXI съезі мен Орталық Комитет сентябрь (1953 жыл) Пленумының қаулы-қарарларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Компартиясының VIII съезі колхоз шаруашылығының барлық саласын жанжақты өркендету, оның табысын молайту міндетін алға қойды. Бұл міндетті орындау жолында қажырлы еңбек етіп, Куйбышев атындағы колхоз мүшелері едәуір табысқа жетті. Қоғамдық малдың саны көбейіп, өнімділігі артты, ауылшаруашылық дақылдарынан өнім бұрынғыдан көп алынды, колхоздың да, колхозшылардың да табысы молайды.



Колхозда мал шаруашылығы жылдан-жылға өрге басып келеді. 1955 жылы әр сиырдан 1 104 литр сүт сауылған болса, жетіжылдықтың алғашқы жылы — 2 496 литр сүт алынды, әрбір қойдан 2,8 килограммын орнына 3,5 килограмм жүн қырқылды. Мал санын көбейту жөніндегі жоспар барлық түлік бойынша асыра орындалды. Мемлекетке сүт, жүн, ет тапсыру жоспары артығымен орындалды.

Мұндай табысқа қалай қол жетті? КПСС Орталық Комитеті сенаторь Пленумының қаулысында мал шаруашылығын өркендетудегі жемшілік ең алдымен жемшөптің жеткіліксіз әзірленуінен, мал қоранының жеткіліксіздігінен болып отырғаны атап көрсетілді. Колхоз партия ұйымы міне осы мәселелерді тиянақты шешуді қолға алды. Екпе шөп, мал азығындық дақылдардың егіс көлемі бір жарым мың гектарға жеткізілді. Қолдағы малға бір жарым жылдық жемшөп әзірлеу дәстүрге айналды.

Колхозда көптен шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі мал қорасын салу болатын. Жемшөп жеткілікті болғанымен, қораның жайсыздығынан қыста мал өлім-жітімге ұшырап, іш тастайтын. Мұның өзі мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру ісіне кедергі жасады. Бұл жағдайды ескеріп, колхоз басқармасы мен партия ұйымы малға жайлы, жылы қора салу керек деген қорытындыға келді.

Екі құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Оның бірі колхоз орталығында, екіншісі қысқы мал отарында жұмыс істейтін болды. Бригада адамдары тұрақтандырылды. Күш-көлік бекітіліп берілді. Бұрын колхозда мұндай тұрақты құрылыс бригадасы болмайтын. Соның салдарынан құрылыс өндімейтін. Құрылыс бригадасының екеуі де кідіріссіз жұмыс істеп келеді. Оларды Сәлім Мұратәліпов жолдас басқарады. Құрылыс бригадасы сиыр, бұзау, қой қораларын, қоймалар, көптеген тұрғын үй салды.

Колхозда екінші бір қолға алынған іс — егін шығымдылығын арттыру. Артельде 6 мың гектарға жуық егістік жер бар. Жердің көбіне бидай егіледі. Былтыр 1955 жылға қарағанда екі мың гектардай күздік бидайдың әр гектарынан 6—8 центнер, екі мың гектардан астам жаздық бидайдан — 5—6 центнер, арпа, сұлыдан — 7 центнер өнім көп алынды. Мемлекетке 35 мың центнерге дейін сапалы астық тапсырылды. Колхоз мұндай табысқа ең алдымен тың, тыңайған жерді игеру, оның есебінен егіс көлемін арттыру, агротехникалық шараларды дер кезінде жүзеге асыру арқасында жетті. Егіс көлемі бұдан былай да арттырыла бермек. Тек биыл мың гектардай тың жер игерілмек.

Мал шаруашылығы мен егіншіліктің өркендеуі колхоздың экономикасын нығайтты. 1953 жылы артельдің ақшалай табысы бір миллион, 1956 жылы 3,2 миллион сом болса, 1959 жылы 10 миллион сомнан асты. Соның нәтижесінде колхозшылардың тұрмыс дәрежесі көтеріліп, мәдениеті артты.

Еңбек тәртібін нығайту, колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру шарасы үздіксіз жүзеге асырылып келеді. 1953—1955 жылдары еңбекке жарамды әрбір колхозшы орта есеппен 280—350 еңбеккүн тапқан болса, жетіжылдықтың алғашқы жылында әрқайсысына 580 (жалпы орта есеппен) еңбеккүннен айналды, 1953 жылмен салыстырғанда әрбір еңбеккүнге 3,5 килограмм астық, 9 сом ақша артық берілді.

Осыдан аз уақыт бұрын кәзіргі Куйбышев колхозының орталығы Ақтекше аулының орнында бірнеше жапырайған үйлер мен тозығы жеткен қоралар тұратын. Ал кәзір мүлде басқаша. Сәнді колхоз ауылы алыстан көз тартады. Кеш болса электр шамы нұр шашады. Телефон, радио тораптары жұмыс істейді. Соңғы үш-төрт жыл ішінде жүз жиырмадай тұрғын үй, колхоз басқармасының, ауылдық Советтің кеңселері, онжылдық мектеп үйі, клуб, аурухана, балалар яслиі, магазин, монша,



электр станция, диірмен, интернат үйлері, фермалар мен мал отарларында тұрғын үйлер, монша, магазин, дәрігерлік пункт, оқу үйі салынды.

Ауыл орталығында бес мыннан астам кітабы бар екі оқу үйі жұмыс істейді. Кейбір колхозшылардың өз кітапханалары бар. Ауылда газет, журналға жазылмаған бірде-бір үй жоқ. Колхоз клубында лекция оқылып, кино көрсетіліп, көркемөнерпаздар үйірмесінің концерті қойылып тұрады.

Колхоздың шаруашылығы мен мәдениетін көтеруге партия ұйымы ұйтқы болды. Бастауыш партия ұйымы КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, соңғы жылдары партиялық ұйымдастыру, бұқаралық үгіт жұмыстарын едәуір жақсартты. Әсіресе коммунистердің колхоз шаруашылығында жетекшілік роль атқаруына ерекше көңіл бөлінді. Коммунистердің басым көпшілігі өндірістің шешуші саласында істейді. Мысалы, колхоздағы 43 коммунистің 27-сі мал шаруашылығында.

Коммунистерді ауылшаруашылық жұмыстарының шешуші салаларына орналастыру мал фермалары жанынан үш партия тобы, егіншілік бригадасы жанынан бір партия тобын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Партия топтарындағы коммунистер малшылар мен егіншілерге өздерінің қажырлы еңбегімен де, өткір сөзімен де өнеге көрсетіп келеді. Бұл жөнінде Исамберлинов жолдас басқаратын қой фермасының, Керімбеков жолдас басқаратын егіс бригадасының жанындағы партия топтарының жұмысы көңіл аударарлықтай. Аталған партия топтары малшылар, дихандар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарын барған сайын жақсартып келеді.

Дегенмен колхоз шаруашылығын өркендетуде ешбір кемшілік жоқ деуге болмайды. Айталық, колхозда мал саны көбейіп, егіс көлемі артқанымен, олардан алынатын өнім мөлшері әлі төмен болып отыр. Әлі де пайдаланылмай жатқан мол мүмкіндіктер бар. Мысалы, Қазақ ССР социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебер, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты орденді Жанбосынов Зәкірбай, аға шопан Дүйсенбінов Ербай, Жұмаділов Сакбай әр жүз саулықтан 135—130 қозы алып, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырықты. Олжабаев пен Жұмаділов мемлекетке өткізілетін әрбір қойдың салмағын 73—75 килограмға, ірі қараның салмағын 350—420 килограмға жеткізді; сауыншылар: Тұрсынова Айнакүл, Жақсылықова Күлбаршын, Тазабекова Жамбы қарауындағы сиырлардың әрқайсысынан 3800—3600 литрден астам сүт сауды; дихан Қопабаев күздік егістің әр гектарынан 18—20 центнерден, жаздық егістен 13—15 центнерден өнім алды; шошқа өсіруші Михайлова Любовь әр мегежіннен 23 торайдан, Кемпірбаев Өрісбай әр жүз биеден 100 құлын алып аман өсірді. Әлбетте, мұндай табысқа басқа колхозшылар да жете алады. Оған барлық мүмкіндіктер бар. Әңгіме тек озат тәжірибені жұртшылық арасына кең насихаттап, халық игілігіне айналдыра білуде.

Кәзіргі уақытта колхозшылар алдында бұрынғыдан да зор міндеттер тұр. Жетіжылдықтың аяғында қой саны 97 мыңға, ірі қара 2700-ге, жылқы 1200-ге, түйе 120-ға, шошқа 560-қа, құс 12100-ге, қоян 600-ге жетуге тиіс. Күздік егістің әр гектарынан 18, жаздық егістен — 14, картоптан — 250 центнерден өнім алынуы керек.

Малдың көбеюіне байланысты ет те мол алынады. Егер колхоз бұрнағы жылға дейін мемлекетке жылына мың центнердей, ал былтыр бес мың центнерден астам ет өткізіп тұрған болса, жетіжылдықтың аяғында 1959 жылғыдан бес есе артық тапсырады. Сондай-ақ жүн де үш-төрт есе артық қыркылмақ.

Осындай үлкен міндеттерді орындауға колхоз еңбеккерлері кәзірдің өзінде-ақ жұмыла кірісті. Ең алдымен малды асылдандыру ісі көл-



ға алынды. Жүгері егісі алдағы уақытта 1 000 гектарға жеткізіледі. Екпе шөптердің шығымдылығы арттырылады.

Екіншілік мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Ауылшаруашылық дақылдарының көлемін ұлғайтумен бірге олардан өнімді мол алу жағы қарастырылып жатыр.

Колхозда мәдени және өндірістік құрылыс жұмыстары да кең өріс алады. Биыл машина, трактор жөндейтін үлкен мастерская, сәулетті мәдениет үйі салынбақ. Жалпы жоспар бойынша үш жылда колхозшылар түгел жаңа жақсы тұрғын үйлерге кірмек.

Колхоз партия ұйымы КПСС ХХІ съезі мен Орталық Комитет декабрь Пленумының тарихи шешімдерін басшылыққа ала отырып, жетіжылдықтың екінші жылында жаңа табыстарға жету үшін социалистік жарысты үдете түседі.

Біздің колхоздың колхозшылары да республикамыздың қырық жылдық мерекесін лайықты табыспен қарсы алуға ұмтылады. Колхозшылардың өндірістік белсенділігі саяси өрлеумен ұласты. Бейбітшіліктің берік қамалы болып отырған еліміз адам игілігі туралы қамқорлығымен тағы бір жарқ етті де, ізгі адамзатты сүйсіндірді. Біз мұны мақтан етеміз. Партиямыз бен үкіметіміздің дана сыртқы және ішкі саясатын толық мақұлдаймыз.

**Ш. АХМЕТШЕНОВ,**

Партбюро мүшесі, Куйбышев атындағы  
колхоз, Киров ауданы, Алматы облысы.



# Сын және библиография

## Саяси сөздіктің аудармасы жайында

Қазақ мемлекет баспасы «Саяси сөздік»<sup>1</sup> кітабын қазақ тілінде басып шығарды. Бұл сөздіктің оқытушыларға, студенттерге, насихатшылар мен үгітшілерге, партия және совет қызметкерлеріне пайдасы үлкен, мұндай кітапқа олар көптен ділгер еді. Ондап-жүздеп шығатын мерзімді баспасөзімізде ішкі-сыртқы саясаттың, социалистік құрылыс тәжірибесінің, ғылым мен техниканың көптеген мәселелері жөніндегі әдебиеттер арқылы бұрын болмаған жаңа термин сөздер, атаулар кең тарап, қазақ халқының ана тілін байытып отыр.

Бірақ осы жаңа термин сөздерді оқушылардың қаншалық дәл, толық түсінуі оның өзінің жалпы ой-өрісіне де, біліміне де байланысты. Жаңа терминдердің көп тарауына қарай оқушы жұртшылық жәрдемші құралға зәру бола бермек. Ал сол құралдардың бірі әртүрлі сөздіктер. Оның ішінде саяси түсіндірме сөздіктің орны өзгеше.

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары қазақ тіліне аударылып, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің қазынасына үлкен үлес болып қосылды. «КПСС съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қаулылары мен қарарлары» деген Коммунистік партияның көп томдық аса маңызды документтері, «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы», «Маркстік философияның негіздері» және басқа кітаптар қазақ тіліне аударылып, баспадан шықты. Көп тиражбен тараған осы еңбектерде, басқа түрлі саяси әдебиетте, күнделікті баспасөзде түсіндіруді керек ететін терминдер, атаулар, кісі аттары, ұйымдар мен партия аттары есепсіз мол. Оқушы бұқараның осынша бай саяси, экономикалық, философиялық әдебиетті пайдалануын жеңілдететін көмекші құрал жасап шығару жөнінде бізде не істелді? Саяси, философиялық және экономикалық терминдердің, атаулардың қазақ тілінде қалай алынғанын ғана көрсететін, бір сөзге бір сөзбен ғана берілген сөздіктердің бұл жөнінде оқушыларға себі жоқтың қасы. Өйткені олар атаулардың мағынасын түсіндірмейді, қазақ тілінде қалай алынғанын ғана көрсетеді, сондықтан бұлардың түсіндірмелік емес, тек қана терминологиялық мәні бар.

Ал шынында оқушылардың жалпы білім дәрежесін, мәдени өрісін кеңейтетін, саяси, теориялық әдебиетті пайдаланғанда ақылшы, кеңесші болып отыратын түрлі энциклопедиялар мен түсіндірме сөздіктер бізде жасалуға тиіс. Алайда қазақ тілінде үлкен де, шағын да энциклопедия әлі күнге жоқ, өйткені бұл көп еңбекті, ұзақ жылдарды, жан-жақты әзірлікті керек ететін көлемді де, аса жауапты жұмыс. Ал енді ғылымның түрлі саласынан шағын түсіндірме сөздіктер жасап шығару мезгілі жеткен, қолдан келетін іс. Сондықтан осы «Саяси сөздіктің» қазақ тілінде шығуын сол келелі міндетті шешуге кірісудің басы деп қарау керек.

Қазақ мемлекет баспасына бұл сөздікті басып шығару оңайға түспегені белгілі. «Саяси сөздік» деген жалпы атпен шыққаны болмаса,

<sup>1</sup> Саяси сөздік. Редакциясын басқарған проф. Б. Н. Пономарев. Қазақ мемлекет баспасы, 1959 жыл. Алматы.



Бұл экономиканы да, философияны да, атеизмді де басқа да көп тарауларды қамтиды. Жалпы көлемі 68 баспа табақтан астам кітапты аудару, құрастыру жұмысы әрине, оп-оңай емес. Бұл—бір топ аударушы мен бір топ редактордың коллективті еңбегі. Ал енді бірнеше аударушының еңбегін терминдерді қолдануы жағынан, стилі жағынан бір ыңғайлау — бұл да бір ұдай жауапты міндет. Мұнда жеке терминдер мен атаулардың қазақ тіліне аударылып, алфавит тәртібі өзгеруіне байланысты олардың орындары ауысып отырды. Оның үстіне «Саяси сөздіктің» қазақша аудармасына 1958 жылғы орысша нұсқаға еңбей қалған, кейін пайда болған жаңа оқиғалар, жаңа елдердің, жаңа партиялар мен ұйымдардың аттары қосылды. Сөйтіп осы ретте «Сөздікке» тынан авторлық мақалалар да енді. Мұның өзі өте дұрыс болған.

«Сөздік» көп мәселені қамтыған. Мұнда КПСС тарихы, партия құрылысы, СССР және бұған кіретін одақтас, автономиялық республикалар, облыстар, округтер, мемлекеттік және қоғамдық құрылыс атаулары, қоғамдық ұйымдар, КПСС-тің, Совет мемлекеті мен Совет армиясының қайраткерлері, СССР тарихына байланысты атаулар, сыртқы саясат, шет елдер мен территориялар, халықаралық жұмысшы және демократиялық қозғалыс, коммунистік және жұмысшы партиялары, демократиялық ұйымдар, дипломатиялық практика, халықаралық ұйымдар мен конференциялар, саяси экономия, философия, мұның ішінде диалектикалық материализм мен тарихи материализм, эстетика, философиялық ағымдар, діни ұғымдар мен атеистік насихат, мемлекеттік және халықаралық право мәселелері жөнінде көптеген мақала бар.

Сөздікте әсіресе маңызды ұғымдар мен атаулар кеңінен түсіндірілген. Мысалы; марксизм-ленинизм, КПСС, СССР, Коммунистік партияның съездері мен конференциялары, одақтас республикалар, ленинизмнің стратегиясы мен тактикасы, КПСС-тің, Совет мемлекеті мен Совет армиясының қайраткерлері, диалектика, диалектикалық материализм, социализм, капитализм, империализм, революция деген ұғымдарды «Саяси сөздік» көлемді-көлемді мақалалар арқылы терең түсіндірген. Осы жағынан алғанда сөздіктің энциклопедиялық мәні бар. Мұнымен бірге абorigine, абсентизм, автаркия, адепт, ажиотаж, акциз, валюта, манифест тағы сондай көптеген термин сөздерге де жақсы мағлұмат берілген.

Түсіндірме сөздікті керек ететін аса күрделі ғылым саласы—философия. Орыс тілінде көп жылдардан бері шығып, дүркін-дүркін кеңейтіле қайта басылып жүрген «Философиялық қысқаша сөздік» тәрізді сөздік қазақ тілінде әзірге жоқ, ең болмаса мұның аудармасы да жоқ. «Саяси сөздік» біздің осындай құралға мұқтажымызды толық болмағанымен, ішінаралап болса да қанағаттандырады. Партия тарихына, маркстік философия негіздеріне, атеистік насихатқа арналған әдебиетте, күнделікті баспасөз бетіндегі теориялық мақалаларда біз философиялық терминдерге соқпай отырмаймыз. Арнаулы философиялық шығармалар болмағанмен, көпшілікке арналған әдебиетте жиі ұшырайтын философиялық терминдердің бірсыпырасы «Саяси сөздікте» бар. Мысалы, мұнда абстракция, диалектика, қажеттілік және кездейсоқтық, қозғалыс, материя, базис пен қондырма, мораль, антагонизм т. б. термин сөздер ықшам да ұғымды баяндалған.

«Саяси сөздіктің» тағы бір құнды жағы мынада. Қазақ тіліндегі саяси-әлеуметтік терминдер совет тұсында жасалды. Олар күнделікті баспасөзде, радио хабарларында, саяси әдебиетте бірыңғай қолданылып та жүр. Бұл жөнінде Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалы басқа да баспасөз органдарымен, тіл және әдебиет мамандарымен бірге игілікті іс істеді. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аудару арқылы саяси терминдердің жасалу принципі негізінен алғанда дұрыс шешілді. Осы саяси терминдерді газет, жур-



налдар да көпшілік арасына үнемі насихаттап отырады. Бірақ, саяси-әлеуметтік терминдердің оқушылар қауымына сіңісуі әлі нашар. Оған себеп, осы ұғымдар мен терминдердің дәл және толық мағынасын қалың бұқараға жеткізе алмай келдік. Жасыратыны жоқ, біздің бұл жөніндегі көмегіміз терминдердің қазақ тілінде қалай алынғанын жариялаудан аспады. Ал, «Саяси сөздік»—сондай саяси терминдердің берік қалыптасуына, оқушылардың оларды саналы түрде, біле, түсіне отырып қолдануына үлкен көмек.

Сөздік негізінен аударма сөздік дедік. Сондықтан мұның сыны ең алдымен аудармасының сапасына, термин сөздердің, терминдік сөз тізбектерінің қазақша дұрыс, бұрыс алынуына байланысты. Аударманың сапасы негізінен жақсы, тілі жеңіл, жатық. Дәрекі қателері, тұрпайы, көріне ажарсыз сөздер некен-саяк.

Дегенмен, аудармасында кемшіліктер де жоқ емес. Мысалы, «**Теология**» деген термин сөзді «құдайдың ойы (идеясы) мен дін парызын (догмат) «дәлелдеуге» және дүниеге деген діни көзқарасқа ғылым формасын беруге тырысатын көзқарастардың жүйесі» деп аударлады. Мұның орысшасы: «**Теология** (богословие) — система взглядов, пытающаяся «обосновать» идею бога и догматы религии и придать религиозному мировоззрению формы науки». Жоғарыдағы аударма мұның тіптен шалағай, олақ нұсқасы екенін түсіндіріп жатудың қажеті болмас. Орысшасындағы идея—ой деп, салақ аударыла салған. «**Теория**» деген терминдегі «Система руководящих идей в той или иной отрасли знания» деген текст «білімнің нақты бір саласында басшылық етуші идеялардың жүйесі» деп аударылған. Мұндағы «нақты» деген сөз ұғымның мағынасын бұрмалап тұр. Тағы бір жерінде: «...егер практика өзінің жолына революциялық теорияның жарық жұлдызын түсірмесе, соқыр болғаны» деп сөзбе-сөз, тұрпайылау аударылған. «**Абстракция**» деген терминнің мына аудармасынан не ұғуға болар еді: «ол абстракциялаудың, яғни болмыс құбылыстарының мардымсыз, үстірт жақтары мен қасиеттерін айқындаудың нәтижесі болып табылады» деп аударылып, терминнің мәні теріс берілген. Мұндағы мардымсыз деп отырғаны—несущественный дегеннің аудармасы, үстірт деген второстепенный дегеннің баламасы екен. Жаңашыл деген сөздің түсінігі былай деп аударылған: «өндіріс, ғылым мен искусство саласында бір жаңалықты батыл енгізетін, алға басуға бөгет жасайтын ескі түсінікті, ереже мен нормаларды бұзатын адам». Бұл түсінік бойынша новатор деген сөздің кері мағынасы туып кеткенге ұқсайды. Сөйлем мүшелері өз орнына ауысып кеткендіктен де, сөйлемнің мағынасы бұрмаланған. Мұндағы «өндіріс, ғылым және искусство саласында» деген сөздер «бір жаңалықты батыл енгізетін» деген тіркестің емес, «алға басуға бөгет жасайтын» деген тіркестің алдынан келуі керек еді. Бұл сөйлем, біздіңше, былай аударылса дұрыс болар еді: «Өндіріс, ғылым және искусство салаларында алға басуға бөгет жасайтын ескі түсінікті, ескі ереже мен нормаларды бұзып, жаңалықты батыл енгізетін адам».

Түріктің мемлекет қайраткері Кемаль Гази Мұстафа жөнінде берілген мақалада былай делінген: «Аса көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткер, Түрік республикасының негізін қалаушы». Мұның орысшасы былай: «Выдающийся турецкий политический и государственный деятель, основатель Турецкой республики». Жоғарыдағы аударма бойынша Кемаль — «аса көрнекті... қайраткер», ал дұрысы, ол жалпы «қайраткер» емес, Түрік елінің қайраткері.

Біз рецензиялап отырған «Сөздіктегі» сөздердің көбі термин (атау) сөздер немесе терминдік сөз тізбектері. Сондықтан да бұлардың термин ретінде қалыптасқан, кейде ресми қабылданған баламаларының қаншалықты дұрыс берілгеніне зер салмай болмайды. Осыған орай «Сөз»



діктің» бір қыдыру кемшілігі бар. Біз бұл кемшіліктердің екі түрлі сипатына тоқталмақпыз.

Біріншіден, терминдердің қазақша баламасын берген кезде осылар қандай терминнің баламасы ретінде алынып отырғаны көп ретте оқушыға түсініксіз. «Сөздікті» аудармас бұрын кәміл ақылдасып шешетін бір мәселе бар еді. Ол: аударылып алынған термин қандай терминнің баламасы екенін көрсету керек пе, жоқ па?—деген мәселе. Бұл жайында аударушылардың өз арасында бірыңғай пікір, бірыңғай принцип болмаған, әрбір аударушы өз тұрғысын, өз принципін қолданған сияқты. Олай дейтініміз, қайсы бір ретте қазақша баламасынан (эквивалентінен) кейін жақша ішінде қандай терминнің баламасы екені көрсетіліп отырған. Мысалы: дауысқа салу (баллотировка), төрешілдік (бюрократизм), уақытша бітім (перемирие), шақырымпаздық (отзовизм), ақсүйек (аристократия) т. б. Ал енді басым көпшілігінде сол сөз орысша (немесе интернационалдық) қандай терминнің баламасы екені белгісіз. Мысалы, азық-түлік салығы—продовольственный налогтің аудармасы екені анық болғанымен, азық-түлік салғыртының орысшасы продовольственная разверстка екенін кез келген оқушы біле бермейді. Реестрдегі кейбір қазақша аударылып берілген сөздердің терминдік қасиетін, сипатын ұға қою да қиын. Мысалы, мәртебе деген авторитет деген терминнің баламасы деп те, жәй сөз деп те ойлауға болар еді. Бірақ бұл престиж дегеннің баламасы екен. Мұндайлар сөздікте өте көп ұшырайды: әртектілер, білу теориясы, жойқын соғыс, қарсылық қимыл жүргізу қозғалысы, табынушылық т. т. Осы сөздер орысша немесе интернационалдық қандай терминнің баламасы екенін біліп болмайды. Тек үңіле қарағанда ғана бұлардың разночинец, теория познания, тотальная война, движение сопротивления, культ деген терминдердің аудармасы екенін анықтаймыз. Кейде дәл осындай терминдердің теріс аудармасы оқушыны ойландырып тастайды. Мысалы, білу теориясы теория познания ма, әлде басқа ма, өйткені мұның баламасы таным теориясы деп алынған еді ғой дейсің.

Біздіңше, термин сөздер немесе терминдік сөз тізбектері қазақша аударылып берілген жағдайда, соның қандай орысша (немесе интернационалдық) терминнің аудармасы екенін көрсетіп отыру керек тәрізді. Айталық, жойқын соғыс (тотальная война). Осы пікірді қуаттайтын бірнеше дәлел келтіруге болар еді: 1) қазақ тілінде алынған терминдердің кейбіреуі оқушы бұқараға әлі толық сіңісіп жеткен жоқ. Сондықтан кейбір терминдердің қазақша баламасы туралы алалық болуы мүмкін. Мысалы, жойқын соғыс дегеніміз тотальная война дегеннің аудармасы екенін оқушы бірден түсіне қоймайды. Ал кейбір терминдердің әрқилы аударылып жүргенін ескерсек, орысшасын көрсету қажет екені айқынырақ бола түседі; 2) қайсы бір кезде әлі үйренісе қоймаған балама терминдерден гөрі, орысша сауатты оқушыға олардың орысшасы тез жетеді. Мысалы, табынушылық деумен бірге культ, жойымпаздар деумен бірге ликвидаторы, елші деумен бірге посол деп отырса, оқушы тез түсінеді. 3) Бұған дейін қазақ тілінің терминдеріне түсіндірме сөздіктің болмай келгенін жоғарыда айтқанбыз. Сондықтан қабылданған терминдерді күнбе-күн түсіндіріп отыру арқылы олардың практикада кеңінен тарап, әбден қалыптасып кетуіне жағдай жасай беруіміз керек. Көп тиражбен тарап отырған және осыдан былай дүркін-дүркін қайта басылып отыратын осындай сөздіктер әрі терминологиялық түсіндірме сөздіктің сипатында шығатын болса, мұның пайдасы көп болар еді.

Біздің осы пікіріміз «Сөздіктегі» тек термин сөздер мен терминдік сөз тізбектері және бұлардың ішінде қалыптаспағандары жайлы болып отыр. Мәселен, екінші дүниежүзілік соғыс, бесжылдық, еңбеккүн деген ұғымдар мен терминдерге мұның ешбір қатысы жоқ.



«Саяси сөздіктін» терминдер жайында атап кететін тағы бір кемшілігі бар. Қазақ тілінде алынған бірсыпыра терминдердің қолданылуында бірыңғайлық жоқ. Система — бір жерде жүйе, бір жерде система; блок — кейде блок, кей жерде одақ болып жүр. Қалыптасқан, ресми қабылданған бірсыпыра терминдер мұнда басқаша алыныпты. Бұған дейін мировоззрение—дүние тану, теория познания—таным теориясы, личность — жеке адам деп алынып келсе, «Сөздікте» дүниеге көзқарас білу теориясы, көрнекті адам деп алынған.

Дисциплина деген терминді осы қалпында аудармай алып, оған мынадай түсінік берген: «1) ғылымның жеке саласы, 2) белгіленген тәртіпті бұлжытпай орындау. Мұндай тәртіп әртүрлі болады: мемлекет, партия, еңбек, финанс, әскер тәртібі және басқалар». Сөйтіп дисциплина деген терминнің екі мағынасы қазақ тілінде пән, тәртіп деген екі сөзбен беріліп жүргенін аудармашылар ескермеген. Сондықтан оны орнына қарай пән, тәртіп деп беру керек еді.

Сол сияқты идентичный, издольщина, инкриминировать, интернирование, парафирование, полемика, приоритет, процедура деген сөздер мен терминдерді аудармашы жолдастар сол қалпында ала берген. Мұның ішінде идентичный деген сын есім, инкриминировать деген етістік формалары мен интернирование, парафирование сияқты қимыл есімдері де жүр. Термин сөздерді мұндай формада қабылдауға болмайтынын айтпағанда олардың көпшілігі қазақ тіліне аударып беруге болатын сөздер. Мәселен, идентичный — бірдей, барабар, инкриминировать — айыптау, парафирование — шартқа қол қою, полемика — айтыс, талас т. б.

Бұл мысалдар «Сөздіктін» аудармасындағы және термин қолданудағы кемшіліктерді түгел қамтымайды. Бірақ осы келтірген мысалдардың өзі жалпы алғанда тәуір еңбектің қадірін біраз түсіріп тастайтыны даусыз.

Қорыта келіп, айтарымыз: қазақ тіліне аударылған «Саяси сөздік» — мәдени қазынамызға еніп отырған елеулі кітаптың бірі. Мұның маңызды болатын тағы бір себебі, осы салада қазақ тілінде түсіндірме сөздіктер, үлкенді-кішілі энциклопедиялар жасаудың алғашқы бір сатысы, соған әзірлік. Алда философиялық түсіндірме сөздік, В. И. Ленин шығармаларында немесе жалпы марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінде кездесетін терминдердің, терминдік сөз тізбектерінің, канатты сөздердің, идиомдардың түсіндірме сөздіктерін жасау міндеті тұр, «Саяси сөздік» сол жұмыстарға күш сынап көретін әзірлік сияқты.

**М. ЖАНҒАЛИН,**

тарих ғылымының кандидаты.

**Ә. ӘБДІРАХМАНОВ,**

филология ғылымының кандидаты.



## КОММУНИСТІК ЕҢБЕК ЖАРЫСЫНА КҮНДЕЛІКТІ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАЛСЫН

Лениногор полиметалл комбинатының кәсіпорындарында 10 цех, 9 учаске, 19 смена және 110 бригада коммунистік еңбек жарысына, ал 150 жұмысшы коммунистік еңбек екіпінділері атағын алу жолындағы жарысқа түсіп, қажырлы еңбек етуде. Қазірдің өзінде 10 коллективке және 21 жұмысшыға мұндай құрметті атақ берілді.

Коммунистік еңбек жарысы өндірістің мәдениетін арттыруға, технологиялық тәртіпті берік сақтауға көмектесті. Сонымен бірге еңбекшілердің тұрмысына игі ықпалын тигізді, коммунистік жарысқа түскендер өздерінің бос уақыттарын мәдениетті өткізеді, олар жұмыста да, тұрмыста да бір-біріне көмектеседі.

Бірақ комбинаттың партия комитеті, кәсіподақ ұйымы, дирекциясы коммунистік жарысты ұйымдастыруда, оған басшылық етуде елеулі кемшіліктерге жол беріп келген. Коммунистік жарысқа қосылған жұмысшылардың саны комбинатта өте аз. Жарысқа қосылған кейбір коллективтердің алған міндеттемесінің олардың өткен жылғы алған міндеттемесінен айырмасы жоқ. Комбинаттың партия комитеті коммунистік еңбек бригадалары мүшелерінің оқып білім алуына жеткілікті көңіл бөлмей келген. Осының салдарынан техникумның және кешкі жұмысшы жастар мектебінің 48 оқушысы оқуды тастап кеткен. Жарысқа қатынасушылардың ішінде маскүнемдік, тұрмыстан азушылық фактілері бар.

Жақында Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы бұл мәселені қарап, Лениногор полиметалл комбинатының партия комитетіне коммунистік жарысқа басшылық ету ісіндегі кемшіліктерді жедел жоюды тапсырды. Облыстық партия комитеті жарысушы коллективтердің есептерін партия комитетінің мәжілістерінде, партия жиыналыстарында тыңдап талқылауды, олардың тәжірибесін кең таратуды міндеттеді. Сонымен қатар облыстық партия комитетінің бөлімдеріне, кәсіподақтың облыстық комитетіне коммунистік еңбек жарысының тәжірибесін тарататын кітапшалар, плакаттар шығаруды ұсынды.

## ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ КӨМЕГІ

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде Булаев ауданы колхоздары мен совхоздарының ет өндіру және мемлекетке сату жөніндегі социалистік міндеттемелерінің орындалу қорытындылары туралы облыстық қоғамдық комиссияның председателі Назарцев жолдастың мәлімдемесі тыңдалды.

Комиссия Чистов совхозында мемлекетке сапалы ет өткізу жөніндегі алған міндеттемесін ай сайын толық орындап отыруға бай мүмкіндік бар екенін айтты. Бірақ бұл совхоз ет тапсырудың бірінші тоқсандық жоспарын 31 процент қана орындаған.

Совет, Возвышен және басқа совхоздарда да жағдай осындай. Бұл совхоздардың директорлары мен бас зоотехниктері алынған міндеттемелердің мерзімінде орындалуына ешқандай қам жасамаған.

Облыстық партия комитетінің бюросы Булаев аудандық партия комитетіне, аудандық атқару комитетіне, совхоз директорларына, колхоз председателдеріне, бастауыш партия ұйымының секретарьларына қоғамдық комиссия ашқан кемшіліктерді жедел түзетуді тапсырды. Бұл үшін аудандық қоғамдық комиссияның жұмысын жандандыру, сонымен бірге барлық колхоздар мен совхоздарда да социалистік міндеттемелердің орындалуын қадағалап отыратын қоғамдық комиссиялар құру тапсырылды.

## СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЕМИНАРЫ

Ақмолада еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқару комитеті председателі орынбасарларының үшкүндік семинары болып өтті. Семинарға қатынасушылар: «КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін және 1960 жылғы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету ісіндегі жергілікті Советтердің ролі», «Облыстың колхоздары мен совхоздарында егін шаруашылығын жүргізудің ғылыми жолы», «Жүгері — жемшөптік негізгі дақыл», «Ауылшаруа-



шылық өнімдерінің түсер құнын кемітудің негізгі жолдары туралы» және Советтердің ұйымдастыру-көпшілік жұмысы және сауда, қоғамдық тамақтандыру орындарына басшылығы туралы, еңбекшілердің денсаулығын сақтау туралы және социалистік заңдылық пен қоғамдық тәртіпті нығайту туралы тағы басқа тақырыптарда лекциялар тыңдалды.

Семинардың соңында облыстық Совет атқару комитетінің председателі Жанғозин жолдас сөз сөйлеп, семинарға қатынасушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

### БАҒАЛЫ БАСТАМА

Сталинград облысының атақты шошқа өсірушісі Вера Ривачектің үлгісі

бойынша, Киров атындағы артельдің мүшесі Ораз Қабдолов жолдастың семьясы түгелдей товарлы-сүт фермасында жұмыс істеуге тілек білдірді. Қабдолов жолдастың өзі, әйелі және анасы үшеуі қарамағына 60 сауын сиыр алды. Олар әр сиырдан 1 400 литрден сүт сауақшы. Ал Қабдолов жолдастың қарындасы — Зәуре бұзау бағады.

Гурьев облысы Теңіз аудандық партия комитетінің бюросы Қабдолов жолдастың семьясының бағалы бастамасын қолдап, бастауыш партия ұйымдарының және колхоз басқармасына бұл бағалы бастаманы колхозшылардың арасында кеңінен талқылап, таратуды ұсынды.

## «ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІНІҢ» ДАБЫЛЫНАН KEЙІН

### «ТАҚЫРЫП ТҮГЕЛ, МАЗМҰН ЖҮДЕУ»

«Қазақстан коммунистінің» 1960 жылғы 2-номерінде осы тақырыппен жарияланған баспасөзге шолу Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газеті редакциясының жалпы жиналысында талқыланып, газеттің атына айтылған сын орынды деп табылды. Мақалада көрсетілген кемшіліктерді жойып, редакция жұмысын жақсарту жөнінде нақты шаралар белгіленгенін «Социалистік құрылыс» газеті редакторының орынбасары Т. Құрманғазиев жолдас бізге хабарлады.

### «ШАЛАҒАЙ, ДҮМБІЛЕЗ КІТАПШАЛАР»

Осы тақырыппен журналымыздың үстіміздегі жылғы 2-номерінде Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы шығарған бір топ кітапшаға, атап айтқанда, Ж. Қарақұсов, С. Кенжебаев және К. Чернов жолдастардың кітапшаларына сын мақала жарияланған болатын.

Бұл жөнінде журнал редакциясына Қоғам басқармасының жауапты секретары П. Кузьмин жолдас мынаны хабарлады:

Қоғам басқармасы жанындағы КПСС тарихы секциясының бюросы «Шалағай, дүмбілез кітапшалар» деген сын мақаланы өзінің мәжілісінде талқылап, ондағы сынды негізінен дұрыс деп тапты және алдағы уақытта шығарылатын лекциялардың мазмұнын жақсартуда бұл мақаланың үлкен көмегі болғанын атап көрсетті. Бюро кітапшалары сыналған авторларға келешекте сыннан тиісті қорытынды шығаруды тапсырды, сондай-ақ бұдан былай қолжазбалар ғылымның белгілі бір саласындағы бірнеше маманның дұрыс пікірі болмайынша бәсеуға ұсынылмайтын болсын деген шешімге келді.

1141249

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

16/V-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1/16</sup>—2,5 қ.—6,85 авт. т.

УГ03313. Тиражы 21670. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 322



# НАСИХАТШЫ МЕН ҮГІТШІГЕ ЖӘНЕ АТЕИСТКЕ КӨМЕКШІ

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

**КПСС XXI съезі коммунизм орнатудың теориялық мәселелері туралы.** Қазақ тілінде. Бағасы 1 сом 85 тиын. 6000 дана. Бұл жинаққа «Правда» газетінде «Коммунизм орнатудың теориялық проблемалары» деген рубрикамен 1959 ж. февраль, май айларында жарияланған мақалалар енген.

Жинақта мынадай мақалалар бар: «Социализмнен коммунизмге өту», «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау», «Социализмнің капитализммен экономикалық жарысының шешуші кезеңі», «Өндіргіш күштердің өсуі және социалистік өндірістік қатынастардың жетілдірілуі», «Совет мемлекеті коммунистік қоғам орнату ісін кең өрістетуге жүргізу дәуірінде», «Дүниежүзілік социалистік системаның дамуы мен нығайуы» т. б.

**Саяси оқу кабинеті — партиялық насихаттың орталығы.** Жинақ, Орыс тілінде. 203 бет. Бағасы 4 сом. Жинақта облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері секретарьларының, насихат және үгіт бөлімі, саяси оқу үйі менгерушілерінің мақалалары бар. Авторлар саяси оқуды ұйымдастыруда саяси оқу үйі жұмыс тәжірибесін ортаға салады.

**Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші кітапхана.** Қазақ тілінде. 10 баспа табақ. Бағасы 5 сом 25 тиын. Шағын жеке кітапшалардан құралатын бұл жинақта еңбекшілер арасында бұқаралық үгіт, лекциялық насихат, кадрлардың білімін арттыру жөніндегі тиімді әдістер, саяси жұмыстың ықпалын арттыру жолдары туралы баяндалады.

**Үгіт пункттері жұмысының түрлері мен әдістері.** Қазақ тілінде. 10 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

Кітапшада үгіт пункттерінің жұмыс тәжірибесі сөз болады, үгітшілерге құнды кеңес беріледі, тиімді ұсыныстар жасалады.

**К. БАЙҚОЖИН.** Насихатшыларды тәрбиелеу тәжірибесінен. Қазақ тілінде. 36 бет. Бағасы 45 тиын.

Кітапшада Семей облысының партия ұйымдарының және облыстық партия комитетінің насихатшылардың білімін көтеру, тәжірибесін арттыру жөніндегі жұмысы әңгімеленеді.

**Ә. ТОБАҒАБЫЛОВ.** Жаңа белесте. Қазақ тілінде. 62 бет. Бағасы 70 тиын.

Кітапшада КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумы, 1958 жылғы февраль Пленумы қаулы-қарарларының жергілікті жерлерде жүзеге асырылуы нақты мысалдармен дәлелденеді. Бұл жөнінде Аякөз аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесі баяндалады.

**Б. ПЕТРОВ.** Ұтымды сөз. (Партия қызметкерлері туралы очерктер). Орыс тілінде. 103 бет. Бағасы 1 сом 30 тиын. Кітапшада «Қауырт міндет», «Ұтымды сөз», «Үлгі көрсетудің күші», «Мектеп» деген және басқа очерктер бар. Очерктерде Солтүстік Қазақстан облысы партия ұйымдарының партиялық саяси жұмыстарының тәжірибесі айтылады.

**Д. ЧЕРЕПАНОВ.** Жырадағы тұман. Очерк. Орыс тілінде. 92 бет. Бағасы 1 сом 40 тиын. Очерктің авторы өзінің кітапшасында Шығыс Қазақстан облысындағы бір дін қауымның іс-әрекетін баяндайды және жақсы ұйымдастырылған атеистік насихат туралы айтады.

**Л. КЛИМОВИЧ.** Құран және оның мәні. Қазақ тілінде. 3 баспа табақ. Бағасы 70 тиын.

**М. ТИЕСОВ.** Сөз сүйектен өтеді. Қазақ тілінде. 4 баспа табақ. Бағасы 80 тиын. Кітапшада дінге қарсы түсінік жүргізетін үгітшінің шындықты тапқырлықпен айта білуі, тіл шеберлігі жөнінде баяндалады.

**Атеист лектордың кітапханасы.** Орыс тілінде. Жинақ шағын-шағын 13 кітапшадан құралған. Бағасы 5 сом.

## ҚАЗАҚ ССР САЯСИ ЖӘНЕ ҒЫЛМИ БІЛІМДЕР ТАРАТУ ҚОҒАМЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПШАЛАР

**З. БЛАҚБАЕВ.** Дін мораль мен коммунистік мораль туралы. Қазақ тілінде. 48 бет. Бағасы 90 тиын.

**Д. ҚІШІБЕКОВ, Ғ. УӘЛИХАНОВ.** Мұсылман дінінің әдет-ғұрыптары мен мейрамдары туралы. Қазақ тілінде. 42 бет. Бағасы 80 тиын.

**Л. К. КЛИМОВИЧ.** Ислам дінінің әдет-ғұрыптары мен әулиелерге табыну кәде-салттары. Қазақ тілінде. 61 бет. Бағасы 1 сом 15 тиын.

**С. НҰРМАҒАНБЕТОВ.** Мектепте және семьяда балаларға ғылыми-атеистік тәрбие беру жайында. Қазақ тілінде. 42 бет. Бағасы 80 тиын.



ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН  
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

*Қазақстан*  
**КОММУНИСІ**

журналына 1960 жылдың екінші  
жартысына жазылып қалыңыздар

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақала, лекция және консультация жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмысы жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының тәжірибесі қорытылады.

Журналда жергілікті газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолу, жаңа кітаптарға рецензия жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрағына жауап беріледі.

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

6 айға — 12 сом,

3 айға — 6 сом.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,  
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.